

*Мақсатым – тіл ұстартып,  
өнер шайпақ...*  
АБАЙ.



«Қазақ тілі мен  
әдебиеті» және  
«Ұлағат»  
жауапкершілігі  
шектеулі  
серіктестігінің  
ай сайын  
шығатын  
Республикалық  
ғылыми-  
педагогикалық,  
әдістемелік  
журналы

# ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ

1958 жылдың  
наурыз айынан  
бастап шығады

**3/2020**

**НАУРЫЗ**

---

## АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

*Құсиын Айтқалиев, Шәмша Беркімбаева,  
Жангара Дәдебаев, Гүлтас Құрманбаева,  
Мекемтас Мырзахметұлы, Қуандық Мәшіһүр Жүсіп,  
Нұрша Оразахынова, Бақтияр Сманов, Жансейіт Түймебаев,  
Рақымжан Тұрысбек, Нұргелді Уәлиұлы.*

## МАЗМҰНЫ

### Асылды тот баспас

П. С. АЛИМБЕКОВА. Сөзінен сұлу сарай соққан сомдап.....3

### Әдебиет және тарих

С. ОСПАНҰЛЫ,  
К.МЫРЗАҒАЛИЕВА. Алтынсарин есімі алыс шетелдерде.....26

### Абайтану

М. ӘБЛҰЛЫ. Абайдың жоқтау жырлары.....38  
Н. А. КЕМБАЕВ. Абай шығармаларының тәрбиелік мәні.....42  
М.С. КАМЗИНА. Абай шығармаларын оқытудың маңызы.....47

Р. ҚАРАБАСОВА,  
А. ТЕМИРБАЕВА,  
М.ТУРЛАЕВА. “Абайтану” таңдау курсында .....51

Г.ШӘНГІРБАЕВА,  
А.ОСПАНОВА,  
Г.ҚЫРАУБАЕВА. “Абайтану” таңдау курсында .....63  
А. Ж. ИСИНА. Дала данышпаны.....72  
Б.С. ШАКЕНОВА. Абай мен Пушкин.....77

### Ұлттық тәлім-тәрбие: рухани ұыз

Р. Т. ҚАУЫМБАЕВ. Халқымыздың салт-дәстүрлері және руханият.....82  
З.Т. МУХАМЕДЬЯРОВА. Отбасындағы рухани –адамгершілік құндылықтарды қалыптастырудағы шешендік сөздердің рөлі.....88

### Ізденген әсетер мұратқа

Г.ИБРАГИМ,  
Р.Б. БОРАШ. Тағылымы мол Доспамбет жырларын оқыту .....94  
Ж. Қ.ЗАКВАН. Ж.Нәжімеденов поэзиясындағы ұлттық рух және көркемдік шешім.....104

### Қазақ әдебиеті: озық тәжірибе, ортақ әдіс

Г.ҚҰЛЕКЕНОВА,  
Б.СҮЛЕЙМЕНОВА. Т.Ахтановтың “Шырағың сөнбесін” романы және өмірі .....114  
Ә.НИЕТАЛИНА. Бейімбет Майлин поэзиясындағы кедей тақырыбы. Мырқымбай бейнесі.....117

### Қазақ тілі: ортақ әдіс, озық тәжірибе

Ж. А. САҒЫНОВА. Күш атасы – Қажымұқан. Ырықсыз етіс.....126  
Б. Ш. ТАТАХАНОВА. Ата-бабаның асыл арманы не?.....134

### Кітапхана тынысы

Т.ТІЛЕУЛЕСОВ. Халықаралық кітап сыйлау мерекесі.....139  
А.К. ДЖАЛИМОВА. Поэзия әлемінде.....142

## Асылды тот баспас

П. С. АЛИМБЕКОВА,  
М. Әуезов мектеп-гимназиясының  
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.  
Жамбыл облысы,  
Сарысу ауданы,  
Жаңатас қаласы

## СӨЗІНЕН СҰЛУ САРАЙ СОҚҚАН СОМДАП

«Біз «Жаныңда жүр жақсы адам» деген сөздің байыбына бара бермейміз. Шын мәнінде, Тәуелсіздік дәуірінде өзінің еңбегімен, білімімен, өнерімен озып шыққан қаншама замандастарымыз бар. Олардың жүріп өткен жолдары – кез келген статистикадан артық көрсеткіш» деген сөздерді «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласынан оқыған кезде, шынында да, өз айналамызда біз танымай жүрген, еңбегін елемей жүрген, өнерін насихаттай алмай жүрген ерекше жандар бар шығар деген ойға келдім. Содан бастап өз туған жерімнің мәдениетін, әдебиетін оқып, зерттеуді әдетке айналдырдым. Расында да, бұрын мән бермей жүрген көп дүниелерге кезіктім. Соның ішінде менің көңілімді ерекше аударып, жүрегімді жаулаған бір туындылар болды. Ол – ақын Асылбек Саттаровтың *жыр жинақтары еді.*

«Қазақ – ақын халық» дейміз, Абайша айтқанда: «Өлеңге әркімнің-ақ бар таласы». Мен бүгін сөз етіп, өлеңдеріне талдау жасауға талпыныс жасап отырған ақын да «өлеңге таласы бар» көп қазақтың бірі емес, керісінше, өлең өлкесінен өз орнын алғандардың қатарынан деп білемін.

Асылбек Саттаровтың бұған дейін жарық көрген «Сұлулық», «Нұрлы әлем», «Аққу жүрек – серігі аққу жүрек», «Уа, дүние, бармын мен!» атты өлеңдер жинақтарын оқырман қауым ыстық ықыласпен

қабылдаған.

Ақын өзі туралы өлеңінде:

*Білемісің сен мені?*

*Білгің келсе, біліп ал.*

*Ойы – өрелі, еңселі,*

*Мен ақынмын, жыры – бал.*

*Туа бітті жасымнан,*

*Өзім болып өлеңім.*

*От уыстап жасыннан,*

*Жарқылдаумен келемін,* – дейді. Расында

да, ақынның жасынның жарқылындай өлеңдерін оқыған кезде азаматтық пен адамгершілікті асқақ мұраты санаған жүрек сырлары шынайы болмысымен қымбат та құнды екендігін поэзия сүйер қауым бірден түсінеді. Ақын барлық тақырыпты қамтыған деуге болады. Шығармаларында өмір жайлы философиялық ой түйіндеп, өмірге өз көзқарасымен баға беруге тырысқан. Әрбір туындысынан атойлап көрініс беріп тұратын туған жеріне, еліне деген отаншылдық сезімі өзгенің де жүрегіне өзгеше рух сыйлайды.

Ақынның ерекше образды, бейнелі сөз кестесін барлық туындыларынан көруге болады. Мысалы, мына бір әдемі метафораларға көңіл аударайықшы.

*«Мен – қазақтың, бар қазақ – ар-намысым,*

*Бауыр етім, жүрегім, арда арысым».*

**(«Қазағыммен қазақтың»)**

*...Айналайын Отаным – махаббатым,*

*Әлемдегі жұмағым – бақ абатым.*

*Тіршілігім, тынысым, ауам да сен,*

*Таңы арайлы самал жел тарататын,–*

**(«Отаным – махаббатым»)**

деген шумақтардан ақынның ізденіс іздері, көзқарас мұраттары, көркемдік көкжиегі анық көрінеді.

*«Енді ойласам ғұмыр да аққан сел екен,*

*Буырқанып саябырсып тоқтайтын», – деп,*

өзіміз мән бере бермейтін тіршілік заңының ащы шындығын **метафораны** әдемі қолдана отырып, алдымызға жайып салады. Ғұмырды аққан селге балай отырып, оның да бір күні тоқтайтынын еске салады. Ақын өлеңдерін оқыған кезде өмірге деген көзқарасыңды өзгертіп, аз ғұмырды босқа өткізбеуге тырысасың.

*«Көрмедім сендей ерді, аяулы артық,*

*Көрмеген ашу-бұлттан жай ойнатып»*

**(«Күн мінез»)**

деген жолдар маған тіптен ерекше көрінді. Ашуды жай ойнататын бұлтқа балау арқылы **метафораны** ұтымды пайдалана білген.

Ақын өлеңдерін оқып отырсақ, **кейіптеу, теңеу, эпитет секілді көркемдегіш тәсілдің түр-түрін** табуға болады. Мысалы, *«дәл өзіңдей, бақтай көріп, бөрідей, қыран бүркіт үлгісіндей, садағындай жебелі, Төлебидей, таудай, нұрлы шуақтай, құлдай, алыбындай, ордасындай, суретші суретіндей, сұлудың күлкісіндей, жұмақтың шаһарындай, арыстандай, серіппедей»* секілді **теңеу сөздерді** көптеп кездестіруге болады.

**Эпитет – ақынның көп қолданатын поэтик тілінің бірі.** Әсіресе, адамның не басқа өмір құбылысының сырт кескінін суреттемекші, портретін жасамақшы болса, эпитетті пайдаланады. *«Отты өлең, қыран текті бұл қазақ, айдарлы ел, таза ар, отты жыр, сәби көңіл, ерке өзен, арайлы таң, жасыл желек, сырышыл таң, жұпар иіс, әнші тау, шағала бұлт»* секілді эпитеттер заттың, құбылыстың айрықша сипатын, сапасын анықтайтын суретті сөз ретінде орнымен қолданылған.

*«Шерге толы кеудені тазарта алмай,*

*Жылауық жыр басады зарлы айқайға»,*

– деген жолдағы **«жылауық жыр» – сын есім мен зат есімнің тіркесі арқылы жасалған эпитет.** Кейіпкердің жан-дүниесіндегі жанайқайды дәл беріп тұр. Сондай-ақ, *«Тентектерге тентектік жасай алмай, Жасық ұят сырттанып, жан тасалап»* деген жолдағы **«жасық ұят»**

*секілді жаңаша жасалған эпитет* оқырман көңіліне ерекше әсер береді. Ақын мұндай тыңнан тіркес құрау тәсілінен тайсалмайды. Ол авторлық айқындамаларды еркін қолданады.

Ақын шығармашылығында сөздің әсерлілігін арттыратын *троптың (құбылту) түрлері көп. Оның бір түрі – гипербола (ұлғайту)*. Мысалы:

*«Кеудесін шаң қаптырмай шыңдарым да,  
Бұлттарын жалаулатып көк тірейді»*  
**(«Тыныштық – ырыс-құт»)**

*«...Ешқашанда ешкімнің  
Қолы жетпес Айды алдым».*  
**(«Абыройлы күндерің»)**

*«Ғарыштың кемесімен Айға қонып,  
Жеңістің желбіреттім туын шыңда».*  
**(«Тәуба»)**

*«Ай тудырып оңынан,  
Жұлдызын да соңынан.  
Жақынын да алысын,  
Таңқалдырып ажары»*  
**(«Шүкіршілік»)**

*«Тау қопарып, тасты да үгіп өтердей,  
Жігерімді намысыма қайрадым», -*  
**(«Ту»)**

деген жолдарда *гипербола арқылы* іс-әрекетті, бейнені шамадан тыс ұлғайтып көрсетеді. Айды алып, оң-солынан Ай мен жұлдызды тудырады, бұлттары көк тірейді, тау қопарып, тасты үгеді. *«От уыстап жасыннан, Жарқылдаумен келемін»* дейді *«Білемісің сен мені?» өлеңінде. Сондай-ақ, литота әдісін де әдемі қолдана біледі. Литота (кішірейту) – ұлғайтылған құбылысты енді құлдырата кішірейтіп көрсетеді.* Мысалы:

*Абай ғана ұлы ақын – алып нағыз,  
Даналықтың дарағы – дарынды абыз.  
Алдында оның біз деген ақын емес,*

*Шала тілді шүлдірлек «батырлармыз, –  
(«Абай ғана»)*

деп, өзін Абай алдында тым кішірейте көрсетеді. Бұл да – өлеңге ажар беріп тұрған әдістің бірі.

Ақын кейде жансыз табиғат құбылысын кәдімгі тірі адамға, жан иесіне ұқсатып, жандандыра, құлпырта суреттейді. *Әдебиеттегі мұндай тәсілді кейінтеу деп атайды.* *«Құлпырып түрлі-түсті гүлмен бірге, Айнала сөйлеп жатыр көркем тілде», «Дүние таңғажайып әнге айналып, Сырлы саз тербетеді бұл ғаламды»* деген жолдарды оқыған сәтте көз алдына көркем тілмен сөйлеп жатқан, әні мен сазы ғаламды тербетіп тұрған табиғат бейне тірі жан сияқты елестейді. *«Күлімдеп көктен күнің, самал желің, Аймалап қарсы алып тұр желің мені», «Шалықтап күле берді сәби көңіл, Тамаша күй кешкендей жөргегінде»* деген жолдағы *«сәби көңіл»* сөзі – **эпитет**, *«тамаша күй кешкендей» – теңеу*, ал *«көктегі күн мен самал желдің аймалап қарсы алуы, адам көңілінің шалықтап күле беруі» – кейінтеу* деуге болады. **Яғни, бір шумақ өлең тұтасымен көркемдегіш тәсілдерден құрылған.** Бұл ақынның тіл шеберлігін көрсетеді. *«Сұлудың күлкісіндей сылдыр қағып, Ерке Есіл жалт-жұлт етіп мың бұралып»* деген жолдарды оқыған сәтте ерке Есіл сұлу қыздың бейнесіне еніп кетеді. *«Түнгі шам, түнгі жұлдыз жымыңдасып»* – адам секілді жымыңдап тұрған жұлдыз бен шам, *«Аймалап арулары сұлулықтың, Самалың қытықтаса есіп желең»* – сұлулық аруға айналып, самал жел қытықтап жатуы еріксіз көз алдына тірі табиғатты елестетеді. Сондай-ақ, *«Сыңсыған орманынан жұпар иіс», «Еркелеп аққу мойын шағала бұлт», «Әнші тау әнін шырқап қарсы алғанда»* **секілді кейінтеулер мен эпитет** өлең жолдарына нәр беріп, әрін ашқандай. Мына шумақ өлең тұтастай көркемдегіш тәсілдерге құрылған деуге болады:

*Арал аштым бергісіз жұмағыңа,  
Кәл-кәусардай тұп-тұнық бұлағы да.  
Қызыққандай дүние – ару-Аспан,*

Тағып алып Ай-сырға құлағына.

**(«Жүрегімнің желісін шыңға тарттым»)**

Мұндағы «кәл-кәусардай, қызыққандай» сөзі – **теңеу**, «тұп-тұнық» – **эпитет**, «аспанның қызығуы мен құлағына сырға тағып алуы» – **кейіптеу**, «аспанды аруға, Айды сырғаға» балауы – **метафора** деуге болады. «Сөзінен сұлу сарай соққан сомдап» дейтіннің нағыз өзі. Қалай суреттесе де өлеңнің көркемдігін асыра түседі. Алайда нені жырласа да, қалай суреттесе де өзіне таныс ортадан алыс кетпейді, ұлттық бояу, ұлттық нақыш әр шумақтан көрініс табады. Мысалы, «Алшы тұрып кенейің» сөзі бірнеше жерде қолданылады. «Алшы тұру, кеней» сөздері – **асық ойнап өскен қазақ баласына таныс ұғым**. Сақасы алшы тұрған әрбір бала бақытты болмаушы ма еді? Ұлтымызға тән осы психологияны «Құтты болсын ұлы той!», «Шүкіршілік» өлеңдерінде еліміздің қуанышын жеткізу үшін орайын тауып қолдана білген. Сондай-ақ, «Азамат» өлеңіндегі «Кедергіге қарамай, Көшті бастап келесің» деген жолдарды оқыған кезде, ең далада еркін өскен көшпенді ата-бабамыздың тіршілігі көз алдыға елестейді. Ақын «көшті бастау» сөзін ауыспалы мағынада қолданса да, ұлттық бояу шынайылығымен еріксіз тартады. **«Шетелдікпен танысу жырында»:**

*«Шетелдік дос!*

*Кел, кел, төрлет!..*

*...Әніңді де айт,*

*Қонақ кәде бар мұнда!»*, – дейді.

«Қонақ кәде» дәстүрі тек біздің халыққа ғана тән ерекшелік шығар. Ал **«Көкпар» өлеңі** тіпті керемет деуге болады.

*...Серкені жерден жатқан алу керек,*

*Тақымға шапшаңдықпен басу керек.*

*Сытылып содан кейін қарсыластан,*

*Олжаны қазандыққа салу керек.*

Өзімізге таныс ұлттық ойын бір сәтте поэзияға айналып шыға келеді. Тек өзімізге ғана тән ерекшелік басқа қырынан келіп көңілімізге нұр құяды, көз алдыңнан кино лентасындай

көкпар ойыны өтіп жатады. «*Ертегі алыбындай, барыстай, тарамыстай, қабыландай, серке тұлыбындай*» секілді **теңеулерді** ұтымды қолдана отырып, ұлттық ойынымызды тек ойын деп қана қарамай, ер жігітті ерлікке, ептілікке, төзімділікке шыңдайтын спорттың ерекше түрі екендігін асқан шеберлікпен жеткізе біледі.

Ақынның өз Отанына, туған жеріне деген шексіз сүйіспеншілігі жырларының өн бойында өріліп жатыр. **«Отаным – махаббатым», «Тәуелсіз ел – қазағымыз», «Білемісің, ағайын», «Нұрлы әлем», «Қазақстан», «Алаш азаматтарына», «Жасай бер мәңгі, Астанам!», «Айналайын Атамекен – құт мекен!», «Тыныштық-ырыс-құт-берекет», «Босаңсымайық», «Отан», «Қазақ», «Қазағыммен қазақпын», «Болмысы бүкіл Алаштың», «Тәуба»** секілді өлеңдерін зерттей отырып, оның көркем сөздің құнын түсінетін, нағыз қазаққа тән сөз қолданысы мен мінезі бар ақын екендігін таныдым.

*«Шыққан күнге сүйсініп қарап келем,*

*Бойын тіктеп кеудемде дарақты өлең»,* – деген

ақын сөзі оның терең ойлылығын, ұлтжандылығы мен адамгершілігін танытады. Әдетте **«дарақты» сөзін** қазіргі жастар қолдана бермейді. Парсы тілінен енген дарақ сөзі **«биік өскен ағаш, терек» деген мағынаны** білдіреді. Биік боп жалғыз өскен немесе бастау басында өскен ағаштарды кие тұту «Әулие ағаш» ұғымымен астасады екен. Осы сөзді ауыспалы мағынада «дарақты өлең» деп алған ақын шеберлігі ерекше көңіл аударады. Сондай-ақ, **«Тәуелсіздік таңы» өлеңінде** «*тұлпарлардың тұяғы болып мен де, Әр таңыммен ашылды тынысым да*» деп, **«тұлпарлардың тұяғы» тіркесі арқылы метонимия тәсілін (алмастыру)** ұтымды пайдаланған.

Жаратылыс, табиғат – таңғажайып. Табиғат тақырыбына қалам тартпаған қаламгер кемде-кем шығар. Алайда Асылбек Саттаровтың жырларын оқыған сәтте көз алдыға тірі табиғат келе қалады. **«Ақкөл», «Шілде», «Көкті бұлт басты кенет», «Нөсер», «Қаратау күзі», «Қарлығашым», «Қыс»,**

«Жаңбырлы түнде», «Күн батарда», «Дала», «Наурыз – жаңа жыл», «Сезім эскизі», «Боранда», «Қайың», «Бурабай көлінде», т.б. өлеңдерінде табиғат сұлулығы мен жаратылыс құбылысын, адамзат болмысының құпия сырын ой елегінен, ақын жүрегінің сүзгісінен өткізеді. Мысалы, **«Жемісуды көрдің бе?» өлеңінде** туған жердің топырағынан нәр алып өскен түрлі өсімдіктің аттарын өлең шумақтарына әдемі кірістіріп, табиғаттың бар байлығын көркемдегіш тәсілдің түр-түрін қолдана отырып керемет жеткізе білген.

*«Сап түзеп шырғанағы, барғынды, ырғай,  
Үйеңкі, тораңғысы, балғын шырғай.  
Долана, жидек, үшқат, арша, тұмар,  
Ақ қайың, қызыл қайың, барша шынар.*

*Қараған, бозқараған, емен, терек,  
Қара тал, сары ағаш, сөңке, сөгет.  
Тобылғы, бауыр құрты, шеңгел, шетен,  
Кетпестей тамырласып еткен мекен».*

*«Өскендей көкті бойлап қол ұстасып,  
Көктерек, шырша, қайың, қарағайлар».  
«Шұбыртар сілекейін тәбетіңнің,  
Алма, алмұрт, жиде, шиеш, доланасы».*

Бұл шумақтардан барлық өсімдік пен тал-теректердің түрін тауып алуға болады. Ал соны қисынын тауып қиюластырған ақын шеберлігіне тәнті болмай қоймайсың. Сонымен қатар, кейіптеу мен эпитетті де тамаша қолдана білген. **«Сыңсыған орманынан жұпар иіс», «Еркелеп аққу мойын шағала бұлт», «Әнші тау әнін шырқап қарсы алғанда»** деген жолдарды оқыған сәтте табиғатқа жан біткендей сезініп, көз алдына адам секілді сыңсып тұрған орман, еркелеген бұлт, ән шырқаған әнші тау елестейді. **«Көз жасындай, жазғандай, патшадайын, шипалы емдей»** секілді **теңеу** сөздердің өзі өлең жолдарының ажарын аша түседі. Ақынның тіл шеберлігі деген осы емес пе?! Ал **«Қаршыға» өлеңінің** мына шумағы тұтастай **эпитетке** құрылған:

*Бүркіттей қырағы ол да текті қыңыр,  
Жіптіктей қол-аяғы етті жұмыр.  
Тым шапшаң қырғи тектес шабуылда,  
Келеді батыл қызба, етті шымыр.*

Мұндай шумақтарды Абай атамыздың **«Шоқпардай кекілі бар, қамыс құлақ» өлеңіндегі** керемет тұлпарды суреттеуінен ғана кездестірген едім. **«Қаршыға кішкене құс жұдырықтай, бүркіттей, садақтың жесбесіндей, доптай қағып»** деген **теңеу сөздер** арқылы құстың алғыр қасиетін айнытпай көз алдына әкеп көрсетеді.

Достық, махаббат тақырыбындағы жырларына **«Досқа сыр», «Менің таудай жүрегім», «Аққу-жүрек», «Пәкиза қыз», «Сағыныштан сарғайдым», «Кел деші», «Жүрмін зой күтіп тек сені», «Тартылыс», «Өмірімнің күнісің», «Сенсіз өмір қараңғы түн»,** т.б. өлеңдерін жатқызуға болады. Махаббатты жырламайтын ақын болмас. Ол ақынның жас мөлшеріне қарамайды. Сондықтанда ақын:

*Алла –тағдыр не жазбас маңдайларға,  
Соғыларын кім білер қандай жарға.  
Әжім басып, жүзімнен әр тайғанда,  
Ғашық болдым мен саған қартайғанда, –*  
**(«Өзің гана»)**

деп, адамның адам екенін білдіретін осы бір аяулы да қасиетті сезімге **«Аққу жүрек – серігі аққу жүрек»** атты тұтас бір кітабын арнаған. Шындығында, махаббаттың күшіне бағынбайтын жан болмайды. Махаббат – тылсым дүние.

**«Сағындырып жүрсің зой» атты өлеңінде:**

*Сағындырып біттің зой, сағындырып,  
Қандай күшпен жүр едің табындырып.  
Өзіңменен бір тұрып, бір жүретін,  
Қашан, жаным, атады таңым күліп?–*

дейді. **Мұнан артық іңкәрлік, берілгендік, сүйгені үшін өзін-өзі құрбан ету бола ма?!**

*Есейін самалың боп аймалаған,  
Қарасын қызғанышпен айнала, маң.*

*Күлімдеп жақындашы назыңменен,  
Өкпелеп қабақ шытсын Ай да маған, –*

**(«Ғайыптан табылғандай шын арманым»)**

деп, шынайы махаббат, қалтқысыз сүйіспеншілік сезімін ерекше ораммен жеткізеді. Ақын жырларын оқып отырған кезде, оның өзіне ғана тән соны соқпағы, ерекшелігі бар, нағыз поэзия жасаушысы екеніне көзіңіз жетеді.

Ақын! Ақын деген қоғамдағы қарапайым адам байқай бермейтін көп жайларды бірінші байқайды. Байқайды да келеңсіз жайларға жаны ауырады, жан жылытар жайларға балаша қуанады. Жаны ауырса да, жүрегі жылыса да сол сәт қаламға жүгінеді. Халық санасына осы арқылы бір саңылау тапқысы келеді. Міне, осы жерде барып нағыз поэзия дүниеге келеді. Асылбек Саттаров ақынның өлеңдерін оқып отырып, осыны ұққандай боласыз. Ол ерте бастан-ақ өзіне тән жазу стилі мен сөз құрамы, тіл байлығы бар жан болды. Өндіре жазды, өршелене жазды, өз ортасынан алатын ақындық орнын айқындап алды. Тақырып таңдауы әржақты, идеясы айқын, кең тынысты ақын ауылда жүріп-ақ өз шыңын, өз биігін көздей білді. Жібек жіптей есіліп тұратын жырларын оқу да, тыңдау да, түсіну де аса қиын емес. Өйткені ақын өлеңді сол ел үшін жазады. Елдің іші-бауырына кіре отырып, сырбаз өлеңмен сырласуға шақырады. Оқырманмен бірге дала кезеді, тау асады, тарихты ақтарады.

*Қара бақыр тиынға жарамайтын,*

*Кімге керек сөзі елге тарамайтын.*

*Түсініксіз өзіне, басқаға да,*

*Жырсымаққа пысқырып қарамаймын, –*

деп жырлаған ақын жүректен шыққан жырларымен ауылдың, елдің мәдениетін асқақтатып жүр. Өлеңдеріне бірнеше ән де жазылды. **«Сағыныш әні», «Жүрек лүпілі», «Жерұйығым – Жамбылым», «Арман әні» өлеңдеріне** бірнеше сазгерлер ән жазған екен. Бұл – өзінше бір зерттеуді қажет ететін жеке сала. Жазған жырларын санға байламай, сазға бөледі.

*Ішінде өз орны бар ірілердің,  
Санаулы ақындардың бірі менмін.  
Хабаршы желмаядай жортып келем,  
Жырыммен жеткізуге сырын елдің, –*

**(« Ақын зой текті жырдың текті анасы»)**

деп, адам жанының шыңырау түкпірінде жатқан құпия сырлары мен сиқырлы сезімдерін парасатты поэзияда ерекше нәзік нақыштармен жыр жолдарына түсіре білген ақын биыл 80 жасқа толып отыр. 45 жыл өмірін мектепте ұстаздық етумен өткізіп, ендігі жерде өмірден көрген-түйгенін поэзия тілімен жеткізіп келеді.

*«Болдым ба, болмадым ба дарынды, отты*

*Сарала оны, оқушым – асыл текті», –* деп төрелігін оқырманның өзіне қалдырған жанның жүректен шыққан жырлары жүректерге жетері сөзсіз.



### **ҚҰРМЕТТІ ҰСТАЗДАР!**

Әдетте айтамыз, “Ел іші – өнер кеніші” – деп. Расымен де, солай ғой. Байқалмай, байқатпай, көзге түспей, көзге түскісі де келмей жүрген арамызда нағыз тума таланттар қанишама?! П.С. Алимбекованың “Сөзінен сұлу сарай соққан сомдап” атты мақаласын оқып отырып, “Біздің журнал бүкіл болмысымен тілге, әдебиетке арналған. Неге ел ішіндегі осындай жарқырап шыға алмай жүрген өнер иелеріне журналдан орын бермеске?!” – деген оймен сіздерге де ұсыныс айтқым келеді. Мүмкін сіздің де қасыңызда сондай ерекше адам жүрген шығар, жай ғана байқап, қарап көріңізші. Бүкіл әлемге атын танытпасақ та, қалай ойлайсыздар, танылуына серпін береміз, иә...?!

Алдыңғы мақаланың бас кейіпкері – А.Саттаров ағамыздың шығармашылығымен таныс болыңыздар!

#### **Құрметпен журнал редакторы.**

Асылбек Саттаров 1940 жылы 25 сәуірде Жамбыл облысы Сарысу ауданы Игілік аулында дүниеге келген. 1960 жылы Алматы педагогикалық шет тілдер институтына (АПИИЯ) түсіп, 1964 жылы ағылшын тілі пәні бойынша мамандық алып шықты. 1964-1969 жылдары Меркі ауданындағы Трубицин атындағы орыс орта мектебінде ұстаздық қызмет атқарды. 1969 жылдан бастап өзінің туған жері Саудакент аулында, қазіргі Б. Адамбаев атындағы орта мектебіне ауысып, ағылшын тілі пәнінен дәріс беріп келді. Өзінің еңбек жолында Асылбек Саттаров аудандық, облыстық, Республикалық дәрежедегі бірнеше мадақтамалармен және дипломдармен бірге «ҚР білім беру ісінің үздігі» тәсбелгісімен марапатталған. Сонымен қатар «Сарысу ауданының құрметті азаматы» тәсбелгісінің иегері.

Асылбек Саттаров 12 жасынан бастап поэзия саласында да өзіндік қолтаңбасын қалдыра бастаған. Лирикалық, патриоттық тақырыптарда жазған шығармалары аудандық, облыстық, Республикалық газет-журналдарда жарияланып, бірнеше жыр мұшәйраларының жүлдегері атанған. Шығармаларын оқыған жан ақынның философиялық ой түйіндеу мен сөзбен сурет салудың қас шебері екендігін аңғарады.

Ақынның алғашқы «Сұлулық» атты жыр жинағы «Алматы. Қаз ақпарат» баспасынан 2008 жылы шығып, оқырмандар қолына тиді. Ал, кемінде 2 кітаптың жүгін көтеріп тұрған «Нұрлы әлем» атты жыр жинағы 2015 жылы «Тараз» баспасынан шығып, оқырмандардың ыстық ықыласына бөленді. Қазір бұл кітап ҚР Президентінің жеке кітап қорына сақталуға алынған. 2018 жылы «Аққу жүрек – серігі аққу жүрек» атты лирикалық жыр жинағы, 2019 жылы «Уа, дүние, бармын мен!» өлеңдер жинағы Тараз қаласы «Қарахан РБО» баспасынан жарық көріп, оқырман қолына тиді. 45 жыл ұстаздық қызмет атқарған арқалы ақын 80 жасқа толып отыр.

### **80-НІҢ ӨЗ КӨЗІМЕН ҚАРАП ТҰРМЫН**

Болып ем жақсылыққа адал тұтқын,  
Шуағын жанға жайлы қалап нұрдың.  
Өлеңнің құлы болып мына әлемге,  
80-нің өз көзімен қарап тұрмын.

Алайда көзі болмай арамдықтың,  
Өзі мен сөзі болдым адалдықтың.  
Бағым да, бақытым да сол ғой менің,  
Керегі жоқ қой басқа маған түктің.

Қарттықтың өз пайымы, өз десімен,  
80-нің көре алатын өз көзімен.



*Жасауын алтындатып, күмістетіп,  
Барады болашаққа өз көшімен.*

*Кез келген қиындықты жеңе білер,  
Түйінді құрмеуі көп шеше білер.  
Төрінен кемелдіктің қарап 80,  
Қиыннан қиыстырып өлең өрер.*

*Мұңыма мұңды қосып еселеген,  
Жазып ем рухты асқақ көшелі өлең.  
Биіктеп кешегіден бүгінгі өрем,  
Жазғанмын, жаза берем өрелі өлең.*

*Келсе де 80 түгіл тоқсаныңа,  
Ақынның жыры рухты тоқтады ма?  
Тоқтаған емес, тоқтап қалмайды да,  
Айналып туған елдің жыр-бағына.*

*Тірінің тірлігінде қала ма арман,  
Жетермін жүзіңе де қаласа Аллам.  
Еңсесі сол жүзіңнің биік болғай,  
Биіктің биігімен таласа алған.*

*Ашқандай ақындықта ер сымбатын,  
Алла өзі берсін қуат, берсін шабыт.  
Жүздің де жас жүрегін жарқыратып,  
Өкшелеп бақ-береке ерсін бақыт.*

\*\*\*

*Келсе-дағы жас шыбық майысқақты,  
Көнтеріліп келе ме қайыс қатты.  
Осы жасқа келгенше тепкі көрген,  
Қабырғасы 80-нің қайыспапты.*

*Тегеурінді сонда да қайраты – нар,  
Сесті-сұсты сонда да айбары бар.  
Көңіл-дөнен жарысқан уақытпен,  
Сұлу көрсе әлі де сайтаны бар.*

*Бұл 80-нің желігі басылмаған,  
Серілікке адал құл – асыл ма адам?!  
Оқырманын қуантар әлі талай,  
Сырларымен бөлісер ашылмаған.*

*Айтары бар әлі де абыз болып,  
Абыз болып қалардай аңыз болып.  
Айта алмаса айтарын 80-інде,  
Несіне жүр Асылбек ақын болып?!*

*Көңіл бөлгін сондықтан ақыныңа,  
Келе жатқан ілесіп ағымыңа.  
Сен 80-нің қарама қарттығына,  
Қара оның елден бөлек дарынына!*

### **БӘЙГЕТОРЫ**

*Өз атының озғанын қаламас кім,  
Бәйгеторды бәйгеге дара қостым.  
Құлагерін күткендей Ақан сері,  
Мен де күттім түбінен Қарақостың.*

*Аламандай бәйгі үшін жаратылған,  
Таза қанды аттанды дара туған.  
Төрт аяғын тең тастап жарыстарда,  
Жері жоқ-ты дұшпанға таба қылған.*

*Өз міндетін білетін межесінде,  
Қас жүйріктің екені ол ел есінде.  
Үдететін қарқынын шапқан сайын,  
Орта жолдың асар тұс белесінде.*

*«Балғабайлап» ұрандап алға шықсаң,  
Көкке атылған құстай-ды самғап ұшқан.  
Жаза түсіп бауырын келуші еді,  
Жаратқандай Тәңірім ар-намыстан.*

«Қандай күйде басымен бала алысқан?»  
Дегізгендей көрінер дара алыстан.  
Қамшы сипар салдырмас тұлпар еді,  
Үдей түсер шағында алақызған.

Көрінетін қашанда үзіп қара,  
Ышқындырып соңында Сүлікқара.  
Бәсекеге туғандай екеуі де,  
Тамашаға батардай бүкіл дала.

Оқ бойы озып әлі де келе жатыр,  
Үстіндегі қиқулап бала батыр.  
Құлагердей қапыда мерт болмаса,  
Бірінші боп жетеді қара да тұр!

Деп шуласып жататын жанкүйері,  
Пырақ еді қанатты - ат киелі .  
Келген сайын бәйгеден оқ бойы озық,  
Құрбандыққа шалардай ақ түйені.

### **ТҮСІРЕДІ БЕЛГІСІЗ КҮЙГЕ МЕНІ**

Сиреп кетіп барады құрдастарым,  
Бала күнгі достарым, сырластарым.  
Айбын еді әрбірі асқар таудай,  
Тілегі бір тілеуім, жыр-дастаным.

Азайып-ақ барады қатарларым,  
Ойландырып, мұңайтып, атар таңым.  
Өртенгендей от тиіп орман бағым,  
Орындарын сипалап таба алмадым.

Кетіп жатса қимас дос, тұстастарың,  
Мұңға бөлеп кімдердің қыспас жанын.  
Бір тықырдың таянып қалғандығын,  
Сездіргендей қабарды күзгі аспаным.

Тұстастардың қатары сирегені,  
Қабырғаның сөгіліп күйрегені.  
Айырардай айналам қызығынан,  
Түсіреді белгісіз күйге мені.

### **ТУҒАН КҮНІМ 25-СІ СӘУІРДІҢ**

Туған күнім 25-сі сәуірдің.  
Құлақтыға айтары бар дәуірмін.  
Шуағы мол, қуаты мол жылғытар,  
Сәуір-жырдың сертіменен ауырдым.

Иә, солай, жер көгертер Сәуірдің,  
Шуақ төгер күн нұрымен бауырмын.  
Сәуір болып жылытамын тоңсаңыз,  
Қатерінен сақтап қарлы жауынның.

Көкке ұшқандай қыстан қалған ауыр мұң,  
Көктем келсе шуағымен Сәуірдің,  
Ауыр мұңнан арылтқандай шуақты  
Жандарменен келеді ылғи қауышқым.

Оятатын ұйқысынан сананың,  
Мен сүйемін шуақты ойдың адамын.  
Шуақты ойдың адамы зой қашанда,  
Көңіліңді қай кезде де табатын.

Сәуір, көктем жайлы күнін сыйлаған,  
Шақта маңай гүлге оранып шираған.  
Сәуір сынды жайлы болып маңайға,  
Болайықшы, уа, ағайын, сыйлы, адал!

Арттырғандай қасиетін Сәуірдің,  
Шуағы мол Күн нұрымен бауырмын.  
Сондықтан да Сәуір сынды жандармен,  
Ынтымағы, бірлігі бір қауыммын.

## **АНА ТІЛІМ**

*Ана тілім – өмірім, шыбын жаным,  
Ол – жүрегім, жұлыным ұғынғаным.  
Ұнатпаймын мен оған қауіп төніп,  
Жараланып қатерге ұрынғанын.*

*Ана тілім – қуатым, ар-намысым,  
Ол – қаруым, құралым, мақтанышым.  
Ол болмаса қадірім қайдан артып,  
Қайдан асар жүзеге арман ісім.*

*Ана тілмен әр сөзім мағыналы,  
Базыналы, жырым да қазыналы.  
Ана тілмен халықпын, іргелі елмін,  
Ана тілмен қазақың танымалы.*

*Ана тілсіз кетер ме бағым жаным,  
Дей алмаймын жүрем деп Бақыт тауып.  
Жасалса егер тіліме қысымшылық,  
Елге төнген сол дер ем нағыз қауіп.*

*Ата-бабам қалдырған нақыл, жыр-ән,  
Тіл-тарихым, шежірем - асыл мұрам.  
Қасиеттеп, қастерлеп өтем оны,  
Қорласа да мың мәрте басымды ылаң.*

*Ана тілсіз кіммін мен? Түк те емеспін!  
Түкте емеспін, белгілі ұлт емеспін.  
Теңізінен айрылған жердей болып,  
Шөлге айналып, көгеріп гүлдемеспін.*

*Ана тілсіз ұғынар жайыңды кім?  
Ана тілсіз болмайды пайымды ұлың.  
Бұл шындығы өмірдің бұлтартпайтын,  
Болсын тілге қашанда қайырлы күн?!*

*Шамаң жетсе көп тілді меңгер мейлің,  
Бірақ тілді бұзғанды жөн көрмеймін.*

*Еміп өскен ана тіл - ана сүтін,  
Ештеңеге ешқашан теңгермеймін.*

## **КӨКПАР**

*Ертегі алыбындай шыдамы ерен,  
Болған ба жігітке ерлік, сірә, бөтен?!  
Бұл қазақ атқа қонса көкпар тартып,  
Айналып Кентаврға шыға келер.*

*Қашанда бәсеке, ерлік, егес жолы,  
Намыссыз, жігерсіздің секем соры.  
Мықтының мықтылығын айқындайтын,  
Бұл көкпар кез-келгеннің емес қолы.*

*Серкені жерде жатқан алу керек,  
Тақымға шапшаңдықпен басу керек.  
Сытылып содан кейін қарсыластан,  
Олжаны қазандыққа салу керек.*

*Мұндайда алды-артыңды орай күткен,  
Қарсы жақ жіберсін бе оңайлықпен.  
Қақпайлап бірін-бірі ортаға алса,  
Ешкімге бола қоймас қолай мүлдем.*

*Атылып аңдысқан жақ тап барыстай,  
Сіресіп тартысқанда тарамыстай,  
Жіберсін оңайлықпен кім намысын,  
Қар талып, бүгіліп бел, жақ қарыспай?!*

*Серкені қабыландай жұлқығанда,  
Ұқсап бір белін бермес құдды нарға.  
Кетсе де шат айрылып шыдау керек,  
Қарсының боялғандай мұрты қанға.*

*Азуға қамшы тістеп айқасқанда,  
Кімнің кім екендігін байқасқанда.  
Айла да, күш те керек көкпаршыға,  
Әдісі шығарғандай айды аспанға.*

*Бұл да өмір текетірес алыстырған,  
Үзеңгі шіреп, тізе қағыстырған.  
Жеңіске жету үшін намыстары,  
Негізгі бір мақсатқа табыстырған.*

*Жігерлі, ойлы, сергек, болған еркін,  
Қашанда әдіс-айла қорғаны ердің.  
Сондықтан өлі серке тұлыбындай,  
Ездікпен бола көрме көкпары елдің.*

*Мұндайда тағылмастай мін серіге,  
Сайлы ма ер-тұрманың мінгеніңе?  
Мінгенің әрі есті жануар ма,  
Түспеген құйрық-жалы тірсегіне?*

*Қауіпті қатерлерден сақтанатын,  
Аттың да міндеті зор атқаратын.  
Мінгені мықты, жүйрік, есті болса,  
Жөні бар көкпаршының мақтанатын.  
Тұсы да аз болмайды бақ жанатын.*

### **ШАЙТАНКӨЛ**

*Мекені Бұғылы тау Шайтанкөлдің,  
Айналған аңызына аймақты елдің.  
Бір көрген екінші рет орнын таппай,  
Дейді екен адасып қап: «Қайдан көрдім?»*

*Жұмбағын шешпек болып анық көлдің,  
Ерінбей мен де оны барып көрдім.  
Жан-жағын қоршап алған тал-қайыңдар,  
Екен ол қарағайлы басында өрдің.*

*Құпия жұмбағы көп әр тасында,  
Қалғандай болдым бір сәт жар басында.  
Ұқсайды тостағанға ұясы оның,  
Тасалау жақпар тастың қалқасында.*

*Басында ұшар таудың шұғылалы,*

*Жарқырап көл айдыны құбылады.  
Тесіліп қарағандай әлдебіреу,  
Қорқыныш үрей болып бұғынады.*

*Тым-тырыс құлаққа ұрған танадайын,  
Қоршаған селт етпейді қара қайың.  
Жел де жоқ, сыбыс та жоқ, дыбыс та жоқ,  
Жалтақтап жан-жағыма қарамайын.*

*Жақпарлы гранитті жартаспенен,  
Қоршалған хош иісті орманменен.  
Көл суы сіңбейді екен асты тастақ,  
Қаншама қар, жаңбырмен толғанменен.*

*Мәңгілік мекені етіп төс бауырлап,  
Көргеннің қызықтырып көз жауын ап.  
Басында ұшар таудың жатыр екен,  
Күш алып құбылғандай өз тауынан.*

*Суы оның жанар таудың сөндірілген,  
Ұқсайды өзегіне тіпті мүлдем.  
Тұрғандай қадамыңды аңдып бейне,  
Үн-түнсіз құпиялы мың күбірмен.*

*Жан кіріп түнге қарай осы көлге,  
Мінезін танытады тосын өзге.  
Еріксіз күшейгендей таңданасың  
Үрейдің көрінгендей қосы көзге.*

*Бір тылсым құбылыстар пайда болып,  
Бұл көлге кететіндей Ай да қонып.  
Шымырлап тұла бойың дір етесің,  
Ғайыптың кететіндей сайтаны ұрып.*

*Осындай жұмбағымен сыр шертеді,  
Айтардай ел түрлі аңыз, түрлі ертегі.  
Затына аты да сай дегізгендей,  
Бір тылсым құбылыспен түрленбелі.*

Жұмбағы бөлек тылсым даралықты,  
Көргенде ел көргендей тың жаңалықты.  
Әйтеуір мың құбылған қасиетімен,  
Осы көл «Шайтанкөл» деп аталыпты.

Мекені Бұғылы тау Шайтанкөлдің,  
Айналған аңызына аймақты елдің.  
Бір көрген екінші рет орнын таппай,  
Дейді екен таңданыспен: «Қайдан көрдім?».

### САУДАКЕНТ

Саудакент! Сеніменен тағдырлы елім,  
Шежірең дестелеген тағдыр легін.  
Шыңғысхан, Қоқанға да қарсы шауып,  
Атанған қайтпас қайсар, батыр тегім.

Жауласқан екі жақтың егесінде,  
Сол шақтың қан майданы әлі есімде.  
«Саудакент», «Ақкесене», «Қостөбелер»,  
Айналған өкініштің төбесіне.

«Күлтөбең» шөккен нардың өркешіндей,  
Тарихтың ашылмаған өлкесіндей.  
Ойымды түрлі саққа жүгірмеді,  
Жасырын қазынаның көмбесіндей.

Саудакент, не көрмеген басың мына,  
Зорлық пен қиянаттың гасырында.  
Тапталып тұяқтардың табанына,  
Өткерген жауыздықтың тасырын да.

Бүгінде затың да арман, атың да арман,  
Тарихта өшпес мәңгі атың қалған.  
Торабын тоғыз жолдың тоғыстырып,  
Көрікті елге айналып бағың жанған.

Қоқанды көзі көрген Шоқай датқа,  
Шақырып тұр бүгінде арай баққа.

Біқылас таратып тұр қобызымен,  
Ұранды, сазды күйін бар аймаққа.

Ел-жұрттың көгерерде көсегесі,  
Кімдердің не көрмейді пешенесі?!  
Рухты рухымды көтеріп тұр,  
Еңселі Ысты-Тілік кесенесі.

Жеріңнің төлге толған кең даласы,  
Қашанда елді емізер текті анасы.  
Байлығын қазыналы ашып жатыр,  
Атанып Жаңатасың – кен қаласы.

Бұйыртқан ризығын – жан нәсібін,  
Еңбекқор еліме ашып бақ та есігін.  
Тәуелсіз ел болғалы Қазақ елі,  
Түзетіп жаңартуда талбесігін.

Болса да жазың – ыстық, қысың – қатал,  
Мен үшін сен жанасың Мысыр Шаһар.  
Тұрса да шөлің қысып, сағым буып,  
Жетпейді еш жер саған мысың басар.

Шипалы, дауа ауасы, ессе желі,  
Шабыттың ақтарылар десте өлеңі.  
Көңілдің көзі ашылып сүйінгеннен,  
Өрнекті оюдан ой кестелейді.

Туған жер, сен зой саям, алтын бағым,  
Мүмкін бе шалшық судай сарқылмағым.  
Арайлы әрбір атқан таңыңменен,  
«Бүркітті» қыраныңдай саңқылдадым.

Мекені өзің барда дарындардың,  
Өшпейтін отты жыр боп жалындармын.  
Өзіңде туғандығым қандай бақыт,  
Бірімін ақындықта бағы бардың!

**АСЫЛБЕК САТТАРОВ.**

С. ОСПАНҰЛЫ,  
ҚМПУ ф.ғ.к.,  
профессор.  
К.МЫРЗАҒАЛИЕВА,  
ҚМПУ ф.ғ.к.,  
профессор.  
Қостанай қаласы

## АЛТЫНСАРИН ЕСІМІ АЛЫС ШЕТЕЛДЕРДЕ

### Аңдатпа

Мақалада Америка, Лейпциг, Түркия, Монғолия, Қытай, Мажарстан ғалымдарының Б. Алтынсарин жайындағы ой-пікірлері айтылады.

**Түйінді сөздер:** Америка, Лейпциг, Қытай, Б. Алтынсарин, ағартушы, ғалым, аудармашы, мектеп.

1967 жылы Америкадағы Колумбия университетінің профессорлары Эдвард Аллуорт, Ян Муррей Мэтли, Карл Х. Мэнгес шәкірттерімен бірлесіп Нью-Йоркте ағылшын тілінде **«Орталық Азия орыс билеген жылдарда»** деген кітап шығарыпты. Онда Орта Азия халықтары мен қазақ халқының орыстар билеген ғасырда экономикалық, саяси, мәдени даму жолдары, мәдениеті, әдебиеті, халықтың ұлттық сана-сезімінің оянуы жайында нақты мысалдар келтіріле отырылып әңгіме қозғалады.

Осы кітапта *«Ахмет Байтұрсынов – арлы, саналы, намысты ортадан шығып, орысша оқып, еліне жанашыр, қайырымды, ізгілік жолында болған*

*азаматтардың бірі»* делініп, оның өткен ғасырдағы үш ағартушы- Шоқан, Ыбырай, Абайлардың ісін ХХ ғасыр басында жалғастырушы екені айтылады [61,175 б.]

Эдвард Аллуорттың 2016 жылы Мәскеуде орыс тілінде жарық көрген «Россия: прорыв на Восток. Политические интересы в Средней Азии» деп аталатын кітабында да Шоқан, Ыбырай, Абай аттары аталып, олардың көшбасшылығы әр қайсысына жеке тоқтала отырылып жеткізіледі. Ыбырай Алтынсарин туралы *«Ол этнограф, педагог, В.И. Ильминскийдің қолдауымен қазақ әдебиетінің өсіп-өркендеуіне үлес қосқан және орыс әдебиеті үлгілерін қазақ тіліне тұңғыш аударғандардың бірі»*[2,153б.], – делінеді.

Осы кітаптың 304-бетінде автор қостанайлық Ибраһим (Ыбырай) Алтынсариннің қазақтың қажырлы мұғалімі әрі ақыны екендігін, 1950-1957 жылдар аралығында Орынбордағы аудармашылар дайындайтын (Автор Ыбырай оқыған Орынбордағы 7 жылдық мектепті осылай атапты-С.О.) орыс мектебінде білім алғанын Мұхаммед Мири, Ибраһим (Ыбырай) Алтынсарин, Абай Құнанбаев және тағы басқа ағартушылардың халықты рухани тұрғыдан оятып, сауаттарын ашуды алдарына негізгі мақсат етіп қойғанын айтады. *«Көзі ашық кейінгі ұрпақ бұл ағартушылардың идеяларын саналарына сіңіріп, эгалитаризм идеялары негізінде әлеуметтік және саяси жаңалықтарға ден қойып, тың өзгерістерге қол жеткізген жадидтер болды»*, – дейді.

Филология ғылымдарының докторы, профессор Шәмшиябану Сәтбаева 1967 жылы Лейпцигте *«Совет*

Одағы халықтарының әдебиеті» деп аталатын кітапта «Қазақ әдебиеті» бөлімі бар екенін, бұл бөлімді жазған неміс ғалымы Э. Хексельшпедер қазақ әдебиетінің фольклордан бастап осы күнге дейінгі (1960 жылдарға дейінгі – С.О.) даму тарихын объективті ғылыми түрде баяндағанын айтады. Сонымен қатар бұл кітапта, – деп жазады Ш.Сәтбаева, – қазақ елінің озық орыс мәдениетімен байланысының прогрессшіл маңызы, XIX ғасыр әдебиетінің ағартушылық бағытта дамуы, қазақтың тұңғыш ұлы ғалымы Шоқан Уәлиханов қызметінің рөлі және «әрі аудармашы, әрі балалар жазушысы, әрі педагог, орыс алфавитіне негізделген шрифті жасаушыларының бірі» Ыбырай Алтынсарин туралы мәліметтер бар, – дейді [3, 211-212 бб.].

Автордың «әрі аудармашы, әрі балалар жазушысы, әрі педагог, орыс алфавитіне негізделген шрифті жасаушыларының бірі» деген сөйлемді тырнақшаға алып жазуына қарағанда, бұл сөздер осы Лейпцигте шыққан кітаптан алынғандығынан болар. Тек келесі кезеңде ғана татарлар ықпалы сезілді», – деп баға берген болатын, – деп жазады [62, 140 б.].

**Валиди Туған** 1940 жылы Түркияда түрік тілінде жарық көрген «**Түркістан және оның жақын тарихы**» кітабында Ыбырай Алтынсариннің 1889 жылдың 20 ақпанында В.В Катириинскийге жазған хатындағы: «Біздің Бессонов Александр Григорьевич, сірә есінен айрылған болар деймін. Өйтпесе, оның өз оқушыларына істеген сорақылықтарын басқаша түсіне алатын емесін. Бақсам, ол оқушылар мектебінің 3-ші және 4-класстарында, оқушылардың

қарсы болуына қарамастан, бір ай бойы інжіл мен оның парыздарын уағыздай бастапты» деген жолдарды келтіріп, орыстардың бұратана халықтарды оқытудағы саясатының сырын ашып көрсетіп: «Ы. Алтынсарин қазақ халқына ислам қағидаларын үйрету үшін «Мұсылманишылықтың тұтқасы» («Шариат-ул-ислам») атты кітап жазған тұңғыш қазақ. Ол өзінің соңғы демі біткенше мұсылмандыққа берілген қалпынан таймаған жан»[ 4,-276 б.], – деп жазады.

Бұл кітаптың бірінші томы 2014 жылы (көлемі 276 б.), екінші томы «**Бөгәнғө төркиле Төркөстан һәм яқын тарихы**» деген атпен (көлемі 400 б.) Уфада «Китаб» баспасынан 2015 жылы башқұрт тілінде басылып шықты.

Әхметзәки Вәлиди Туған (Әхмәдзәки Әхмәтшаһұлы Валидов) – Башқұртстанда Оралдың оңтүстігіндегі Көзән ауылында 1890 жылы 10 желтоқсанда туған.

Ташкенттің Түркістан Орталық съезі Валидиді Түркістан Ұлттық Кеңесінің хатшылығына және «Кенгеш» газетінің бас редакторлығына, 1917 жылы мамырда Мәскеудегі Бүкілресейлік мұсылман съезінде Ресей мұсылмандарының Орталық Кеңесінің мүшесі етіп сайлады.

1925 жылы Түрік Үкіметі Валидиді Анқараға білім Министрлігіне кеңесші лауазымына шақырып, Түрік азаматтылығын алады. 1946 жылы «Түркітің жалпы тарихы бойынша кіріспе», 1940 және 1947 жылы «Бүгінгі Түркістан және өткен тарихы» атты ірі еңбегі басылып шыққан.

**Философия ғылымдарының докторы, профессор.**

1970 жылғы 26 шілдеде қайтыс болды, Стамбулдың

Каража-Әхмәт зиратына жерленген.

*А.Әбдікәрім (Монғол Халық Республикасы) «Алтынсариннің педагогикалық ілімдерін МХР қазақ мектептерінде насихаттау барысы»* деген мақаласында Монғолияда алғаш қазақтың ұлттық аймағы орнап, ұлттық қазақ мектептер қалыптаса бастаған 1940 жылдары қазақ жастарын білімге, өнерге құштар етіп тәрбиелеу мақсатын айқындауда Ы.Алтынсариннің педагогикалық көзқарастарының игі әсері тигенін, оқу жоспарын, жеке пәндердің бағдарламаларын жасап, соған сәйкес оқулықтар дайындауда да Ы.Алтынсарин ілімдеріне сүйенгендерін айтады. Ұлы ұстаз мұраларының МХР қазақ мектептерінің қалыптасуына үлкен әсер еткенін жан-жақты ашып көрсетіп, қазақ мектебінде оқитын, мектепті бітірген шәкірттердің бәрі Ыбырайды жақсы білетінін, оның «Кел, балалар, оқылық!» өлеңін жатқа айтатынын, Ыбырайдың тәлімдік-тәрбиелік мәні зор әңгімелері мен өлеңдерін мектептердегі тәрбие үйірмелерінде және сыныптан тыс жүргізілетін жұмыстарда талқылайтындарын мақтанышпен жеткізеді.

*«Ы.Алтынсарин мектепте тәрбие жұмыстарын ана тілінде, ұлттық тәлім-тәрбие негіздеріне сүйене жүргізіп келгені сол халықтың ұлттық салт-сана, дәстүр, әдет-ғұрыптарын, тілін сақтап, халқына деген сүйіспеншілігі артатынын көре білуі қазір Монғолиядағы қазақ мектептерінің практикасында өз нәтижесін беруде»* – дейді автор «Рауан», «Демеу», 1991.-144 б.].

Мақала иесінің ой-пікіріне Ы.Алтынсариннің

педагогикалық көзқарастарын, сонымен бірге шығармаларын да жақсы білетіні, ұлы ұстазға бүйрегі бұрып, ардақ тұтатыны мен мұндалап тұр.

Осы сияқты *Қытай Халық республикасында Шәушекте тұратын қазақтар да Ыбырай мен Ахметті жақсы біледі.* Оған 2012 жылы Алматының «Мектеп» баспасынан шыққан Г.Дулатованың *«Шындық шырағы» кітабындағы* 1970 жылдары қазақ Ғылым академиясының Тіл білімі институтында қызмет істеген Балқаш Бафиннің мына сөздері куә: *«Біз өзіміз сауатымызды Байтұрсыновтың оқу құралымен ашқанбыз. Қытай қазақтары осы күнге дейін (1979 жылға дейін-С.О.) араб әрпімен жазып оқыды.»*[Қиысқан Қ. Ыбырай бабамызды түркі дүниесі тану керек // Қостанай таңы, 22 шілде 2014.]

*Қазақ елін, тарихын, әдебиеті мен мәдениетін шет елдерге насихаттап, танытып жүрген қандастарымыздың бірі – Әбдіуақап Қара.* Ол Түркиядағы Мимар Синан көркемөнер университетінің профессоры, тарих ғылымдарының докторы, түркітанушы, мұстафатанушы. 1961 жылы 19 қарашада Стамбұл қаласында дүниеге келген. 1982 жылы Боғазичи университетінің электроника бөлімін, 1986 жылы Стамбұл университетінің тарих факультетін бітірген. 1986-1988 жылдары Стамбұлда «Қазақ түркілері қорында» басқару алқасы мүшелігіне сайланады. 1987-1988 жылдары Стамбұлдағы Осман Мемлекеті мұрағатында, 1988-1995 жылдары Германияның Мюнхен қаласындағы «Азаттық» радиосының қазақ редакциясында жұмыс істеді. 1994 жылдары Мюнхен қаласында «Еуропа Қазақтары»



деген атпен кітапша шығарған. 1995 жылы Германиядан Түркияға қайтып, Мимар Синан университетіне оқытушы және ғылыми қызметкер ретінде жұмысқа кірді. 1997 жылы осы университетте «1986 жылғы Желтоқсан оқиғалары» атты магистрлік, 2002 жылы «Мұстафа Шоқайдың өмірі мен күресі» тақырыбында докторлық диссертация қорғады. Осы жылдың қараша айында докторлық диссертациясы «Түркістан жалыны. Мұстафа Шоқайдың өмірі мен күресі» деген атпен Стамбұлда жарық көрді. 2004 жылы бұл кітап қазақшаға аударылып, «Мұстафа Шоқай. өмірі, күресі, шығармашылығы» деген атпен Алматыда «Арыс» баспасынан басылып шықты.

Ә.Қара 2014 жылы Қостанай облысына келген сапарында облыстық газеттің тілшісі Қыдырбек Қиысқанұлымен сұхбатында Түркияда тұратын шәкірттері PhD докторлары Жандос Құрманбаев, Ұшқын Сейдрахмандардың Мұстафа Шоқайдың саяси өмірі мен қызметін зерттеп жүргендерін, Ыбырай Алтынсарин жайында 2015 жылы түрік тілінде еңбек жарық көретінін, еңбекті жаңа мағлұматтармен толықтыра түсу үшін Қостанайдан Ұлы бабамыз туралы тың деректер жинап алып бара жатқанын айтқан еді[6].

Ә. Қараның осы сөздерінен-ақ оның бір мақсат-мүддесі – қазақтың ұлы тұлғаларын түрік дүниесіне таныту екенін, сол жолда ерекше атап айтарлықтай жұмыс тындырып жүргенін аңғарған болатынбыз.

Ғалым сөзінде тұрды. 2015 жылы Түркияда Ә. Қараның алғысөзімен Екрем Аянның **«Қазақ әдебиетінің тұңғышы Ыбырай Алтынсарин»** атты кітабы жарыққа шықты.

Екрем Аян 10 қарашада Йсшилисарда туып, сонда орта және жоғары білім алған.

1993 жылы Мугла университетінің өнер және ғылым факультетінде Қазіргі түрік диалектілері мен әдебиеті кафедрасына оқуға түсіп, оны 1997 жылы бітіріп шығады. Сол жылы өзі оқыған кафедраға ғылыми қызметкер болып орналасады. Университеттің әлеуметтік ғылымдар институтының Солтүстік-Батыс (Қыпшақ) бөлімінде магистратурада оқып, әлеуметтік ғылымдар магистрі ғылыми дәрежесін алады.

2003-2004 оқу жылында түрік тілі мен либералистика кафедрасында Түрік әлемі ғылыми-зерттеу институтының Эгей университетінде оқып, 2008 жылы **«Ыбырай Алтынсарин әңгімелері және поэзия тілі» деген тақырыпта** диссертация қорғайды, PhD докторы, Екрем Аян бұл күнде Мугли Сытки Кочман университеті әдебиет факультетінде қазіргі түрік диалектісі және әдебиет кафедрасының Солтүстік-Батыс (Қыпшақ) бөлімінің бастығы.

Оның 2015 жылы түрік тілді басылымдар баспасынан **«Абай Құнанбаев дәуір айнасы» (Абайдың қарасөздері туралы)**, сол жылы Asmaalti академиялық басылымдар баспасынан ( редакторы Әбдулақап Қара. 1- басылым 327 б.) **«Қазақ дастандары» атты кітаптары** жарық көрген.

«Қазақ әдебиетінің тұңғышы Ыбырай Алтынсарин» кітабы Ә. Қараның алғысөзімен басталады. Алғысөзде Ұлы ұстаздың қысқаша өмірбаяны беріліп, атқарған қызметі, ғылым-білімге құштар жас Ыбырайдың В.В. Григорьев кітапханасына жиі барып, білімін көтере түскені, Н.И. Ильминский

екеуінің арасындағы байланыс жайында сөз болады. *«Христиан дінін қазақтар арасында тарату үшін араб әріптерін кирилица әріптерімен ауыстыруға тырысқан Ильминский Алтынсаринге қатты әсер етті. Ильминскийдің ықпалымен қазақ әдеби тілінің теориялық және практикалық дамуы жолында жұмыс істей бастады»*, – дей келіп, автор Ильминскийдің миссионерлік әрекетін Ыбырайдың қолдамағанын, қайта қарсы шығып, «Мұсылманшылықтың тұтқасы» кітабын жазғанын баян етеді.

Одан әрі Ә. Қара Екрем Аянның кітабы жайында пікір білдіріп: Бұл Түркиядағы Ыбырай Алтынсарин өмірі мен қызметі туралы ауқымды жұмыс екенін, *«Қазақ хрестоматиясы» кітабының түрік тіліне тұңғыш аударылып беріліп отырғанын, Е. Аян қазақ тілінде жазылған мәтіннен ауытқымауға, сөздік қорын, дыбысталуын сақтауға тырысқанын айтып, «нәтижесінде 800 бетке жуық жұмыс пайда болды*, – дейді.

Алғысөз **«Ыбырай Алтынсарин – қазақ елінің гана емес, бүкіл түркі әлеміне ортақ ұлы тұлға»** деген пікірмен түйінделеді.

Алғысөзден кейін кітап «Кіріспе», «Өмірі», «Еңбектері», «Қазақ антологиясы» – «Қазақ хрестоматиясы», «Мұсылманшылықтың тұтқасы», «Оқу құралы», «Орынбор облысындағы қазақтардың өлген кісіні жерлеу және ас беру ғұрыптары мен Орынбор облысындағы қазақтардың қыз ұзатуы мен үйлену ғұрыптары», «Қазақ» газеті, «Ыбырай Алтынсариннің қазақ әдебиетіндегі орны», «Тіл шеберлігі», «Ыбырай Алтынсарин және Николай Иванович Ильминский»

деген тараулар мен тараушаларға бөлінеді. Оларда не айтылатынын тақырыптарынан-ақ аңғару қиын емес.

Жинақ соңында «Әңгімелері мен өлеңдері» делініп, «Қазақ хрестоматиясына» енген шығармалары түгел аударылып берілген.

Еңбектің «Қосымшасынан» Ыбырай жазған кейбір хаттардың нұсқаларын, мәтіндерге мысалдар, ұлы ұстаз портреті мен отбасымен, шәкірттерімен түскен, сондай-ақ Қостанайдағы Ыбырай Алтынсарин меомериалдық музейі мен кесенесінің, 1879 жылы алғаш Орынборда басылған «Қазақ хрестоматиясы» кітабына енген өлеңдердің түпнұсқаларының суреттерін көруге болады [Ауан Е. Modern Kazak Edebiyatiniñ Oncusu İbiray Altinsarin. BILGE KULTUR SANAT, 2015. -800 б.].

Кітап негізінен Ә. Дербісәлин, Ғ.Балғынбаев, Б.Әбілқасымов, Қ.Жұмалиев, Т. Қордабаев, Б.Сүлейменов, Х.Сүйіншәлиев, М.Жармұхамедов, У. Қалижанұлы, С. Садырбаев, С.Мақпыров, С.Хасанова, т.б. ыбырайтанушы ғалымдардың еңбектеріне сүйеніп жазылған. Сондықтан да қазақ оқырмандары үшін айтарлықтай жаңалығы жоқ. Кітап шығарудағы басты мақсат – Ыбырай Алтынсаринді түрік дүниесіне таныстыру. Сол мақсат толық орындалған.

Шыңғыс жорығы кезінде Карпап қойнауындағы Мадиярлар арасынан пана тапқан құман-қыпшақ жұртының тумасы Мандоки Қоңыр Иштван есімі бүкіл түркі дүниесіне таныс. Осы Қоңыр Иштванның жан досы Андраш Келемен «Ана тілі» газетінің 2019 жылғы 14-20 ақпан аралығында (№ 6 (1472) жарық көрген **«Қазақ тілінің өміршеңдігіне күмән келтірмеді» деген естелігінде «XIX ғасырдың ортасында**

орыстандырудың ең соңғы әрекеті Тың игеруге дейінгі барлық зардаптарға қарамастан ұлтты біріктіретін қуатты құралы қазақ тілінің күшейетіндігіне сендік, – деп жазады. Өз ана тілін білмейтіндерді, тіпті сөйлемейтіндерді әрдайым сынайтын Иштван қазақ тілінің қуаты мен өміршеңдігіне бір мысқал да шәк келтірмейді.

**Ол XIX ғасырдағы Ш.Уәлиханов, Ы Алтынсарин, Абай сияқты ұлыларды тудырған халықтың қуатты ұлтқа айналып, нығаятынына нақ сенді.** «Біз Мажарстан өз тарихымызда ұлттың әдеби тілі дегеніміз азаттықтың ең басты алғышарты екендігін бастан кешірген жұртпыз, ал дәл осы мәселені XIX-XX ғасырда А.Байтұрсынұлының «Қазақ» газеті бетінде ұран етуі кездейсоқтық емес» – дейтін Пишта. Андраш Келеменнің мамандығы – дәрігер. Кезінде ұлттық құндылықтарды дәріптейтін ұлтшыл бағыттағы қауымның белді мүшесі болған. Ол коммунистік жүйе дағдарысы тұсында Мадияр Демократиялық Форумы саяси қозғалысын қолдаушылар қатарында жүрген. 1990-2010 жылдары Мажарстан парламентінің мүшелігіне сайланған. 1990 жылдан мемлекеттік қызметке ауысып, Мажарстан Әлеуметтік қамсыздандыру министрлігінің, кейін Сыртқы істер министрлігінің жауапты хатшы қызметтерін атқарған, көптеген қоғамдық және ұлт өміріндегі маңызды бастамаларды жүзеге асыруға атсалысқан аса ықпалды саясаткер тұлғалардың бірі.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Аллуорд Э., Ян Муррей Мэтли, Карл Х. Орталық Азия орыстар билеген ғасырда Колумбия

университетінің баспасы, -Нью-Йорк және Лондон, 1967.

2. Аллуорд Э.Россия: прорыв на Восток. Политические интересы в Средней Азии / Пер. с англ. Л. А.Игоровского. М.: ЗАО Центр-полиграф, 2016.

3. Сәтбаева Ш. Әдебиет- ел елшісі әдеби байланыстар, -Алматы, «Жазушы», 1974.

4. Вәлиди Т. Түркістан және оның жақын тарихы. Түркия, 1940.

5. Әбдікәрім А. Алтынсариннің педагогикалық ілімдерін МХР қазақ мектептерінде насихаттау барысы «Ы. Алтынсарин тәлім-тәрбиелік мұрасы және қазіргі мектеп мәселелері» атты республикалық ғылыми-практикалық конференциясының баяндамалары мен хабарламаларының тезистері. –Алматы, «Рауан», «Демеу», 1991.

6. Қиысқан Қ. Ыбырай бабамызды Түрік дүниесі тану керек // Қостанай таңы, 22 шілде, 2014.

7. Ауап Е. Modern Kazak Edebiyatinin Oncusu Ibiray Altinsarin. BILGE KULTUR SANAT, 2015.

8. Келемен А. Қазақ тілінің өміршеңдігі күмән келтірмейді. // Ана тілі, № 6 (1472), 2019.

## АБАЙДЫҢ ЖОҚТАУ ЖЫРЛАРЫ

Абай ақын ғана емес, Абай аудармашы ғана емес, Абай сазгер ғана емес, Абай прозашы ғана емес, Абай философ ғана емес, Абай – қазақ халқының салт-дәстүрлерін құрмет тұтушы, қазақтың салт-дәстүрлерін өскелең ұрпаққа жеткізуші, қазақтың салт-дәстүрлерін дамытушы, ауыз әдебиетін жинаушы. Абайдың өз халқына деген, өз ұлтына деген сүйіспеншілігі, өз ұлтына деген жанашырлығы оның азаматтық тұлғасын уақыт өткен сайын биіктете беретіні сөзсіз. Біз осы орайда Абайдың жоқтау жырлары туралы аз-кем өз пікірімізді білдіргіміз келді. Қазақтың жоқтау жырлары туралы белгілі ғалымдар А. Байтұрсынұлы, Б. Уақатов, Ө. Марғұлан, Т. Арынов т.б. тұщымды пікірлер айтып, азды-көпті ғылыми еңбектер жазған.

Жоқтау жырлары ежелгі түркі дәуірінен қалыптасқан жанр. Орта ғасырда Қашқарлық Махмұт (Махмұт Қашғари) ежелгі сақ дәуірінің жәдігері Алып ер Тұңғаны жоқтау жырын ел аузынан жазып алғаны белгілі. Жоқтау жыры "Қорқыт Ата кітабында" да кездеседі.

Абайдың бір топ жоқтау жырлары А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты ұсынған Алматыдағы "Жазушы" баспасынан 2007-жылы жарық көрген "Қазақтың бұрынғыдан қалған сөзі" (бата, жоқтау, жұбату, көңіл айту, естірту) деген атпен жарық көрген кітапқа енгізілген. Бұл кітапқа Абайдың баласы

Әбдірахманға арнап жазған жоқтау жырлары "*Жиырма жеті жасында...*", "*Талаптың мініп тұлпарын...*", "*Тұл бойың ұят-ар едің...*", "*Орынсызды айтпаған...*", "*Кешегі өткен ер Әбіш...*", "*Арғы атасы қажы еді...*", Әбдірахманның әйелі Мағыштың Абай шығарып берген жоқтау жыры, інісі Оспанның қазасына байланысты шығарған "*Кешегі Оспан ағасы...*" атты жоқтау жырлары енгізілген.

Ақынның қабырғасын қайыстырып кеткен баласы Әбдірахманның өлімі еді. Әрине, Әбдірахманның өлімі Абайды есеңгіретіп тастады. Балаларының өлімін қазақтың маңдайына біткен ақыны Абай қасқайып тұрып қарсы алды. Қаралы көңілін, қаралы жанын өлеңмен жұбатты. Мынау дүниенің әділетсіз екеніне көзі жетті. Өз халқына шапағат іздеген ақын өз халқынан жапа шекті, жетесіздер соққыға жығып, басын жарды, жаны күйзеліске ұшырап, жанындай сүйетін аяулы ұлына көз жасымен бірге жүрегінен шымырлап шыққан, шаншып, шапшып шыққан өлең сөздерін төге берді, төге берді...

*... Дүниелікке көңілі тоқ,  
Ағайынға бауырмал.  
Тәкәппар, жалған-онда жоқ  
Айнымас жүрек, күлкің-бал.*

*Ғылым оқып білгенше,  
Тыным, тыныштық таппаған.  
Дүниені кезіп көргенше,  
Рақат іздеп жатпаған...*

Ақын ұлының тым ерте кеткеніне қайғырды, асыл армандар мен алтын мақсаттар сағымға айналды. Ақын бұл қайғыны "Тағдыр сыны" деп қабылдады. Бірақ өмірден түңілген жоқ. Өмір оны түңілдірді.

Жоқтау жырды оқып отырсаңыз, көз алдыңызға байлыққа қызыға қоймайтын, адал, адамгершілігі мол, туған-туыстарға бауырмал, ақ жарқын, жүзінен күлкі кетпейтін, жалғандыққа жаны қас, ғылым-білім үйренуге талпынып тұратын, дүниеге құштарлығы ерекше Әбдірахман көз алдыға келе қалады.

Қайран ақын жан жүрегін жаралаған ажал оғының Әбдірахманға тигеніне аһ ұрды. Қаймана қазақ қамы үшін жанашырлық танытып, оқу-білімді меңгеруге, надандықты тастап, нағыз адам ретінде өмір сүруге шақырған ақын жүрегі жаралы еді. Тек көз жасына, күйзеліспен, кеудені тырнаған ащы мұңмен арпалысып жатты. Бұл арпалыстың өзін алып тынатынын байқаған да жоқ.

Әбдірахман о дүниелік болатынын күні бұрын болжаған екен. Өзіл-шыны аралас айтып жүретін көрінеді. Мұны Абай мына жоқтау жолдарында жазады:

*...Петербургта-ақ кідірмей,  
Біліпті дерттің барлығын.  
Тәуекел ғып білдірмей,  
Күтіпсің Тәңір жарлығын.*

*Қалжыңы, шыны аралас,  
Өмірім аз деп білдіріп.  
Бөтен көзден көрсе жас,  
Ойнаймын деп күлдіріп.*

Қазақтың жоқтау жырларының тәрбиелік мәні бар. Жоқтау жырларда о дүниелік болып кеткен адамның елге, халыққа жасаған үлгілі істері жырланады. Оның халық алдындағы келбеті, батырлық, қаһармандық істері, елге жасаған жақсылығы өскелең ұрпақтарға үлгі болсын деген мақсатпен жырланады. Кейбір жоқтау жырлар дидактикалық сарында айтылады. Мысалы,

Әбдірахманның қазасына арнап жазған "Талаптың мініп тұлпарын..." атты жоқтау өлеңінде:

*Талаптың мініп тұлпарын,  
Тас қияға өрледің.  
Бір ғылым еді іңкәрің,  
Әр қиянға сермедің, – дейді.*

Әбдірахманның талапты жігіт болғанын, сол талабы арқылы өзі қатарлы жастарға үлгі болғанын, тек қана алға қарай ұмтылып, биіктікті бағындыруда тер төккенін, ғылымға деген іңкәрлік өн бойын жаулап алып, қандай қиындық болса да дес бермей алға өрлегенін, құлашын қияға сермегенін айтады.

Қайран ақын заманға өкпелі, заманға ренішпен қарайды. Баланы, ата жолын жалғастырушы ұрпақ ретінде бағалап, Әбдірахманның ойлы, зерделі, алғыр екенін жырға қосады:

*...Ерлікке де бар едің,  
Үйренуге тоймаған.  
Жасқа жас, ойға кәрі едің,  
Атаңның атын жоймаған.  
Замана, неткен тар едің,  
Сол қалқамды қоймаған, – деп, аһ ұрады.*

Абай жоқтау жырлары арқылы өзінің терең ойын идіріп, халықтың салт-дәстүрлерін дамыта түсуде қомақты үлес қосқан өнер адамы. Абайдың жоқтау жырлары қазақ әдебиетінде өзіндік орыны бар, әрбір адамның ойына ой қосып, санасына рухани сілкініспен әсер ететін, қысқа өмірдің өте қымбаттылығын, артында өлмес із қалдырған тарихи тұлғалардың, иманды, адамгершілігі мол жақсы істерін өнеге етіп жоқтау жырға қосқан.

**Н. А. КЕМБАЕВ,  
М.Х. Дулати атындағы  
Тараз мемлекеттік университеті,  
«Стандарттау және метрология»  
кафедрасының аға оқытушысы,  
техника және технология магистрі.**

## **АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ**

Қазіргі таңда жастарды ұлттық рухта тәрбиелеуге негіз болатын өткен ғасырлардағы жеке тұлғалардың өмірбаяны мен шығармашылығы кеңінен зерттеліп, олардың тәлім-тәрбиелік озық ойлы пікірлерін бүгінгі өмір тәжірибесіне енгізілуі маңызды. Бұл күнде қазақ халқынан шыққан тарихи тұлғалар мен батырлардың, ақын-жазушылар мен қоғам қайраткерлерінің тұлғалық бейнесін сомдап, рухани тамырына көз жіберер болсақ, өткенімізбен сабақтастыруға негіз бар. Қазақ халқының дара тұлға азаматтарының бейнесін жас ұрпаққа үлгі етерде даралықтың тамыры тереңге бойлап, ізгілік пен батырлықтан, имандылық пен руханилықтан нәр алып, сапалық қасиеттерімен асқақтай түсетінін байқаймыз.

Дербес мемлекеттік қоғамда жаңа бағыт ала отырып, дамытудың негізі саналатын ұлттық болмысты сақтауда өткеннің тәлім-тәрбиелік мұраларын, жеке тұлғалардың өнегелік өмірлерін жүйелі, ғылыми тұрғыдан зерттеу және бүгінгі қажеттілігімізге жарату – заңдылық, әрі болашағымыздың берік өзегі болып, тереңнен тартқан тамырын тани білу болып табылады. Қазақтың біртуар азаматы, өз заманында халқының сый-құрметіне бөленген білімпаз, дана, әдебиетші, философиялық жеке ой-түйіндері бар ақын ұлы Абайдың өмірі мен шығармашылық еңбектерінің мазмұндық құрылымындағы тәлім-тәрбиелік ой-пікірлері мен идеялары қазақ қоғамының мол табысы.

**Елбасымыз Қ.К.Тоқаев:**

*«Жаңғыру – өткеннен қол үзіп, тек жаңа құндылықтарға жол ашу деген сөз емес.*

*Шын мәнінде, бұл – ұлттық мұраларымызды бүгінгі оң үрдістермен үйлестіре дамытуды көздейтін құбылыс. Бұл ретте, біз Абайды айналып өте алмаймыз. Себебі ұлы ойшыл осыдан бір ғасырдан астам уақыт бұрын ұлтты жаңғыруға, жаңаруға, жаңа өмірге бейім болуға шақырған.*

*Елбасымыздың: «Заманалар ауысып, дүние дидары өзгерсе де, халқымыздың Абайға көңілі айнымайды, қайта уақыт өткен сайын оның ұлы-лығының тың қырларын ашып, жаңа сырларына қаныға түседі.*

*Абай өзінің туған халқымен мәңгі-бақи бірге жасайды, ғасырлар бойы Қазақ елін, қазағын биіктерге, асқар асуларға шақыра береді», – деген өнегелі сөзі ақын мұрасының мәңгілік өсиет ретінде бағаланатынын айқын аңғартады», – дейді.*

Қазақ поэзиясының кемеңгер ақыны – ұлы Абай атамыздың жақұт жырлары мен ғибратқа толы кара сөздері – күллі әдебиет тарихында бұрын-соңды болмаған соны құбылыс. Ақын өлеңдерінің қай-қайсысын алып қарасақ та, олардың барлығы адам баласын ойландырмай қоймайтын өсиет-өнегеге толы.

Студент жастардың бойында Абай дәріптеген асыл қасиеттердің табылып, толық адам болып шығуы – біздердің сабақ процесімен қатар беріп отырған тәрбие жұмыстарының жемісі. Абай Құнанбаевтың 175 жылдық мерейтойына байланысты М.Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетінің «Стандарттау және метрология» кафедрасы да жылдық жұмыс жоспарына ұлы Абайдың шығармашылығы мен тәлім-тәрбиелік жолына орай біршама жұмыстар атқарып, тәрбие сағаттарын өткізуде.

Абай өлеңдерінде тәрбиелік арналар аса мол деп

сеніммен айта аламыз. Әсіресе, ақын шығармашылығындағы қоғамдық, әлеуметтік, саяси тақырыпқа жазылған бірқатар өлеңдерден барша халықты адамдық асыл қасиеттерге үндейтін ізгілікті ойларды көптеп кездестіреміз. Оған алдымен, ақын ұраны іспеттес «Ғылым таппай мақтанба!» өлеңі дәлел.

Өлең жолдарында қаншама тәлім-тәрбие жатыр?! Абай атамыз адам болам дегендерді өсек, өтірік, мақтаншақтық, еріншектік, мал шашпақ тәрізді қасиеттерден аулақ болуға шақырса, талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым сынды бес қасиетті бойға сіңіруге үндейді. Сонымен қатар, «Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат» шығармасында да ақын ер-азаматтарға «кімді сүйсең де, шын көңілмен сүй, талапты болып, әр түрлі өнер, жақсы қылықты бойға сіңір, бір-біріңмен тату бол, біреуді сыртынан ғайбаттама» деп ақыл айтады. Ойшыл ақынның берер өнегесі мұнымен тоқтап қалмайды. Өзгелерден жоғары тұру үшін ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұстау керектігін ескертеді. Расымен де, осы үш қасиетті бойына тоғыстыра білгендер кез келген қиындыққа тайсалмай төтеп берері анық.

«Ел болам десең – бесігіңді түзе» деген халық даналығының мәні терең. Әрбір мемлекет ертеңі болып табылатын жас ұрпақты ұлттық құндылықтар негізінде тәрбиелеуді дамуының басты бағдаршамы ететіні де тегін емес. Азаматтық борышын өз Отанының, туған халқының ортақ мүддесімен ұштастырған, ұлтын сүю сезімі бойын кернеп тұратын ұлт тәрбиелегенде ғана – болашағымыз баянды болмақ.

Әлемдік стандарттар деңгейінде білім беруде тәрбиені егіз ұғымда алып жүру міндеті осыдан келіп шығуда және білім беру жүйесінде жалпы азаматтық және ұлттық негізде жеке тұлғаны дамыту және қалыптастыру үшін қажетті жағдайлар жасалуда.

Абай Құнанбаев – қазақ әдебиеті мен өнерінің тарихында оқшау тұрған ұлы тұлға. Оның поэзиясына, көркемдік әлеміне үңілген сайын адам жаны тебіреніп, бар ынта мен ықыласы ауа түседі. Ақынның қай өлеңін алсақ та, астарлы ой мен идеясынан адамгершілікке тән асыл қасиеттерді бойына дарыта алмаған ел-жұртын сынаған немесе адами рухты сіңіріп өсу керек деген ойды оқып білеміз. Бұл ақынның көпшіліктің іс-қылығына көңіл толмаған шарасыз күйін байқатады. Адал еңбек, мандай термен емес, байларды аңду, оның малына сұғанақтықпен көзін қадаған көпшілікті сынға алады. Қазақы тіршіліктегі қайшылықты өмір көшін, сол кездегі әлеуметтік жағдайды сынап-мінейді. Іс-әрекетте ішкі рухани дүние – «иман жүзің сай болу керек» дегенді айтады.

Осылайша, ақын әрбір адам бойынан табылуы тиіс рухани құндылықтарды тізбектей келе, гуманизм идеясын асқақтата түседі.

Сонымен, Абай өлеңдерінен — тәрбиелік арналардың қайнар көзі жатқандығына көз жеткіземіз. Ұлы ақынның әрбір айтқан сөзі – есті адам үшін өсиет-өнегенің таптырмас үлгісі. «Асыл сөзді издесең, Абайды оқы, таңырқа!» демекші, өмірге азық боларлық асыл ойлардың Абай жырларында тұнып тұрғаны баршаға мәлім.

Қай заманда болмасын келешек ұрпақ тәрбиесі – ұлт болашағы. Жан-жақты жетілген, ақыл-парасаты мол, мәдени-ғылыми өрісі озық ұрпақ тәрбиелеу – әрбір уақыт еншісіндегі ең маңызды міндет. «Бір баланы адам етіп өсіргенше, бір шаһар апат болады» деген халық даналығының өзі де ұрпақ тәрбиелеудің ұзақ уақыт пен талмай тер төгетін еңбекті қажет ететін аумағы кең, жауапкершілігі мол күрделі іс екенін ұқтырса керек.

***Абайды дәріптеу – кез-келген қазақтың парызы.***  
«Өткеннің өнегесі – бүгінгінің баға жетпес байлығы»

екендігін естен шығармай, төл тарихымызды, әдебиетіміз бен мәдениетімізді, ана тілімізді терең зерделеп, ұлттық тәрбиемен қаруланған ұрпақ тәрбиелегенде ғана «Мәңгілік ел» бола алатынымыз анық.

Қорытындылай келсек, Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні *«дос жылатып айтады, дұшпан күлдіріп айтады»* демекші, ұлы Абайдың осынша сүйектен өтердей сөздерімен халықты жылата, ұялта жазу себебі, Абай халқының нағыз жанашыр досы екендігіне айғақ. *«Өлді деуге сыя ма, ойлаңдаршы, Өлмейтұғын артына сөз калдырған»* – деп Ұлы ақынның өзі айтып кеткендей, Абай – дана, Абай – дара қазақта.

Абай – шың, Абай – биік, Абай – тау, оған барлығы шыққысы бар. Әсіресе, жастар. Сол шыңға шығуға атсалысу әрбір педагогтың парызы.



М.С. КАМЗИНА,  
«Жаңа Ғасыр»  
№175 гимназиясының  
қазақ тілі мен  
әдебиет пәндерінің мұғалімі.  
Алматы қаласы

## АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫН ОҚЫТУДЫҢ МАҢЫЗЫ

### Аңдатпа

*Абай шығармаларының тәрбиелік мәнін ашу үшін бағытталған. Абай сөзінің күні бүгінге дейін мәні зор, сондықтан Абай мұрасы ұрпаққа үлгі-өнеге, тәлім-тәрбие, гибрат тағылымы мол дүние болып қала береді.*

Қайталанбас біртуар ұлы тұлғамыз Абайдың азаматтық, ақындық, халықтық мұрасы – айтылар ойға сыймас, қыр-сыры мол дүниелер. Ақын халқын адамгершілік қасиетті жоғары бағалауға, ғылым мен білімді үйренуге, ақиқат пен әділдік үшін күресуге шақырды.

Абай – ойшыл, білімді билеуші мен білімді халықтың концепциясын негіздеушілердің бірі. Оның пікірінше, қазақтарды дұрыс жолға қойғысы келетін адам билікке ие болуы тиіс. Ол: *«Егер менің қолымда билік болса, мен адам түзелмейді дегендердің барлығының тілін кесер едім»* деп билікті білімді адамдарға беру керек деген тұжырымды ой айтады..

Абай шығармаларын оқыту жас ұрпақты тәрбиелеуде маңызы зор. *«Тобыр – надан, оны басқара біл... Тобырда білімді адамдар сирек кездеседі»* деп адамдарды екі



топқа бөледі: басқаруды қажет ететін надан және ақылды топ. Сондықтан биліктің өзіндік үдерістерін ұсынған. Оның пікірінше, билеушілер елдің таңдаулылары болуы тиіс, бірақ шындығында олар шеттетіліп келді. Бұл жөнінде ойшыл үшінші қара сөзінде былай дейді: *«Елдегі жақсы адамдардың бәрінің үстінен бекер, өтірік «шапты, талады» деген әр түрлі қылмыстық іс көрсетіледі. Оған жауапқа шақыру — тергеу шығарады. Өтірік, көрмегенін көрдім деуші куәлар да әлдеқашан дайындап қойылған»* [1; 131]. Әрине, ойшыл осының барлығы олардың билікке деген ұмтылысын шектеу үшін жасалады деп түсінеді.

Абай сол кездегі билер сотына да қарсы болған. Себебі, сот лауазымы болыс билеушілер лауазымы секілді сатып алуға негізделген. *«Қазір би болып, халықтың мүддесіне қарсы келетін адамдар сайланады; олар ескі құқықтық ережелерді білулері тиіс еді. Олар қай заңдардың ескіргенін білулері тиіс. Қазіргі сайланатын соттар ескі заңдарға айырбас таба алмайды»* [2]. Осыған байланысты ол билердің санын көбейткеннен олардың сапасын арттыруға күш жұмсау керек және мерзімсіз сайланатын билерді дұрыс деп табады.

Жалпы алғанда, Абай феодалдық құрылымның қарама-қайшылықтарына назар аударып, қазақтар үшін жаңа қоғамдық құрылыстың ең жағымды түрін іздеп табуға тырысты. Бұл жолда ол таза рулық басқару тәжірибесін қолдап, былай жазады: *«Ол заманда ел басы, топ басы деген кісілер болады екен. Көш-қонды болса, дау-жанжалды болса, билік соларда болады екен. Өзге қара жұрт жақсы-жаман өздерінің шаруасымен*

*жүре береді екен. Ол ел басы, топ басылары қалай қылса, қалай бітірсе, халық та оны сынамақ, бірден-бірге жүгірмек болмайды екен»* [3; 213].

Ақын қазақтардың жалпыұлттық мүддесін де түсіне білген. Осыдан ол халқын ұлттық бірлікке шақырады. Басқа бірлігі күшті халықтардан үлгі алуға шақырды. Оның бұл ойлары бүгінгі күнде де өзектілігін жоғалтпаған. Ол қазақтың қоғамдық пікірін жаңа сатыға көтере білді. Өз замандастарының ішінен ерекше бөлініп шығып, адамдардың сынаушысына және ақылшысына айналды.

Қазақтарды ағартуда еуропалық өркениетті игеруді маңызды орынға қойған. Орыс халқынан өнерді үйренуге шақырады. Адамдар өз өмірлерін өздері қалыптастырулары қажет деген ойды айтады. Ол үшін жоғары мәдениетті халықтардан үйренуге тиіспіз дейді ақын. *«Егер біз басқалар білетінді білсек, біз күшті халыққа айналамыз»* деген ойшылдың сөзі қазіргі күнде маңызын жоғалтқан емес.

Абай өз шығармаларында этикалық идеалдарды көп қарастырған. Оның этикасының негізгі принципі – «Адам бол». Осындай көптеген шығармалары адамгершілік сипатта жазылған. Ойшылдың пікірінше, адам саналылық пен адамгершіліктің, еңбексүйгіштік пен білімділіктің, достық пен махаббаттың қосындысы болуы тиіс.

Сондай-ақ, оның шығармаларында жеке адамның қалыптасуында қоғамдық ортаның шешуші орын алатыны айқындалған. *«Адам – өз кезеңінің жемісі, егер ол жаман болса, оған замандастары кінәлі. Дәуір адамды қалыптастырады»* деген ойшылдың

көзқарасымен толық келісуге болатын сияқты. Абайдың ағартушылық дүниетанымын бағалауда қазіргі отандық ғалымдардың көбісі оның шығармашылық күш-қуатын адамдық игіліктерге, ақиқат адамдық болмысты іздеуге, адамға лайық өмірге ұмтылуға бағытталған деп санайды [15]. Міне, ойшылдың осы ойлары бүгінгі күнде де өзінің прогресшіл маңызын жоймағанын көреміз.

Қорыта айтқанда, әр мұғалім алдындағы болашақтың азаматын өмірге қанаттандыра, болашаққа талаптандыра тәрбиелей алса, міне, нағыз ұстаз шеберлігі деп айтар едім.

Абай армандаған білімді өсер ұрпақ бойына ұялата алсақ, әр ұстаз еңбегінің ақталғаны да сол емес пе?!

Заман талабына сай саналы ұрпақты сапалы біліммен қаруландыруда қажымайтын, талабы таудай білікті мұғалімдердің білімді шәкірттері молая берсін!

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Құнанбаев А. Шығармаларының екі томдық толық жинағы: 2 том. -2-т. -Алматы: Ғылым, 1977.- 312 б.
2. XV–XX ғғ. қазақ ойшыл оқымыстыларының тәлім-тәрбие туралы ой-пікірлері / Әлемдік педагогикалық ой-сана: 10 т.-3-т. / Бас ред. Ж.Қ. Түймебаев. - Алматы: «Таймас» баспа үйі, 2010. -102-б.

**Р. ҚАРАБАСОВА,**  
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі.  
**А. ТЕМИРБАЕВА,**  
орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі.  
**М.ТУРЛАЕВА,**  
ағылшын тілі пәні мұғалімі.  
«№6 ЖОБЕМ» КММ.  
Ақтөбе облысы,  
Шалқар ауданы

## “АБАЙТАНУ”

### ТАҢДАУ КУРСЫНДА

(9-сыныпта «Кіріктірілген сабақтар» тақырыбындағы онкүндікте (қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде) өткізілген сабақ жоспары үлгісі.)

<p><b>С а б а қ т ы ң тақырыбы:</b></p>	<p><b>Абай Құнанбайұлы «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» өлеңі.</b> <b>Абай Құнанбайұлы «Я не учел, что в моем возрасте была наука».</b> <b>Abay Kunanbayev “I didn’t take into account that science was at my age”.</b></p>
<p><b>Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары:</b> <b>Цели обучения, к о т о р ы е н е о б х о д и м о достигь на данном уроке</b> <b>L e a r n i n g objectives is achieved in this lesson:</b></p>	<p>– әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені идеясы арқылы түсіндіру; – объяснить социально-общественную проблему через идею поднятую в литературном произведении. – explanation of the social problem raised in a literary work by means of the idea;</p>

<p><b>С а б а қ мақсаты:</b></p> <p><b>Ц е л ь урока:</b></p> <p><b>Aim of the lesson:</b></p>	<p><b>Оқушылардың барлығы / Все учащиеся / All learners will be able to</b></p> <p>Абай шығармашылығынан алған білімдері арқылы ізденіске дағдыланадыру, оқығанын талдап, мәнін аша білуге үйренеді, өзіндік пікірінің қалыптасуына ықпал жасайды.</p> <p>Приобретать навыки поисковой работы через знания, полученные от произведения Абая;</p> <p>To acquire search skills through the knowledge gained from the work of Abay</p> <p><b>Оқушылардың көпшілігі / Большинство учащихся / Most learners will be able to</b></p> <p>Қазақша сөйлесу дағдысын арттыру, мазмұнын айтқызып, ойлау қабілетін дамыту.</p> <p>Развивать навыки говорения на казахском языке, рассказывать его содержание и развивать мышление.</p> <p>To develop speaking skills in the Kazakh language, pronounce its content and develop thinking.</p> <p><b>Оқушылардың кейбірі / Некоторые учащиеся / Some learners will be able to</b></p> <p>Абайдың өлеңі арқылы оқушылардың ойын дамыту, тіл байлығын молайту.</p> <p>Через стихотворения Абая развивать мышление и речь учащихся.</p> <p>Abay's poem enriches students' thinking and language.</p>
--	---


<p><b>Жетістік критерийі</b></p>	<p><i>Көркем шығармадан алған әсерін сипаттайды;</i></p> <p><i>Хат жазудың талаптарын сақтап жазады;</i></p> <p><i>Грамматикалық тұрғыдан сауатты жазады;</i></p> <p><i>Мәтінді түсінеді;</i></p> <p><i>Шығарманың тарихи құндылығын бағалайды.</i></p>
<p><b>Құндылықтарды игерту:</b></p>	<p><i>Өзіне және өзгелерге құрмет мұғалім мен оқушылардың бір-бірімен амандасуында, сыпайы, ойын ашық білдіріп, тыңдауда, сабақты уақытында бастап, аяқтауда, тапсырмаларды нұсқалық бойынша орындауда, бір-біріне қолдау көрсетуінде көрініс табады.</i></p> <p><i>Уважение к себе и другим отражается в приветствиях учителя и учеников, в их вежливости, открытом общении, слушании, во времени начало и завершении уроков, в учебной домашней работе и взаимной поддержке.</i></p>
<p><b>Пәнаралық байланыс:</b></p> <p><b>Межпредметная связь</b></p>	<p>Қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілі, әдебиет, философия.</p> <p>Казахский язык, русский язык, английский язык, литература, философия.</p> <p>Kazakh, Russian, English, Literature, Philosophy.</p>

<b>А К Т - ны қолдану дағдылары: Навыки ИКТ</b>	PowerPoint таныстырылымы, аудиофайл. Ознокомление PowerPoint, аудиофайл. Acquaintance Power Point, CD.
<b>Т і л д і к мақсаттар:</b>	<b>Оқушылар:</b> <i>Бұйрық рай, мақсатты келер шақ, өткен шақ көрсеткіштерінің мағынасын ашады.</i> <b>Пән лексикасы және терминология:</b> <i>Өлең, тақырып, идея, шумақ, тармақ, ұйқас.</i> <b>Диалог және жазылым үшін қажетті сөз тіркестер:</b> <i>Өлең жолдарында келтірілген «_____» сөзі «_____» деген мағынаны білдіреді. Өмірден мысал келтіретін болсақ, _____.</i>
<b>Осыған дейін меңгерілген білім</b>	«Елу жылда ел жаңа» мақалына көзқарасын білдіріп, эссе жазды.

### Жоспар

Жоспарланатын уақыт	Жоспар бойынша орындалуы тиіс іс-әрекеттер Действия по плану Planned activities	Дереккөздер Ресурсы Resources
<b>С а б а қ басы 5 мин.</b>	<b>Қызығушылықты ояту үшін миға шабуыл.</b>	

<b>Начало урока 5 мин.</b>	<b>Нападение на мозг чтобы пробудит интерес. Attact on the brain to arouse interest</b> <i>Жұпта тақырыпқа ену үшін сұрақтарға жауап береді:</i> <i>Ж е т і с т і к критерийлерін болжайды;</i> <i>Ж е т і с т і к критерийлерімен және д е с к р и п т о р л а р м е н танысады.</i> <b>“Автор орындығы” –</b> Сұрақтарға жауап беріндер. <b>«Место автора» –</b> Ответьте на вопросы. <b>“Author Place” . –</b> Answer the questions <i>1. Абайдың туған жылы?</i> <i>2. Абайдың шын аты?</i> <i>3. Абайдың туған жері?</i> <i>4. “Ұстаздық еткен жалықпас – …..”</i> <i>5. Абайдың қара сөздері?</i> <i>6. Табиғат лирикасы тақырыбына жазған өлеңдері?</i> <i>7. Абай өлеңіндегі бес дұшпан?</i>
<b>Beginning 5 min.</b>	

	<p>8. <i>Бес асыл іс?</i></p> <p>9. <i>Абайды әлемге танытқан кім?</i></p> <p>10. <i>Абайдың әжесі? Абайға шолу.</i></p> <p>І. <i>Абайдың өмірі мен шығармашылығы. (Бейнефильм)</i></p>	
<p><b>С а б а қ</b></p> <p><b>ортасы</b></p> <p><b>С е р е д и н а</b></p> <p><b>урока</b></p> <p><b>5 мин.</b></p> <p><b>Middle</b></p> <p><b>5min.</b></p>	<p>О қ у ш ы л а р д ы ң жаңа сабаққа деген қызығушылығын ояту мақсатында «<b>Ой шақыру</b>» әдісін пайдаланып, «уақыт» сөзіне ассоциограмма.</p> <p>«Абай кім?» деген сұрақ төңірегінде ойымызды</p>	
<p><b>5 мин.</b></p>	 <p>жинақтайық.</p>	
<p><b>15 мин.</b></p>	<p>– Балалар, бүгін біз Абайдың білім, ғылымға арнаған «<b>Жасымда ғылым бар деп ескермедім</b>» атты өлеңімен танысамыз.</p> <p><i>Жасымда ғылым бар деп ескермедім,</i></p> <p><i>Пайдасын көре тұра тексермедім.</i></p> <p><i>Ержеткен соң түспеді уысыма,</i></p>	

<p><i>Қолымды мезгілінен кеш сермедім.</i></p> <p><i>Бұл махрұм қалмағым кім жазалы,</i></p> <p><i>Қолымды дөп сермесем өстер ме едім?</i></p> <p><i>Адамның бір қызығы бала деген,</i></p> <p><i>Баланы оқытуды жек көрмедім.</i></p> <p><i>Баламды медресеге біл деп бердім,</i></p> <p><i>Қызмет қылсын, шен алсын деп бермедім.</i></p> <p><i>Өзім де басқа шауып, төске өрледім,</i></p> <p><i>Қазаққа қара сөзге дес бермедім.</i></p> <p><i>Еңбегімді білерлік еш адам жоқ,</i></p> <p><i>Түбінде тыныш жүргенді теріс көрмедім.</i></p> <p>– <i>Балалар, осы өлең шумағында сендерге таныс емес сөздер бар, сол сөздермен танысамыз.</i></p> <p><b>Сөздікпен жұмыс. Работа со славарём.</b></p> <p><b>Work with a dictionary</b></p> <p><i>Махрұм – ешнәрседен хабардар болмау;</i></p> <p><i>Дөп сермесем – дер кезінде;</i></p> <p><i>Медресе – бұрынғы кездегі білім ошағы;</i></p> <p><i>Шен алсын – атақ алу.</i></p> <p>Дәптерге жазып алу.</p> <p><b>Сергіту сәті: «Желсіз түнде жарық ай».</b></p> <p>Балаларға өлеңді тізбектетіп оқыту, топқа бөліп оқыту.</p> <p><b>Өлең шумақтары бойынша жұмыс.</b></p> <p><b>Работа над стихотворениям.</b></p> <p><b>Work on poems</b></p> <p><b>I-топқа тапсырма.</b></p> <p>І. <i>Абайдың қандай өлеңімен таныстыңдар?</i></p>	<p>Дидактикалық материалдар №1</p> <p>Дидактические материалы</p> <p>Didactical materials</p> <p>№1,</p> <p>Дидактикалық материалдар №2-3,</p> <p>Аудио жазба</p> <p>Дидактические материалы</p> <p>№2-3,</p> <p>Аудиофайл</p> <p>Didactical materials,</p> <p>CD</p>
---	---

<p>2. Абай неге өкінеді?</p> <p><b>II топқа тапсырма.</b></p> <p>1. Адамның бір қызығы кім?</p> <p>2. Адам баласын не үшін оқытады?</p> <p>Балалардың ойларын, түсініктерін тыңдау.</p> <p>–Иә, балалар, ақын аталарың бұл өлеңінде жастарды, мына сендерді білімге, ғылымға шақырып жатыр. «Жас кездеріңде білім алыңдар, оқыңдар, ғылыммен айналысыңдар» дейді, ертең ержеткен кезде бекер оқымаппын деп өкініп жүрмеңдер деп өзінің өкінішін айтып жатыр.</p> <p>«Адамның бір қызығы – бала деген» деп, баланы оқыту керек дейді, оны оқуға бергенде атақ алсын деп бермеу керек, білім алсын, білімді болсын дейді, білімді адамның борышы халқына қызмет ету» – дейді ақын.</p> <p><b>Тақтадан Абайдың өсиетін оқып беру.</b></p> <p>«Ғылым-білімге неғұрлым ертерек бала кезден ден қойсаңдар-кейін өкінбейсіңдер.»</p> <p>Балғын шақтарыңда оқыған кітаптарың, алған білімдерің тасқа басылғандай мәңгі-бақи естеріңде қалмақ дегенді меңзейді.</p>	
--	--

<p><b>Шығармашылық тапсырма.</b></p> <p><b>Ұйқасын тап.</b></p> <p><b>Творческое задание.</b></p> <p><b>Creative task.</b></p> <p><b>I-топ.</b> Абайды оқы, ерінбе, Пайдаң тиер ... (еліңе)</p> <p><b>II-топ.</b> Халқына ең жақыны, Қазақтың ұлы ақыны)...</p> <p><b>«Білім» сөзіне топтастыру жазу.</b></p> <p><b>Кластер к слову «Знание»</b> <b>“Knowledge”</b></p> <p>ғаламтор мектеп телевизор <b>Білім</b> іздену кітап оқу журнал</p> <p><b>Кері байланыс. Обратная связь.</b></p> <p><b>Жұптық жұмыс. Работа в парах.</b></p> <p><b>Эссе жазу. Написать эссе.</b></p> <p><b>Write an essay</b></p> <p><b>I топ. «Оқусыз білім жоқ»</b></p> <p><b>II топ. «Оқу-білім бұлағы»</b></p> <p>– Ендеше балалар, өздерің айтқандай, оқусыз білім жоқ екен. Сендер білімді болуларың үшін көп оқуларың керек. «Білімдінің күні жарық» дегендей, білімді болғандарыңда ғана жетістікке қол жеткізіп, өмірден өз орындарыңды аласыңдар. Абай аталарың өзінің өлеңдері арқылы қазақ жастарын, сендер сияқты жас ұрпақтарды имандылыққа,</p>	
--	--

<p>адамгершілікке, ғылым-білім үйренуге шақырды. Сондықтан сабақты жақсы оқып, ғылыммен айналысып, елімізді дамытуға, көркейтуге, жаңалық ашуға ұмтылуымыз керек..</p> <p><b>Сабақты Сағынғали Сейітовтың «Кім» өлеңімен аяқтау.</b></p> <p><i>Жүрегін шырақ етіп жандырған кім? Жырымен жан сусынын қандырған кім? Өзіне өзі орнатып ескерткішті Мұра ғып кейінгіге қалдырған кім? Қазақтың өлеңінің ұлы атасы, Ол – Абай, Ұлты – қазақ, Аты – Адам.</i></p>
---

<p><b>Сабақ соңы</b> <b>5 мин.</b> <b>Конец урока</b> <b>5 мин.</b> <b>End</b> <b>5 min.</b></p>	<p><b>Қорытынды. Заключение.</b> <i>Абай Әлемін бүкіл дүниеге таратушы кемеңгер Ұлы Мұхтар «Мен Абай тереңінен шөміштеп қана іштім» деген екен. Ал біз Ұлы ғұлама тереңіне бас қойғанымызбен тек қана сол тереңнен дәм таттық қой деп ойлаймын. Сол себептен оқудан, білуге ұмытушылықтан ізденуден жалықпайық.</i></p> <p><b>Оқушылар қиық қағаздарға жазып береді.</b></p> <p><b>Рефлексия</b> <b>«Аяқталмаған сөйлем» «Неполное предложение»</b></p> <p><i>Мен----- білдім. Мен _____ үйрендім. Маған - _____ ұнады.</i></p>	<p><b>Слайд 10</b></p>
--	---	------------------------

<b>Қосымша ақпарат</b>		
<p><b>Дифференциация</b> – Сіз оқушыларға көбірек қолдау көрсету үшін не істейсіз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай тапсырма беруді көздеп отырсыз?</p>	<p><b>Бағалау</b> – Оқушылардың ақпаратты қаншалықты меңгергенін қалай тексересіз?</p>	<p><b>Пәнаралық байланыс</b> <b>Қауіпсіздік ережелері</b> <b>АКТ-мен байланыс</b> <b>Құндылықтармен байланыс (тәрбиелік элемент)</b></p>

<p><b>Дифференциация үшін түрде іске асады:</b> <i>1 – үлгерімі төмен оқушыларға сөздік беру немесе сабақ материалымен алдын ала танысуға мүмкіндік беру арқылы қолдау көрсетіледі.</i> <i>2 – оқушылардың тапсырмасынан күтілетін нәтиже дифференциацияланған.</i></p>	<p>– Оқушылар бір-бірін дискрип-торлар тұсына «+» белгісін қоя отырып, бағалайды. Сол арқылы кері байланыс беріледі.</p>	<p>Сабақ философияға қатысты болғандықтан, белсенді азаматтық позициясын қалыптастыруға септігін тигізеді. Сабақта оқушылардың өмірін ештеңе пайдаланылмайды. PowerPoint таныстырылымы, аудиофайл тыңдау үшін компьютер қолданылады.</p>
---	--	--

<p><b>Ойлану</b></p> <p><i>*Сабақ мақсаттары/ оқу мақсаттары жүзеге асырылды ма?</i></p> <p><i>*Бүгін оқушылар нені үйренді? Сыныптағы оқу атмосферасы қандай болды?</i></p> <p><i>*Дифференциацияны жүзеге асыру қолымнан келді ме?</i></p> <p><i>*Мен жоспарланған уақытымды ұстандым ба?</i></p> <p><i>*Мен жоспарыма қандай өзгерістер енгіздім және неліктен?</i></p>	<p><i>Төменде берілген бөлімді осы сабақ туралы ойларыңызды жазу үшін пайдаланыңыз. Сол жақ бағанда берілген сабағыңызға қатысты ең маңызды сұрақтарға жауап беріңіз.</i></p>
--	---



**Г.ШӘНГІРБАЕВА,**  
 қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі.  
**А.ОСПАНОВА,**  
 орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі.  
**Г.ҚЫРАУБАЕВА,**  
 ағылшын тілі пәні мұғалімі.  
 «№6 ЖОБЕМ» КММ.  
 Ақтөбе облысы,  
 Шалқар ауданы

## “АБАЙТАНУ” ТАҢДАУ КУРСЫНДА

*(қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде өткізілген сабақ жоспары үлгісі.  
 11-сыныпта «Кіріктірілген сабақтар» тақырыбындағы онкүндікте)*

<p><b>С а б а қ т ы н</b></p> <p><b>тақырыбы:</b></p> <p><b>Тема урока</b></p> <p><b>The theme:</b></p>	<p>Абайдың қырық бірінші қарасөзі.          41-ое слово назидания Абая.          Abai's Words of wisdom (the 41st. )</p>
<p><b>О с ы</b></p> <p><b>сабақта қол</b></p> <p><b>жеткізілетін</b></p> <p><b>о қ у</b></p> <p><b>мақсаттары</b></p> <p><b>Цели обучения,</b></p> <p><b>к о т о р ы е</b></p> <p><b>н е о б х о д и м о</b></p> <p><b>достичь на</b></p> <p><b>данном уроке</b></p>	<p>Қырық бірінші қарасөзіндегі қазаққа ақыл беруге қам жеген адамға екі түрлі нәрсе керектігі туралы пікірлері, адамшылықтан кетіретін жайттарды сынға алуы, билік пен байлықтың ұлттық мүддеге қызмет етуі жөніндегі ұстанымын ұғындыру.</p> <p>Познакомить детей содержанием 41-го слова Абая; заострить внимание учащихся на нравственно-человеческих размышлениях акына на тему образование, духовное богатство, развивать кругозор.</p>



<b>L e a r n i n g objectives is achieved in this lesson</b>	Issuing to the person,mind,humanity receiving aspects that contain criticism of the sarced,wealth and explain the position of power on the national interest.	
<b>П ە н а р а л ы қ байланыс</b> <b>Межпредметная связь</b> <b>Inter subject communication</b>	Қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілі, әдебиет. Казахский язык, русский язык, английский язык, литература. Kazakh, Russian, English, literature.	
<b>Жоспар</b> <b>План</b> <b>Plan</b>		
<b>Жоспарланған уақыт</b> <b>Запланированное время</b> <b>Planned time</b>	<b>Жоспарланған жаттығу түрлері</b> <b>Виды упражнений</b> <b>Types of exercise</b>	<b>Дереккөздері</b> <b>Ресурсы</b> <b>Recourses</b>
<b>С а б а қ т ы ң басы</b> <b>Начало урока</b> <b>Beginning of the lesson</b>	«Үш тілде амандасу» тренингі. Учитель приветствует учащихся на трех языках: казахском, русском, английском. Teacher greets students in three languages: Kazakh, Russian, English. <b>I.Ұйымдастыру кезеңі:</b> 1). Оқушылар шашылған әріптер арқылы топ атын құрастырып, 3 топқа бөлінеді:	

<b>(Баяндаушы, Сілтеме табушы, Дәнекер) (2 мин.)</b> Учащиеся делятся на 3 группы: «Докладчики», «Исследователи», «Связисты». (2 мин.) The students use the scattered letters to group the names of the groups and identify 3 groups ( <b>Speaker, Linker, Connector 2 min.</b> ) <b>Ой шақыру</b> <b>Қарасөз туралы теориялық түсінік беру. (3 мин.)</b> <i>Асыл сөзді іздесең, Абайды оқы, ерінбе! Адамдықты көздесең, Жаттап тоқы көңілге!</i> – деп Сұлтанмахмұт айтқандай, Абай – туған халқының, болашақ ұрпақтың өнегелі тәрбиешісі, ана тілінің қазақ поэзиясының өсіп гүлденуіне зор үлес қосқан қамқоршысы. <b>To think Theoretical interpretation of the press (3 min.)</b> <i>If you are looking for a noun, Read Abai and Don't Follow! When you look at mankind, Remember the memory current!</i> As Sultanmakhmut said, the people of Abai, The moral
--

	educator of the future generation, growing up of the Kazakh poetry of the native language He made a significant contribution.	
Сабақ- т ы н ортасы Сере- д и н а урока The mid- dle of the lesson	<p>1). Абайдың толық жинағында 1890-1898 жылдар аралығында жазылған шығармалары «қарасөз» деп аталады. Абайдың қарасөздері – философиялық шығарма. <b>Жалпы саны - 45</b></p> <p>Сочинения, написанные с 1890 г. по 1898 год, в полном собрании произведений Абая называется “Словами назидания”. “Слова назидания” – философское произведение. <b>Общее число – 45.</b></p> <p>Prose – is a major field of fiction. Abai’s press is a philosophical work. <b>The total wisdom number – 45.</b></p> <p>2). Өткен қарасөздердің тақырыбы бойынша қайталау. (5 мин) «Сандар сөйлейді» әдісі</p> <p>1- қарасөзінде: ..... (өмірбаяндық)</p> <p>5- қарасөзінде: ..... қазақтың мақал-мәтелдері</p> <p>7- қарасөзінде: .....жас баланың психологиясы.</p> <p>19-қарасөзінде: .....адам бойындағы естілік қасиет туралы</p> <p>29- қарасөзінде..... мақалдарды сынау</p> <p>37-қарасөзінде: .....нақыл сөздер туралы</p>	

	<p><b>Повторение по пройденным “Словам назидания” (5 мин).</b></p> <p><b>Метод «Цифры говорят»</b></p> <p><b>В 1-ом слове:</b> ..... (биографический)</p> <p><b>В 5-ом слове:</b> ..... казахские пословицы и поговорки</p> <p><b>В 7-ом слове:</b> ..... психология ребенка (или детская психология)</p> <p><b>В 19-ом слове:</b> ..... о хороших человеческих качествах.</p> <p><b>В 29-ом слове:</b> ..... ..... критика пословиц.</p> <p><b>В 37-ом слове:</b> ..... о крылатых выражениях.</p> <p><b>Repetition on the subject of previous wisdom.(5 min)</b></p> <p><b>The “numbers speak” method.</b></p> <p><b>In the 1st press:</b>.....(biography)</p> <p><b>In the 5th press:</b>.....Kazakh proverbs and sayings</p> <p><b>On the 7th press:</b>..... psychology of a young child.</p> <p><b>On the 19th press:</b>.....about the nature of human memory</p> <p><b>On the 29th press</b> .....testing of max</p> <p><b>On the 37th press</b> ..... about good words</p> <p><b>II. Мағынаны ажырату сатысы.</b> <b>Жаңа сабақ.</b> «Абай Құнанбайұлының қырық бірінші</p>	
--	--	--

<p>қара сөзі» бейнефильмін көрсету. (3 мин.)</p> <p><b>Ступенька умения различать смысл. Новый урок.</b></p> <p>Показ видеофильма «41-ое слово назидания Абая Кунанбайұлы».</p> <p><b>Stage of separation of the new lesson.</b></p> <p>“Forty-First Words of Abai Kunanbayevich” (3 min.)</p> <p>To show a video.</p> <p><b>III. Топтық жұмыс. «Рөлдегі оқушылар» әдісі (7 мин.)</b></p> <p><b>1. «Баяндаушы» тобы:</b> Мәтіннің мазмұнын баяндайды.</p> <p><b>2. «Сілтеме табушы» тобы:</b> мәтіннен негізгі ақпаратты табады.</p> <p><b>3. «Дәнекер» тобы:</b> өмірмен байланыстырады.</p> <p><b>Групповая работа. Метод «Ученики в роли». (7 мин.)</b></p> <p><b>1. Группа « Докладчики»:</b> рассказывают о содержании текста.</p> <p><b>2. Группа «Исследователи»:</b> находят основную информацию текста.</p> <p><b>3. Группа «Связист»:</b> связывают с жизнью.</p> <p><b>Group work. The role-students method. (7 min)</b></p> <p><b>1.The Speaker Group:</b> Describes the content of the text.</p>	
---	--

<p><b>2.The Linker Group:</b> Finds basic information in the text.</p> <p><b>3. The Connection Group:</b> Connecting to life.</p> <p><b>IV. Шығармашылық жұмыс.</b></p> <p>Өзің қалаған тақырыпта Абайша қара сөз жазып көр (10 мин).</p> <p><b>Ұсынылатын тақырыптар:</b></p> <p>* Адамның адамшылығы істі бастағанынан білінеді, қалайша бітіргенінен емес;</p> <p>* Өзің үшін еңбек етсең, өзі үшін оттаған хайуанның бірі боласың, адамшылықтың қарызы үшін еңбек қылсаң, Алланың сүйген құлының бірі боласың;</p> <p>* Қайратсыз ашу – тұл, тұрлаусыз гашық – тұл, шәкіртсіз ұстаз – тұл.</p> <p><b>Творческая работа</b></p> <p>Попробуй написать слово по стопам Абая на свободную тему.</p> <p><b>Предлагаемые темы:</b></p> <p>- Человечность определяется не по результату, а по тому, как начал;</p> <p>- Думая только о себе, становишься одним из животных, будешь работать для блага людей, будешь одним из достойных по хвалы Аллаха;</p> <p>- Гнев без силы – пуст, безответная любовь - пуста, учитель без учеников-одиночек.</p>	
--	--

	<p><b>Creative work.</b> Write Your Own Abbreviation (10 min.)</p>	
<p>Сабақтың соңы К о н е ц урока The end of the lesson</p>	<p><b>V. Сабақты бекіту. (3 мин.)</b> <b>Бүгінгі өтілген тақырыбымызды «Бес жолды өлең» стратегиясымен қорытындылау.</b></p> <p>– <i>Кім?</i> – <i>Абай-ақын</i> – <i>Қандай?</i> – <i>Абай – ақылды, сауатты, көреген.</i> – <i>Не істеді?</i> – <i>Абай қарасөз жазды.</i> – <i>Қашан?</i> – <i>1890-1898 жылдары</i> – <i>Не мақсатпен?</i> – <i>Керегіне жаратсын деп.</i></p> <p><b>Закрепление урока (3 мин.)</b> <b>Давайте подытожим:</b> <b>«сегодняшний урок стратегией «Пятистрочное стихотворение».</b></p> <p>– <i>Кто?</i> – <i>Абай-поэт</i> – <i>Какой?</i> – <i>Абай- умный, начитанный, грамотный.</i> – <i>Что делал?</i> – <i>Написал “Слова назидания.</i> – <i>Когда?</i> – <i>С 1980г. По 1898г.</i> – <i>С какой целью?</i> – <i>Пользоваться ими.</i></p> <p><b>The conclusion of the lesson (3 min.)</b> <b>Summarize our previous topic</b></p>	

	<p><b>with the “Five Way Song” strategy.</b> – <i>Who?</i> – <i>Abai is a poet.</i> – <i>What is he like?</i> – <i>Abai- Clever, competent, far- sighted.</i> – <i>What did he do?</i> – <i>Abai wrote words of wisdom.</i> – <i>When?</i> – <i>From 1890- 1898 years</i> – <i>What was the aim?</i> – <i>To use needs.</i></p> <p><b>VI. Кері байланыс: «3-2-1» стратегиясы (2 мин.)</b> * <i>Бүгінгі сабақтан алған 3 маңызды ақпарат;</i> * <i>Бүгінгі сабақта қиындық тудырған 2 аспекті;</i> * <i>Бүгінгі сабақта ұнаған 1 іс-әрекет.</i></p> <p><b>Обратная связь: Стратегия «3-2-1» (2 мин.)</b> * <i>3 важные информации, полученные на уроке.</i> * <i>2 аспекта, вызвавшие сложности.</i> * <i>1 действие, понравившиеся на уроке.</i></p> <p><b>Feedback: Strategy 3-2-1 (2 min)</b> * <i>3 important lessons learned from today’s lesson;</i> * <i>2 aspects that are difficult for today’s lesson;</i> * <i>1 activity I liked in today’s lesson;</i></p> <p><b>VII. Үйге тапсырма: Қырық бірінші қарасөзін оқу.</b> <b>Домашние задание: Чтение 41-го слова</b> <b>Homework: Read Abai’s Forty-first wisdom.</b></p>	
--	--	--

А. Ж. ИСИНА,  
Ынтымақ ЖОББМ,  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәндерінің мұғалімі.  
Қарағанды облысы,  
Жанаарқа ауданы

## ДАЛА ДАНЫШПАНЫ

**Мақсаты:** дала кемеңгері, поэзия алыбы Абай Құнанбаевтың өмір жолын насихаттау, шығармалары арқылы эстетикалық тәрбие беру, өлеңдерін жаттап, мәнерлеп оқуға дағдыландыру, сөз саптау шеберліктерін дамыту.

**Жүргізуші:** – Армысыздар, құрметті көрермендер! Қазақтың ұлттық мақтанышы, рухани қазынасы, сөнбес жарық жұлдызы, дала кемеңгері ұлы Абайдың туғанына 175 жыл толу қарсаңында ұйымдастырылған «Дала данышпаны» атты әдеби кешімізге қош келдіңіздер!

**Екінші жүргізуші:**

– Жүрегімнің түбіне терең бойла,

Мен бір жұмбақ адаммын, оны да ойла.

Соқтықпалы, соқпақсыз жерде өстім,

Мыңмен жалғыз алыстым, кінә қойма, – деп ақынның өзі айтқандай, бүгінгі кешіміз соқтықпалы, соқпақсыз жерде өсіп, тар жол, тайғақ кешіп өмір сүрген, өкініші мен өксігі көп, қайғысы мен қасіреті мол қараңғы қапас өлкеде ел мұңын, асау жүрегінен ағыта, шабытпен жыр гып төккен Абайдың өмір жолына, шығармашылығына арналмақ.

**Тогжан:** «Адамның кейбір кездері».

**Айшагүл:** «Жүректе қайрат болмаса».

**Бірінші жүргізуші:** – Абай өз ортасының барлық жақсы қасиеттерін бойына сіңіріп өсті. Жасынан салмақты, пысық, әр нәрсеге қызыққушы, еліктегіш, жақсыға үйірсек, естігенін жадында сақтайтын зерек бала болды. Әжесі Зере сүйікті немересі Абайға аңыз-ертегілерді, халықтың ескі ән-жыр дастандарын ұзақты кеш айтып беріп отыратын. Анасы Ұлжан Абай үшін елдің атақты әнші-жыршыларын әдейі шақыртып, қонақ етіп, ән-жырларын тыңдатып, үлкен сый-құрметпен шығарып салады екен. Абай осылайша жастайынан туған халқының рухани байлығынан мол сусындап өскен.

**Диана:** «Сап-сап көңілім, сап көңілім».

**Ақбота:** «Сиқырлы сөзбен арбасам».

**Екінші жүргізуші:** – Халқының мүшкіл жағдайын көріп, оған жаны ашыған Абай 1877-1878 жылдардан бастап өлеңге ден қояды. Бұған дейін де тиіп-қашып өлең жазып, оны “Көкбай сөзі” деп келген ойшыл енді халқына рухани білім беріп, жетілу жолына салудың күшті құралы ретінде өлең жазуды мықтап қолға алды. Оны «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» деген өлеңінде өлең жазудағы көздеген мақсатын айқын көрсетеді.

**Айнұр:** «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін».

**Аружан:** «Әсемпаз болма әр неге».

**Бірінші жүргізуші:** – Отаршыл саясаттың құрбаны болған елдің «атқамінерлерінің» кінәсін көрсетіп, оларды аяусыз сынаған өлеңдері мыналар: «Болыс болдым мінеки», «Болды да партия», «Қалың елім, қазағым», «Мәз болады болысың». Бұл өлеңдер

халықтың көзін ашып, оятуды көздеген, атқамінер белсенділерді жаман әдеттен сақтандыруға арналған туындылар еді.

**Айдын:** «Мәз болады болысың».

**Айнұр:** «Талай сөз бұдан бұрын көп айтқанмын».

**Рүстем:** «Байлар жүр жиган малын қорғалатып».

**Екінші жүргізуші:** – Өмірдің шым-шытырық қайшылықтарының шешімін таба алмай ойға қалған Абай енді өзінің рухани білімін жетілдіру керектігіне көзі жетеді. Кезінде білім алуға баса көңіл бөлмегеніне өкінген ақын өз ойын былайша өрнектейді.

Жасымда ғылым бар деп ескермедім,

Пайдасын көре тұра тексермедім.

Ер жеткен соң түспеді уысыма,

Қолымды мезгілінен кеш сермедім.

Бұл махрұм қалмағыма кім жазалы,

Қолымды дөп сермесем, өстер ме едім?

**Нұрсұлтан:** «Жасымда ғылым бар деп ескермедім».

**Ділназ:** «Интернатта оқып жүр».

**Бірінші жүргізуші:** – Табиғат лирикасын көптеген ақындар жырлады. Абай да жылдың төрт мезгілін арнайы тақырып етіп, тамаша өлеңдер жазды. Табиғат лирикасы – Абайдың ұлы талантын, биік мәдениетін танытты. Әсіресе, жылдың 4 мезгілі туралы жазылған өлеңдері бейнеті мен зейнеті мол мал баққан шаруаны, құты мен жұты аралас аумалы-төкпелі күй кешкен көшпелі ауылды, сол дәуірдегі қоғамдық қарым-қатынастың әр алуан белгілерін анық, қанық бояумен көрсететін, өз заманының айнасы боларлық сұлу шығармалар. Табиғат бейнесін адам өмірімен байланыстыра бейнелеп беруде қазақ

әдебиетінде Абай – өз замандастарынан көш ілгері туған теңдесі жоқ шебер суреткер ақын.

**Айғаным:** «Қарааша желтоқсанмен сол бір-екі ай».

**Диана:** «Желсіз түнде жарық ай» әні.

**Екінші жүргізуші:** – Абай XIX ғасырдың 90-жылдары өзінің ой-толғаныстарын қара сөздермен жазған. Бұл – көркем әңгіме емес, гақлиялық даналық сөздер. Сөйлемдері қысқа, мағынасы терең, оқушыға ой саларлық, гибрат беруді көздеі құрылған. Көпшілік қара сөздерінде философиялық сұрау беріп, сол сұрауға өзі жауап беруге тырысады. Немесе өзімен-өзі кеңесу, ой-пікір білдіру үлгісінде құрылады. Абайдың қара сөздеріндегі еңбек, ғылым, адамгершілік, әділдік т./б. озат ой-пікір білдіру үлгісінде құрылады. Оның ағартушылық, демократиялық көзқарасын айқындай түседі.

**17-қара сөзінен көрініс.**

**Адина:** 1, 31-қара сөзі

**Бірінші жүргізуші:** – Абай – сазгер, қазақ музыка тарихындағы ірі тұлға. Абай әндері сол бір мұнарлы, бұлыңғыр заманда да шырқалып, ойға озық, қаяулы көңілге медеу болды. Абай музыканың адам өміріндегі мәні, атқарар қызметі, әсер-күші туралы музыка зерттеушісіне пара-пар ойлар айтты. Аударма саласымен де айналысты. Аударған өлеңдеріне әндер де шығарылған. Қазіргі кезде 27 әнінің 36 нұсқасы нотаға түсірілген.

**Айғаным:** «Көзімнің қарасы» әні.

**Қазақ биі.**

**Екінші жүргізуші:** – Абайдың лирикасы, қара сөздері, поэмалары, әндері – әркімді де білім нәрімен

сусындатар шалқып жатқан телегей теңіз. Абай шығармалары – халықтың інжу-маржаны.

**Қасым:** «Ескілік киімі».

**Алуа:** «Ішім өлген, сыртым сау».

Өлді деуге сыя ма ойлаңдаршы,

Өлмейтұғын артында сөз қалдырған, – деп артына өшпес мұра қалдырған Абай бүгін ерекше бейнесімен, асқақ жырымен де бізбен бірге. Абай әлемін бүкіл жер бетіне таратушы М.Әуезов: «Мен Абай тереңінен шөміштеп қана алдым» деген екен. Біз де ғұлама тереңіне үңілгенмен, тек қана сол тереңнен дәм таттық қой деп ойлаймыз. Ел зиялылары армандаған тәуесіздігімізге де қолымыз жетті! Осы тәуелсіздігіміз ұзағынан болғай! Кешімізді «Мен – қазақпын» әнімен аяқтаймыз. Қош сау болыңыздар!



**Б.С. ШАКЕНОВА,**  
**М.Жүнісов ЖОББМ,**  
қазақ тілі мен әдебиетінің  
жоғары санатты мұғалімі.  
Батыс Қазақстан облысы,  
Жаңақала ауданы,  
Жаңақазан ауылы

## АБАЙ МЕН ПУШКИН ҮНДЕСТІГІ

**Мақсаты:**

**Білімділік:**

– Абайдың ақындық мектебінің қайнар көзі – орыс әдебиеті, оның ішінде А.С.Пушкин шығармашылығының әсері туралы аңгімелеу;

**Тәрбиелік:**

– Оқушыларда орыс халқына оның әдебиеті мен мәдениетіне деген құрмет сезімін шыңдау. Туған халқын сүюге, ол үшін күресе білуге үндеу. Биік достықты үлгі ету. Ұлттар арасындағы достық пен ынтымақтастықты дәріптеу;

**Дамытушылық:**

– Абай және Пушкин мұраларын оқып-үйренуге, тани түсуге ынталандыру, қызығушылықтарын арттыру.

**Көрнекіліктер:**

Суреттер жинағы. Кітаптар көрмесі. Плакаттар.

**Мұғалімнің кіріспе сөзі:** – XIX ғасырдағы орыс әдебиеті Пушкиннен басталады. Пушкин жаңа орыс әдебиетінің негізін салушы, орыстың әдеби тілін жасаушы. Біз Пушкиннен орыс халқының талантын, күшін көреміз. А.С.Пушкин 1799 жылы Москвада дүниеге келген. Әкесі Сергей Львович Пушкин дворян

тұқымынан шыққан. Пушкиннің анасы – Надежда Осиповна Пушкиннің ақындық жолға түсуіне күтушісі, тәрбиешісі, бала күнгі досы Арина Радионованың ықпалы зор болды. Пушкин не жазса да әлеуметтік өмір шындығын жазды. Оның жырларынан патриоттық сезімді, өз Отанына, табиғатына деген сүйіспеншілікті көреміз. Ол орыс өмірінің шындығын батыл сынап білді.

**Поэзия минуты:** Келесі кезекте оқушылар Пушкиннің әр тақырыпта жазған өлеңдерінен үзінділер оқиды.

Орыс лирикасындағы ең жарқын шығармалардың бірі – «Еркіндік» деп аталады. Ол А.Тургеневтің тілегі бойынша жазылған деген сөз бар (Аударған К.Аманжолов), «Торғай» – «Птичка» (ауд. Қ.Шаңғытбаев).

Орыс дәстүрінде 25 наурызда тордағы құсты босатып еркіне ұшырып жіберетін болған. Осы қағида негізінде жазылған өлеңнің соңғы шумағына ақынның бостандыққа ұмтылысы байқалады.

Тек қана өзбасының еркіндігіне емес, басқалардың да бостандықта болуын қалайды. Келесі бір өлеңі «Бұлбұл» деп аталады. (Ауд. Т.Ахтанов). Кейінгі ұрпаққа айтылған өсиет түрінде жазылған өлеңде ақынның ішкі күйзелісін танимыз.

Ақын бір топ өлеңдерін табиғат лирикасына арнайды. Орыс табиғаты, табиғат аясында өмір сүріп жатқан халық, оның өмірі, дәстүрі «Зимнее утро» – «Қысқы таң» өлеңдерінде әсем суреттеледі.

Махаббат лирикасы «Я вас любил» – «Мен сізді сүйіп едім».

**Жүргізуші:** – Кеңес үкіметі тұсында орыстың ұлы ақыны Пушкиннің рухани бай қазынасына қазақ халқының да қолы жетті.. Пушкиннен басталатын орыстың классикалық әсерін Абай шығармашылығынан айқын көреміз. Орыс әдебиетін оқып, зерттеуге ден қойғанда, Абайдың алдыңғы кезекте оқыған ақындарының бірі – А.С.Пушкин.

**Көрініс:** «Абай ақындығы, оған Пушкиннің әсері». Екі оқушы Татьяна хатынан үзіндіні қазақ және орыс тілдерінде оқиды.

**Жүргізуші:** Пушкин реализімінің қай түрі де Абай шығармашылығында кеңінен орын алады. Абай орыстан білім алуға, орыс халқының алдыңғы қатарлы мәдениетіне қосылуға шақырады. Ол қазақ поэзиясына жаңа формаларды енгізді. Пушкиннің «Евгений Онегині» Абай көңіліне тіпті жақын келеді. Евгений мен Татьяна хаттарын аудару арқылы Абай қазақ жағдайындағы соған ұқсас тағдырлар мұңын жоқтады.

Абай адамды қорлауға, бірін ер, бірін әйел деп бөліп кемітуге қарсы болды.

Абай Пушкиннен сүйіспеншілік, табиғат, көңіл-күй лирикасын жырлауды үйренді. Абайдың «Күзі», «Жазы», «Желсіз түнде жарық ай» өлеңдері реалистік жолмен жырланады. Пушкин сияқты Абай жылдың әр мезгіліне сай табиғат суреттерін жасап қана қоймай, оны әлеуметтік жағдаймен, қазақ ауылының өмір тіршілігімен қабаттастыра суреттейді.

**Жүргізуші:** Абайда да, Пушкинде де күз суреті ұқсас: сұр бұлт, жаңбыр, түсіп жатқан сары жапырақтар – екеуіне де ортақ. Екеуі де күзді адам



өмірімен байланыстырады.

### **Поэзия минуты.**

Абай «Күз» өлеңі – Пушкин «Уж небо осенью дышало». Абай «Жазғытұры өлеңі» – Пушкин «Жазғытұры» Ауд. Б.Өтетілеуов. Пушкин орыс шаруаларының өмірін өзен жағасындағы орыс селосының көрінісімен ұштастырса, Абай сарқырап жатқан өзенге келіп қонған қазақ ауылының көрінісін суреттейді.

### **«Желсіз түнде жарық ай» әні орындалады.**

Пушкиннің бір өзі Абай ақындығының қалыптасуына айырықша әсер етті. Пушкин шығармаларын аудару арқылы Абай өз ойына ой қосты. Пушкин орыс қызын жырласа, Абай қазақтың ақ жарқын, ай бейнелі сұлуын жырға қосады.

### **Ән. «Көзімнің қарасы».**

Абай шығармашылығында елеулі орын алатындардың бірі – поэмалары. Абай өзіндік жаңа поэмалар туғызды. Біздіңше, Абай бұл жолды Байрон мен Пушкиннен таңдап алған. А.С.Пушкин «Цыгандар» поэмасында Бессарабияны жайлап жүрген цыгандар өмірі бейнеленсе, Абайдың «Ескендірінде» Македония шаһарын мекендеген Ескендір, «Масғұтта» Бағдат жігіті Масғұттың өмірі беріледі.

**Мұғалімнің сөзі:** – Пушкин өмірінің соңғы жылдары патшамен және бүкіл Петербургтің ірі лауазым иелері – ақсүйектерімен, орда жайсаңдарымен қарым-қатынасы әбден шиленісті.

1937 жылдың 27 қаңтарында Пушкинді дуэльге шақырды. Дуэльде қатты жараланды.

Қарсыласы Дантес және ақынды жек көретін

арестократтар жасырын хат жазды. Әйелін патшаға таңды. Дантес Пушкиннің әйелінің соңына түсіп, әдейі сөз салды. Бұл ақынның ыза-кегін тудырды.

1837 жылдың 28 қаңтарында ақын көз жұмды.

Пушкин шығармаларын сүйіп оқу, оның асыл қасиеттерін зерттеу, үйрену арқасында кеңес әдебиетінде жаңа формалар пайда болды.

Пушкинді шебер аударып, әрі Пушкинше лирикалы сезімге қонымды өлеңдер жазуда Ғ.Орманов, Қ.Айманжолов, Ә.Сәрсенбаев, Қ.Шаңғытбаев, Т.Жароков сынды ақындарды атауға болады. А.С.Пушкин туралы пікірлер.

Соңы, Абай мен Пушкин ХХІ ғасырға аяқ басты.

**Жүргізуші:** - 2006 жыл Қазақстандағы Пушкин, Ресейдегі Абай жылы деп жарияланғаны мәлім.

Ең айтулы оқиға – Мәскеудегі Абай ескерткішінің ашылуы, Абай ескерткіші Мәскеуде «Чистые пруды» саябағы төрінен ойып тұрып орын алды.

**Ән: «Татьянаның әні». Сынып оқушылары орындады.**

**Қорытынды.**

Р. Т. ҚАУЫМБАЕВ,  
М.Х. Дулати атындағы  
Тараз мемлекеттік университеті,  
«Стандарттау және метрология»  
кафедрасының меңгерушісі,  
PhD доктор, доцент.

## ХАЛҚЫМЫЗДЫҢ САЛТ-ДӘСТҮРЛЕРІ ЖӘНЕ РУХАНИЯТ

Салт-дәстүрлер – қазақ халқының ұлттығын, даралығын танытатын қазыналарының бірі және бірегейі. Қазақ халқы дүниеге келген күннен бастап қара жерге енгенше салт-дәстүрлерді орынды пайдаланып, ұрпақтан ұрпаққа мұра етіп қалдырып отырған. Ұлттық кодымызды сақтау үшін ұлттық салт-дәстүрлерді жаңғырту қажет. Яғни ұлтымызды ұлт қылып қалыптастырған салт-дәстүрлеріміз техногендік өркениеттің толқынының астында қалмауы керек. Бұл жаңғыру өзге ұлттардың дәстүрлерін жедел қабылдау емес - өз ұлтымыздың салт-дәстүрлерін жаңғырту. Демек, ұлттық құндылықтарды сақтау, сақтай отырып адамилық ой-сананы толықтыру, ұлтқа деген сүйіспеншілікті арттыру, ұлттық мұраттарды құрметтеу. Қоғамдық ой-сананы рухани жақтан жетілдіру үшін ұлттық салт-дәстүрлерді, ұлттық мәдениетті ұлықтап, ұлттық болмысымызды кемелдендіруге бағыт алуымыз қажет. Ол үшін әрбір адамның бойында ізеттілік, қайырымдылық, мейірімділік, кішіпейілділік, әдептілік, имандылық, адамгершілік сияқты қасиеттер орын алуы

тиіс.

Көптеген жылдар бойы Ресей отаршылдығында болған халқымыздың рухани байлығы, рухани құндылықтары ұмытыла жаздады.

Адам – мемлекеттің басты байлығы. Демек, адамдық факторды алға шығару үшін рухани жаңғыру басты рөлді атқара алады. Рухани жаңғырудың астарында ұлттық идеология бой көрсетіп тұр. Сондықтан рухани жаңғырудың білімсіз, реализм мен прагматизмсіз қоғамға енбейтінін, ең бастысы, адам санасына орнықпайтынын ұғынуымыз тиіс.

Салт-дәстүр – ұрпақтан-ұрпаққа ауысатын, тарихи қалыптасқан нормалар мен үрдістер. Ол өз кезегінде қоғамдық ұйымдар мен халықтың мінез-құлқының, іс-әрекетінің рухани негізі. Жалпы адамзат есіндегілерді және әлеуметтік-тарихи тәжірибені ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуші және жинақтаушы. Дәстүрде бірнеше ұрпақтың мәдениеті мен мәдениеттілігінің көп түрлігі және бірлігі жинақталған. Ол қоғамдық өмірдің барлық саласын, тәжірибесін қамти отырып, қоғамның әр деңгейіндегі ақылды даналықты бейнелейді. Дәстүр мәдениетпен тығыз байланысты, сондықтан мәдениеті дамыған ел дәстүрге де бай. Ата-ананы құрметтеу, үлкенді сыйлау, адалдық, әділеттілік, мейірімділік сезімдері озық дәстүрлерге жатады».

Қазақ халқында «Тойбастар», «Аужар», «Сыңсу», «Беташар», «Ат қою», «Шілдехана», «Бесік тойы», «Тұсау кесер», «Сүндет той», т.б. салттарымыз біздің ұлттық ділімізді сақтап қалады, ұлттық идеологиямыздың өркендеуіне бағыт-бағдар береді. Қазіргі жастар халқымыздың салтын, дәстүрін, ділі

мен дінін, тілі мен тарихын, әдеп пен әдетін, тәлім-тәрбиесін, мінез-құлқын, халық әнін, халық күйлерін, ауыз әдебиеті үлгілері мен көнеден келе жатқан жазба жәдігерліктерін, адамгершілігі мен имандылығын білуі керек.

Салт-дәстүрлер өскелең ұрпақты ұлтжандылыққа тәрбиелеп, отаншылдыққа баулиды. Қазіргі таңда жаңғырып, күнделікті тұрмысымызда көптеп қолданылып жүрген бірнеше салт-дәстүрлерге тоқталып өтейік. Мәселен:

**Бата** – ежелгі қазақ түркілерінің ауыз әдебиетінде кең тараған жанр.

**Бата** – мақалдар мен мәтелдер, жұмбақтар мен жаңылтпаштар сияқты ертеден келе жатқан рухани мұрамыздың қатарына жатады.

**Бата** – көне замандарда пайда болған ырым-тыйымдар мен магиялық наным-сенімдермен тығыз байланысты.

Ол белгілі бір адамның өмірлі, бақытты, абыройлы болуына тілек білдіру үшін айтылады. Мұндай бата көпшілік қауымға да арналып айтылады.

**Батаның қысқа түрлері де бар:** «Көп жаса», «Жолың болсын», «Бақытты бол», «Арман-мақсатыңа жет» т.б.

Ежелгі дәуірде бата әскерлерді ерлікке, өрлікке, қаһармандыққа бастайтын идеологиялық қару болған.

Бата тойда, аста, жас келінге, ұл-қызға, жас жұбайларға, жас отау иелеріне арнап та айтылады. Батаны көбінесе елге сыйлы, құрметті адамдар береді. Бата – адамның ойлау өрісіне, танымдық санасына әсер етіп, ізгілік нәрін себеді. Ертеңге, болашаққа үлкен

үмітпен қарауға әсер етеді. Бата адамға қанат бітіреді, уайым-қайғыға беріліп жүрген адамның санасын жаңғыртып, магиялық күш дарытады. Сондықтан балалар мен жасөспірімдерге, студент жастарға батаны жаттатып, оның адам санасын ізгілікке, тапқырлыққа, кемелділікке баулитын қасиетін үйретуіміз қажет.

Батаның жас қыздарға, келіншектерге әсер етер қуаты да ерекше. Ел сыйлаған қариялардан, көпті көрген қарттардан бата алу олардың өмірге деген құштарлығын арттырады. Бата адамды жаңа істерге, жақсылық әрекеттерге, жамандықтан сақтануға, адалдыққа, әділеттілік пен ізеттілікке баулиды.

Қазақ халқында «Жаңбырменен жер көгереді, батаменен ер көгереді», «Жақсы сөз-жарым ырыс» деген аталы сөздер тегін айтылмаған.

Қазақ елінің тағы бір тамаша дәстүрі - жаңа түскен келіннің бетін ашу салты. Келінді түскен ауылындағы жұртпен таныстырудың алғы шарты. Отбасына жаңа адам келіп қосылды. Туған үйінен ұзатылған қыздың бұдан былайғы өмірлік тұрағы осы босаға болмақ. Бала күннен қоян-қолтық араласып өспеген тосын ортаға келін боп түсудің өзі үлкен сын. Жас адамның сырлығы емес жерде тосырқай именіп, жабырқауы әбден мүмкін ғой. Қиялы қай қияға самғамайды. Өйткені құлантайдай қатар өскен сырлас құрбылары қасында жоқ. Сондықтан жаңа ортада жалғыздық көрмеуге тиіс. Осы мұрат беташар салтанатында көрініс табады да, жас келін елге таныстырылады. Жиналған жұрттың алдында айтатын жыр да сол сезім-түйсіктерді толық қамтиды...

Жұрт беташар жырға көп жиналады. Жырау немесе

жыршы қолына күмбірлеген домбырасын алып жаңа түскен келіннің бетін беташар жырымен ашады...

Шілдеhana – дүниеге адам келгеніне арналған той, нәрестенің жаңа басталған өмірінің тұңғыш салтанаты. Шілдеhanаның да тарихи тамыры терең. Адам санасы дамуымен астасып жатады. Дүниеге көз ашқан нәрестенің қуанышын жұртқа жария етеді. Сәбиді адам рухына жат елестерден қорғауды мақсат етеді.

Қазақ халқында шілдеhana тойында айтылатын *«Шілдеhana жыры»* келіндерді ұрпақ тәрбиесіне жауапты болуына міндеттейді.

Сонымен, шілдеhana салты ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан рухани құндылықтарымыздың бірі екен. Бұл құндылықтардың күнделікті тұрмысымызда орындалуы ұлттық болмысымызды айқындай түседі. Біздің санамызды ұлтжандылыққа, ұрпақ сүюде имандылық пен адамгершілік қасиеттерді бойымызға тоғыстырады.

Қазақ тұрмысында жаңа туған сәбидің өсу кезеңдерін ырымдап, кезең-кезеңімен атап өтіп отыратын сәті көп және одан асқан салтанаты да кем де кем. Дүниеге келген нәрестенің әр күні, әр құбылыс-қимылы үй ішіндегілердің жүрегін елжіретеді. Ананың да сый-құрметі артады. Босанған әйел қырық күнге дейін баппен күтіледі, ауыр жұмыстардан шеттетіледі. Бұл мезгіл оның дене мүшесі қалпына келетін мөлшері деп ұйғарылады. Ана құшағындағы нәресте де осы уақыт ішінде күн құрғатпай шомылдырылады, маймен сыланады, аяқ-қолы керіліп-созылады. Осы шаралардың бәрі баланың ширауына, дені сау өсуіне себін тигізеді деп қосталады...

Баланы бесікке салу рәсімі қоғам арасына арнайы тойланып, түрлі әдет-ғұрып салттары, ырым жорағылар жасалады. Бесік баланы тамақтандырып, бағып-қағуға ғана ыңғайлы емес, оны әнмен тербетіп ойнатып, көңілін алдап, аялап, ардақтауға да қолайлы. Бесік сөзінің көне қолданыстарын көне жазба ескерткіштерінен бастап жазба деректердің барлығын да жолықтыруға болады. Бұдан қазіргі түркі тектес халықтар ішінде сәл ғана өзгешеліктермен қолданылатын «бесік» сөзі бұл халықтар ұғымында ертеден бар, бесікті күнделікті тұрмысында көне заманда-ақ пайдаланған деп түюге әбден болады.

*Қазіргі таңда бесікті жетілдіру ісі жүргізіліп жатыр. Мысалы, электробесік жасалды. Темікті басып қалсаң, бесік электр тогының күшімен өзі тербетіле бастайды. Сонымен бірге қазақы әуен орындалады. Мұны дұрыс қолдана білсек, пайдасы көп.*

Сонымен, ұлттық салт-дәстүрдің ұрпақ тәрбиесіндегі маңызы өте зор. Бұл – біздің рухани жаңғыруымызда мәні зор ұлттық тәрбиеміздің бір бөлігі ғана. Ендеше ұлттық болмысымызды сақтап қалуда, қоғамда адамгершілік идеяларды орнатуда адамгершілік қасиеттерді сақтауда сана тереңдігіне бойлай отырып, халқымыздың бай мұраларын іске асыруымыз тиіс.

З.Т. МУХАМЕДЬЯРОВА,  
қазақ тілі мен әдебиеті магистрі,  
БҚО,  
Орал қаласы

## ОТБАСЫНДАҒЫ РУХАНИ –АДАМГЕРШІЛІК ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ШЕШЕНДІК СӨЗДЕРДІҢ РӨЛІ

*Ана есімін әрқашан біз биік ұстаймыз.  
Мұса Жәлел.*

*Нәзіктік атаулының жиынтығы – ананың алақаны,  
сондықтан да ол – сәби үшін ең жылы ұя.  
Виктор Гюго.*

*Ұлттың болашағы – аналардың қолында.  
Оноре де Бальзак.*

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауында: «Оқыту жастарға беріп қана қоймай, оларды қолдана білуге үйретуі тиіс. Оқытудың тәрбиелік компонентін күшейту маңызды. Патриотизм, мораль мен адамгершілік нормалары, ұлтаралық келісім, толеранттылық, денсаулық және рухани даму, заңды тыңдаушылық. Бұл құндылықтар барлық оқу орындарында, олардың меншік түріне қарамастан, игерілуі тиіс» – деп атап көрсетті. (ҚР Президенті Н. Ә. Назарбаевтың «Әлеуметтік-экономикалық модернизациялау Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы, 2012 ж. 27 қаңтар)

*«Ақыл табылмай тұрып, ештеңе табылмайды.*

*Ақыл жетілмей тұрып, ар-намыс шыңдалмайды. Ар-намыссыз азамат өзгелердің көсегесін көгернек түгіл өзінің көсегесін көгерте алмайды.»*

*Н.Ә.Назарбаев.  
Қазақстан Республикасының  
тұңғыш Президенті.*

Өскелең ұрпақтың рухани-адамгершілік тәрбиесі – мейірімділікке, қайырымдылыққа, өзара көмек көрсетуге бағытталған адамдағы ізгіліктік құндылықтарды ашуды көздейтін мектептің ең маңызды міндеті, оқу-тәрбие үдерісінің ажырамас бөлігі болып табылады. Сондықтан мектептегі тәрбиелік үдеріс оқушыларға жалпыадамзаттық құндылықтарға негізделген тәрбие мен оқу қызметтерін біріктіретін жаңа дүниетанымды ашу керек.

**Отбасы** – адам баласының өсіп-өнер, қаз тұрар, қанат қағар ұясы, алтын бесігі.

**Тәрбиенің кілті** – отбасының өмір тіршілігіне байланысты. Әсіресе, ата-ананың адамгершілік бейнесі – балаларды тәрбиелеудің негізгі көзі. «Қыран – ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» ғой. Бала өмірінің алғашқы күнінен бастап ата-анасының қамқорлығын көріп, яғни ол өзін қоршаған шынайы махаббатты сезініп өсуі керек. Сонда өмірге деген шынайы көзқарастары қалыптаса бастайды. Отбасының берік негізі – осындай рухани мүдденің бірлігінде болмақ. Оның тату болуы, береке-бірлігі, ең алдымен, әке-шешенің бір-біріне, балаларына қалай қарайтындарына байланысты. Үлкенге – құрмет, кішіге – ізет көрсетудің мәнін ашып көрсете білуіміз керек.

Ғасырлар бойы қалыптасқан халық дәстүрлері мен салттарында, отбасы тәртібі солар арқылы қатаң

реттеліп отырған. Мысалы, «Қызға қандай киім лайықты, шашты бір өрім бе, әлде екі өрім етіп өру дұрыс па, оны шашбаумен сәндеу керек пе, не орамалдың, не кимешектің астына жасырып қойған жөн бе?» Біздер әр баланың жүрегінде мәдениеттің бір бүршігі бар екенін ұмытпайық. Олар өздерін қоршаған ортадан мәдениеттің сәулелерін сезініп өссе, атаның тәлімін естіп, батасын алса, әженің аңыздарын, ертегілерін естіп, жаны жақсылықтарға қанығып өссе, біздің болашақ ұрпағымыз қашанда жолынан жаңылмайды.

**Ұрпақ – болашақ, ол адамзаттың болашағы, ал отбасы – кішкене мемлекет.** Бала тәрбиесінің алғашқы алтын қазығы – туған ұясы, өз отының басындағы тәрбиенің маңызы зор. «Болса тәртіп, бала өседі сомданып, қатаң ұста, бос жүрмесін сандалып», – Жүсіп Баласұғын айтқандай, **есі кіріп, тілі шыға бастағанда баланы байсалды, ұғымтал, тілалғыш етіп тәрбиелеу – ата-ананың басты міндеттерінің бірі.**

Бала тәрбиесінің алғашқы алтын қазығы – туған ұясы, өз отының басындағы тәрбиенің маңызы зор. Бала жүрегі-теңіз тереңіндей тұңғыық. Өз сыры, өз айтары бар. Оның көзіндегі тұнып тұрған сұрақтарды көріп, жауап бере білудің өзі – керемет дүние. Осыған орай, Е.Өтетілеуовтың «**Біздің шаңырақ**» өлеңін келтіре кетейік:

*Атамнан басталар  
Әжеммен қосталар  
Отбасым мыналар:  
Ең жақын адамдар  
Әкем мен анам бар  
Бір туған ағам бар,  
Бір туған апам бар.*

*Бәрін жақсы көремін  
Еркелеймін, еремін.*

Оқушыларды ананың еңбегін ақтауға, анаға деген сүйіспеншілікке, ананы құрметтеуге тәрбиелеудің маңызы зор.

*Ана – өмір қолдаушысы әлемнің,  
Шаңырақтың шаттығы мен шуағы.  
Сейілмесін жанарынан ананың,  
Тірішілікке төккен нұрлы шуағы.  
Аялайық аналарды әрдайым  
Қуанышқа бөлейікші өздерін.*

**Ана – барлық өмірдің бастауы.** Ол адамды өмірге әкеледі, оны тәрбиелейді, өсіреді. Адам бойындағы барлық асыл қасиет күннің нұрынан, ананың ақ сүтінен дариды.

*Ана – ұлы адам, Ана құдіретті жан.  
Жақсы тәртіп көрсе бала күнінде,  
үлгісімен қуантады түбінде.*

**(Жүсіп Баласұғын).**

**Отбасы** – адам үшін ең жақын әлеуметтік орта.

**Отбасы** – белгілі дәстүрлердің, жағымды өнегелердің мұралар мен салт-дәстүрлердің сақтаушысы. Отбасында бала алғаш рет өмірмен, қоршаған ортамен танысып, мінез-құлық нормаларын игереді.

**Отбасы** – баланың азамат болып өсуінің негізі болып табылады.

**Отбасының басты қызметі** – баланы тәрбиелеу.

**Отбасы тәрбиесі** – бұл тәрбиенің ең басты бөлігі. Ата-ана және отбасы мүшелері жас нәресте дүниеге келген күннен бастап оның өміріне қамқорлық жасап, болашағын жоспарлайды және саналы азамат болып өсуі үшін қажетті жағдайды жасайды. Бұған баланың

қажеттілігін толық қанағаттандыру, оны дене және ой еңбегіне үйрету, күн тәртібін дұрыс реттеуге, салауатты өмір сүруге, адал болуға тәрбиелеу, жақсылықты үйренуге, жамандықтан жиренуге үйрету, бойына жастайынан мәдени құндылықтар мен адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру жатады.

**Бала тәрбиесінде шешендік сөздер мен мақал-мәтелдердің де маңызы зор. Солардың бір шоғырын ұсынып көрейік:** – Қызым, саған айтам, келінім, сен тыңда,

- Атаңа не қылсаң, алдыңнан сол келер.
- Атасын сыйлаған абыройға бөленер.
- Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің.
- Ағайынға қарап бала өсер,  
қарағайға қарап тал өсер.
- Тісі шыққан балаға шайнап берген ас болмас.
- Атаға қарап ұл өсер, анаға қарап қыз өсер.
- Ата-ананың қадірін балалы болғанда білерсің.
- Атаңның баласы болма, адамның баласы бол.
- Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің.
- Балалы үй – базар, баласыз үй – қу мазар.
- Ата көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер.
- Ананың сүті – бал, баланың тілі – бал.
- Әке – асқар тау, ана – шалқар көл.
- Анаңа ауыр сөз айтпа, әкеңе ауыр жүк артпа.
- Өз үйім – өлең төсегім.
- Үй ішінен жау шықса, тұра қашып құтылмассың.
- «Сіз», «біз» – деген жылы сөз, ағайынға жарасар.
- Қазаны басқаның қайғысы басқа.
- Ата – баланың қорғаны,  
атаға баланың алалығы жоқ,
- Балам-балым,

баланың баласы – жаным.

– Ананың көңілі балада,

баланың көңілі – далада.

– Балалы үйдің ұрлығы жатпас,

– Бала-бауыр етің.

– Қыз ақылды ескермес,

ана үлгісін көрмесе,

ұл жарылқап ас бермес,

әке үлгісін көрмесе. **(Қорқыт).**

Сонымен, отбасы-тәлім-тәрбиенің алтын діңгегі, өз заңдылықтары бар шағын мемлекет. Отбасы-дүниеге шыр етіп келген күннен бастап, өмірдің ыстық-суығына төзімді етіп тәрбиелейтін, үлгі-өнеге көрсететін, бойға жақсы қасиеттерді сіңіріп, халыққа пайдасы тиетіндей толыққанды адам қалыптастыратын алтын ұя. Бізді ата-бабаларымыздан қалған салт-дәстүрлерді сақтай білетін, елі мен жерін қалтқысыз сүйетін, тілі мен ділін, дінін ардақ тұтатын аяулы ұл-қыз өсіретін алтын мекен – отбасы! Біздің ата-бабаларымыз отбасын тәрбиенің бесігі ғана емес, адамның болашаққа аттанар тұғыры деп есептеген. Өмірдің тұтқасы оттың басынан, ошақтың қасынан бастау алады деп санаған. Өйткені, қазақтың ошағы киіз үйдің ортасына орналасып, жан-жағына жылу шашқан, өмір нұрын сепкен.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Өзін-өзі тану. №1 қаңтар-ақпан 2017 ж.
2. Өзін-өзі тану. №11 қараша 2013 ж.
3. Өзін-өзі тану. №9 (81) қыркүйек 2016 ж.

Г.ИБРАГИМ,  
2 курс магистранты.

Р.Б. БОРАШ,  
Абай атындағы ҚазҰПУ,  
С.Қирабаев атындағы қазақ тілі  
мен әдебиеті кафедрасы,  
П.ғ.к.,

## ТАҒЫЛЫМЫ МОЛ ДОСПАМБЕТ ЖЫРЛАРЫН ОҚЫТУ

### Аңдатпа

*Қоғамдағы жаңалықтарға, заманның ағымына ерген Қазақстанның білім беру саласы да даму жолындағы жаңарту үрдісінен қалыс қалмай келеді. Білім берудің парадигмасы өзгерді. Жаңарып, жаңғырды. Әлемнің дамыған елдерінің білім беру бағдарламалары енгізілуде. Бұл жаңартылған мазмұнның барлығы «жеке адамның шығармашылық, рухани және мәдени мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік құндылықтар негізін қалыптастыру, жеке басының дамуы үшін жағдай жасау арқылы ой-өрісті байытуды» көздейді. Бұл мақсатқа жету үшін жыраулар поэзиясын, соның ішінде, Доспамбет поэзиясын оқытудың маңызы зор. Аталған мақалада бұл мәселе сөз етіліп, тәрбие беруде қазақтың ертеден келе жатқан пайымдаулары мен тұжырымдары келтіріліп, жыраудың шығармалары арқылы дәлелді ойлар айтылды.*

### Кілт сөздер

*Оқыту, тәрбие, Доспамбет, педагогика, әдебиет, жаңарту.*

Адамзат атаулының тарихындағы негізгі мәселелердің бірі келешек ұрпақты тәрбиелеу қай кезеңде де өз көкейкестілігін жоғалтқан емес. Қай заманда болсын қазақ халқы елдің ертеңін білімді жастардың, білімді баланың қолында деп санағаны белгілі. Бүгінгі таңдағы жаңалықтар мен өзгерістер сол білім беру саласын да айналып өтпей, өз әсерін тигізуде. бүгінгі білімнің парадигмасы өзгерді. Оқыту үдерісінде жаңа мәселелер туындауда. Солардың бірі-жаңартылған білім мазмұнын оқушыларға сіңдіруде ұлттық болмыс пен ұлттық құндылықтарды сақтай отырып білім беру. Елбасымыздың Қазақстан халқына жолдауында бұл жөнінде былай делінген: «... жаңа жағдайларға сай біздің бәрімізді алаңдататын мәселе – білімді, кәсіби даярлығы бар адам тәрбиелеу ғана емес, қоғамдық өмірдің барлық саласында ұлттық және дүниежүзілік құндылықтарды қабылдауға қабілетті, рухани және әлеуметтік-адамгершілік мүмкіндігі мол тұлғаны қалыптасыру болып табылады» [1,3]. Ал бұндай тұлғаны қалыптастыру – мәңгілік елдің ертеңгі тұтқасын ұстар тұлғасын қалыптастырудың алғышарттары болмақ.

Қазіргі жаңарған мазмұндағы білім беруге дейінгі дәстүрлі білім беруде оқушылардың мектеп қабырғасындағы ғана жетістіктері жіті қадағаланып, мектеп бітіріп кеткеннен кейінгі оқушы тағдыры мектептің білім берудегі басты мақсаттарының бірі саналмайтын, ал ағымдағы педагогикада білім оқушының мектеп бітіріп кеткеннен кейін де қоғамға оңай сіңіп кетуін, әлеуметтік көзқарасының дұрыс қалыптасуын, мектепте алған білімі мен білік



дағдыларын күнделікті өмірде де пайдаға асыра білуін көздейді. Бұл тұрғыда жеке тұлғаны ұлттың қамын ойлай аларлық азамат етіп тәрбиелеу де маңызды мақсатқа айналары сөзсіз.

Жеке тұлғаның ұлттық сезімін тәрбиелеу айналасындағы ортада қалыптасқан, олар үшін өмірлік қағида болып табылатын белгілі бір құндылықтармен толықтыру арқылы жүзеге асырылуы тиіс. *«Бірақ ақыл – парасаттың өзі адамдардың қандай да бір бөлігінде, ал кейбір жерлерде едәуір бөлігінде әр түрлі қоғамға қарсы идеялармен, психологиялық тойымсыздықпен, өзімшілдікпен, басқа ұлттық құндылықтарды қабылдамау арқылы да ластануы мүмкін»* [2, 63].

*Тәрбие мақсаттарының бірі – адамды, ұлтты зиялы, мәдениетті, бақытты етіп баулу. Ұлт мүшесі — әрбір адам бақытты болса, адамзат дүниесі бақытты. М.Жұмабаев тәрбиенің мақсатын: «Тәрбиеден мақсұт адамды һәм сол адамның, ұлттың, асса, барлық адамзат дүниесін бақытты қылу. Ұлт мүшесі — әрбір адам бақытты болса, ұлт бақытты, адамзат дүниесінің мүшесі — әрбір ұлт бақытты болса, адамзат дүниесі бақытты. Қысқасын айтқанда, тәрбиеден мақсұт – адам деген атты құр жала қылып жапсырмай, шын мағынасымен адам қылып шығару»* [3,14] – деп атап көрсетеді.

Адам мәселесінің ғаламат күші – оның өткені мен бүгінін, бүгіні мен ертеңін жалғастыратын біртұтастық, шексіздік, тұрақтылықтың бірлігі болып отыруында. Адам мәселесі – мәңгілік, бірақ ол тарих толқындарында өзінің жаңа қырларымен көрініп отырады.

Егер мәдениет адамды қалыптастыру, жетілдіру

болып табылса, ал өркениет қоғамның даму деңгейін көрсетеді. Ал қоғамсыз адам адам бола алмайтыны белгілі. Егер де тәрбиені қоғамдық нормалар мен құндылықтардың жинақталу үдерісі арқылы адамның жан-жақты жетілуі деп қарастырсақ, онда тәрбиенің басты мақсаттарының бірі – адамды сәби кезінен қоғамның тыныс-тіршілігімен тыныстатып, дүниеге құнды көзқарасын жетілдіруде адамгершілік, эстетикалық, азаматтық, саяси санасын қалыптастыру.

Бұндай тәрбие беру халқымыздың бізге дейінгі даму тарихында ежелден бастау алады. Тал бесіктен берілер тәрбиенің дұрыс болуын көздеген әдеби, мәдени мұраларымыз жетерлік. *Қазақ халқы өз ұрпағын әрқашан киелі сөзбен тәрбиелеген. Қазақ халқының психологиясындағы ерекшелік – ақылмен айтылған асыл сөзге тоқтау.* Сондықтан да бүгінгі таңда жан-жақтан ағылып келіп жатқан ақпараттардың теріс ықпалынан сақтап қалу мақсатында жасөспірімдерге ұлттық педагогикаға негізделген үлкен оқу-тәрбиелік жұмыстар жүргізілуі тиіс. Осы орайда киелі сөздің иесі жыраулар поэзиясының рөлі зор. Ал жыраулар поэзиясында шығармалары тәрбиелік тағылымға толы Доспамбетті оқыту бүгінгі білім беруде де өзекті болары сөзсіз. Жорық жырауының еліне, Отанына, туған жеріне арнаған өлеңдерін, толғауларын әдебиет сабақтарында өту, түсіндіру елжандылыққа, Отансүйгіштікке тәрбиелеуде ықпалы зор.

*Тоғай, тоғай су,*

*Тоғай қондым өкінбен.*

*Толғамалы балта қолға алып*

*Топ бастадым, өкінбен.*

*Тобаршығы биік жай салып,  
Дұшпан аттым өкінбен.  
Тогынды сарты нар жегіп,  
Көш түзедім өкінбен.  
Ту құйрығы бір тұтам,  
Тұлпар міндім, өкінбен.  
Туған айдай нұрланып  
Дулыға кидім өкінбен [4, 34]*

Доспамбеттің бұл өлеңін оқыту арқылы бала бойына жыраудың бойындағы күш-жігер, қайратты құя алатындаймыз. Бұл оқыту баланы әдебиет арқылы тәрбиелеудің бір көрінісі секілді. Жыраудың бұл толғауы өзінің әлеуметтік, батырлық сарынымен ғана емес, көркемдік сапасымен де құнды.

Доспамбет поэзиясында арнайы дыбыстық үйлесімдер, синтаксистік параллелизмдер мен ішкі ұйқасқа құрылған шығармалар да жетерлік. Автордың терең философиялық ойын көрсетуде оның ұйқасты, ырғақты шығармаларын оқыту маңызды.

Мысалы:

*Жара бір қатты, жан тәтті,  
Жара аузына қан қатты.  
Жарақшылар жоқ па екен  
Жармай білте саларға,  
Жағдайсыз жалғыз қалып барамын,  
Жанымда бір туғанның жоғынан.*

Жыраудың «ж» дыбысын бірнеше рет қайталай отырып, аллитерациялық заңдылық тудырып, оқушысын шығарманың ішкі иіріміне бойлатуда шығармашылық көркемдік тәсілді тиімді қолданып, эмоциялық әсерін үстемелей түседі. Бұл шығармаларды оқыта отырып,

жеткіншектерді жыраудың басынан өткен өмір тарихына қызығушылығын оятып, адамгершілік пен ұлтжандылыққа тәрбиелеуде берер мүмкіндігі мол. Доспамбет жырының бір қызметі де сол-тәрбие беру. Бұл бүгінгі білімде де өзекті. Себебі, педагогикалық міндеттердің өзі оқу және тәрбиелік болып бөлінеді. Әдебиет, соның ішінде, жыраулардың поэзиясын оқытудың ерекшелігі – білім беру мен тәрбиелік мақсаттар тұтас күйінде, ажырамай қарастырылады.

Доспамбет жыраудың шығармашылығын өту барысында жырау туралы халық арасында ауыздан-ауызға тараған аңыздар мен оқиғаларды айту арқылы балалар бойында ескі заман мен ерте кезеңнің әдебиетінің де қызықты болатындығын көрсете аламыз. Себебі жаңа мазмұндағы оқудың тағы бір ерекшелігі сабақтың аяқталу кезеңі оны жаппай, қайта алдағы бөлімдерге қызығушылықты оятып, балалардың мүмкіндіктерін кең ашуға тиіс, демек мұғалім бүгінгі сабақты ертеңгі сабақпен қызықтыратын байланыс іздеуі қажет.

Мысалы, Доспамбет туралы ел арасында қамшыны қадір тұтып, тіпті ажалының да қамшы үшін болғандығы туралы аңыз тараған. Ол туралы В.Радлов Қырымды қоныстанған ноғайлардан жазып алған мына бір жазбасында айтылады: «*Азауда Доспамбет аға болған (аға-ханға жақын халық титулы), одан басқа отыз екі аға болған, әпсі де батырлардан болған, – деп басталады бұл аңыз. – Бұлар бірде кезекті жорыққа аттанады. Бірнеше күн өткен соң көп әскерге жолығады. Басқа ағалар қашайық дегенде Доспамбет: «Қашпақ болмас, Алланың басқа салғанын көрерміз»,-*

деп ұрысқа қойып кетеді. Жауды біраз жайратып, қайтар жолда байқайды. Бір шетте Доспамбеттің қамшысы түсіп қалады екен. Доспамбет ұрыс болған жерге қамшы үшін қайта бармақ болады. Алайда жорықтас жолдастары оның бұл ісіне қарсы болады. Сонда Доспамбет: «Қамшының қолғамасы алтын, сабы иез-ді. Өзегі бұлан терісі, өрімі өгіз қайысы-ді. Қамшым қалды қайтамын» деп жау қолына қайта түседі. Осылайша, Доспамбеттің қазасы ұрыс кезінде түсіп қалған қамшыдан болады. Бақсақ, қазақта Доспамбеттің қалай, қайда қайтыс болғандығы жөнінде нақты деректер айтылмайды. Қамшы туралы деталь да тек ел аузындағы аңыздардың бірі»[5,37]. Дегенмен, оқушыларға мына бір толғауды оқыту арқылы бұл деректердің де шындыққа жанасатындығын байқатсақ болады:

*Қарағайлы көдік бойында,  
Қамшым қалды ойында.  
Бүлдіргісі бұлан терісі,  
Өрімі құнан пілдің қайысы,  
Шырмауығы алтын, сабы жез,  
Бейазының бойында  
Күзен, қарсақ жер ме екен! [4,33]*

Басқа заты емес, қамшының қадірін арттыра отырып суреттеуі жырау үшін соншалықты маңызды болғандығын көрсетеді. Өйткені жорықшы жыраудың қарапайым ат айдау құралы үшін басын өлімге байлауы мүмкін бе еді, кесімді билік айтуға араласа алатын абыройлы адамның айбарын көрсететін, бүкіл ұлттың намысы жатқан белгі ретінде санайды. Демек, қамшының тек түз тағыларына азық болуымен ғана

байланыстыру азық етеді. Бұл жердегі жыраудың уайымы ел тұтқасын кім ұстар екен, тағыларға жем болмасына кім кепіл дегенге саяды. Бар ғұмырын ат үстінде өткізіп, ұрыс-шайқас ортасында күн кешкен жыраудың бұлай қапа болуының себебі де осы. Осындай аңызды білген соң балаларда «жыраудың өз өмірін қиюына себеп болған қамшыда не құдірет бар?», «Доспамбеттің өмір тарихында бұл оқиға шын мәнінде болды ма?» деген сұрақтар туындап, шығармаларды оқуға деген қызығушылықтары, ынталары оянары сөзсіз. Себебі, жас ұрпақты жоғары интеллектуалды азамат ретінде тәрбиелеуде халқымыздың осындай бай мұрасын пайдалануымыз қажет.

Әр халықтың келешек ұрпағына қалдырған мұрасында сол халықтың мінезі мен тұрмыс-тіршілігі, болмысы мен бітімі көрінеді. Доспамбет мұрасынан ерлік пен батырлықтың рухы сезіледі:

*Қоғалы көлдер, қом сулар  
Қоныстар қонған өкінбес.  
Арыстандай екі бұтын алайтып,  
Арғымақ мінген өкінбес.  
Кілең бұздай кілшейтіп,  
Көбелер киген өкінбес.  
... Екі арыстап жау шапса,  
Оқ қылқандай шаншылса,  
Қан жусандай егілсе,  
Аққан судай төгілсе,  
Бетегелі Сарыарқаның бойында  
Соғысып өлген өкінбес! [4,31]*

Жыраудың бұл бір ғана өлеңінің көрінісі. Бүгінгі білім беруде өзекті патриоттық тәрбиені бере алатындай

шығармалардың бірі.

Қазіргі білім ақпараттанған, жаһанданған білім. Осы тұста, ұмыт болып бара жатқан ұлттық құндылық, ұлттық болмыс ұғымдарына қайта бет бұрып жатқан уақытта авторлық және жазба әдебиеттеріміздің көшін бастап тұрған, шығармалары дидактикалық сарында жазылып, өсиет-өнегеге негізделген, үлгі мен ұлттық тәлім-тәрбиеге толы жыраулар поэзиясы, Доспамбет жырлары арқылы жас ұрпаққа қазақ әдебиетінің қайнар бастауы, тарихынан сыр шерте білумен қатар, сол тарихтың өткені мен бүгінін байланыстыра отырып, қоғамда өз орнын таба алатын, айналасындағы адамдармен тіл табысып, өнегелі, тәрбиелі ұлт өкілі ретінде көрсете алатын, ұлттық болмысты бойына сіңіре білген дара тұлғаны қалыптастыру педагогикамыздың негізгі мақсаттарының біріне айналуы тиіс.

Қазіргі кезде өзекті тақырыптардың бірі салт-дәстүр, тарих, туған жерді сүйу, ұлт үшін қалтқысыз қызмет қылу, оны өскелең ұрпақ бойына сіңірту болса, Доспамбеттің *«Айнала бұлақ басы Тең, Азаулының Стамбұлдан несі кем»* деп туған жердің мәртебесін көтере жырлауын мысал ете отырып, *«болашағын басқа елден іздеуге бейім, «батыстық» өркениетке бет бұруға дайын кей балалардың ойын өзгертуге болатын секілді.* Себебі, әдебиет сабағындағы мотивациялық компонент оқушылардың қарым-қатынас қажеттілігімен қатар, олардың сөйлеу мәдениетін жоғары деңгейде игеруге ұмтылысын, оқу еңбегіне саналы түрде қызығушылығын тәрбиелеумен де анықталады.

Доспамбеттің жырлары ұрыс пен соғыстың жылнамасы секілді. Себебі, жырау әр болған жорық

кезіндегі оқиғалар мен арпалысты сәттерді, батырдың әрбір қимылын ерекше суреттеу арқылы оқушы көз алдына тарихты әкеледі, бала бойына ерлікті қалыптастырып, қызығушылығын оятады. Сол себепті де Доспамбеттің бұндай жырларын қазақ поэзиясында қаһармандық поэзияның қайнар көзі деп есептесек те болады.

Оның шығармалары аздығына қарамастан бүгінгі күнге дейін талай ұрыс пен тартыстан, аласапыраннан адаспай жетуі ел үшін ерекше маңыздылығын көрсетеді. Себебі, сол жаугершілік замандарда халыққа дем беріп, ұран салған батырлардың әр сөзі ауыздан-ауызға аңыздай таралары рас. Ал бұл мұралар бүгінгі білім беруде тарих мен тағылымды, кешегі мен бүгінгі, заманауилық пен ұлттық құндылықты байланыстыра оқытуда құнды еңбектер. Сондықтан бұларды қазіргі жас балалардың пайдаланатын тәлімдік, тәрбиелік құралы етіп, елін, жерін, Отанын сүйіп, қызмет етуде басты бағдар қылып пайдалансақ мақсатқа жетеріміз анық.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру/ Н.Назарбаев.- Алматы, «Егемен Қазақстан» газеті, 2017.-27 б.
2. Ақатай С. Қазақтың ұлттық менталитеті// Культура-сущность нации: ғылыми материалдар жинағы/ Жалпы ред. Д.Исабеков, Е.Б.Иманбек.- Алматы, 1998.- 212 б.
3. Жұмабаев М. Педагогика (Баланы тәрбиелеу жолдары).- Алматы:Рауан,1993.-112 б.
4. Бес ғасыр жырлайды//Жазушы//Алматы, 1984// I том.
5. Мағауин М. Ғасырлар бедері: әдеби зерттеулер.- Алматы: Жазушы, 1991,-432 бет.

Ж. Қ. ЗАКВАН,  
Абай атындағы Қазақ ұлттық  
педагогикалық университеті,  
2 курс магистранты.  
Алматы қаласы

## Ж. НӘЖІМЕДЕНОВ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ РУХ ЖӘНЕ КӨРКЕМДІК ШЕШІМ

### Аңдатпа

Мақалада, ХХ ғасырдың 60-70 жылдары Қазақ поэзиясында ұлт тақырыбында жыр өрнектеген Ж.Нәжімеденовтің поэзиялары талданады және де ақын жайында жазылған аға буын өкілдерінің естеліктері, ақынға берген бағалары жазылған.

Белгілі Ақын Шөмішбай Сариев өзінің **“60-70 жылдардағы Қазақ лирикасы. Көркемдік ізденістер”** атты ғылыми еңбегінде: *“Ақындар 60-шы жылдары әртүрлі сезіммен әдебиет есігін ашты. Бірі – сезім шуағына шомыла келсе, енді бірі – ой бұлтына батты. Енді бірі – терең ағым, тұңғыық иірімдеріне барса, екіншісі – сөз шолпыларын сыңғырлатып, шашбауын көтере келді. Әрқайсысының алдында – ақын болу, ақын болып азаматтық парызды өтеу. Ел, қоғам алдында қызмет көрсетіп, жұртшылыққа жүрегімен танылу мақсаты бар еді” [1,23 б]. Шынымен де, 20-шы ғасырдың бас кезінен бастап, М. Дулатұлы, М. Жұмабаев поэзиясында лирикалық толғаныс әлеуметтік мәнге ие болса, төңкерісшіл ақын С. Сейфуллиннен*

бастап І. Жансүгіров, Б.Майлин, С. Мұқанов, Б.Ізтөлин, Ш. Иманбаеваның лирикалық жырлары уақыт талабына үндесті. Одан кейінде қазақ халқының басынан талай нәубеттер өтіп жатты және әр кезеңнің ақындары сол уақыттағы қысылтаянды, ұлттың басына төңген қауіп-қатерді болжап, халық көре білмеген талай қиыншылықты алдын ала сезіп, біліп, ауызекі тілмен де және шығармаларымен жеткізіп жүрді.

Жоғарыда айтылғандай, Кеңес үкіметінің қылышынан қан тамып, жақ ашқандарды “халық жауы” атандырып, қуғын-сүргінге әп-сәтте айдап жіберетін 60-70-ші жылдарда, халық үшін басын бәйгеге тіккен бір топ азулы ақындар қазақ әдебиеті сахнасында жарқ етіп шыға бастады. Ұлы М.Әуезов сөзімен айтқанда, жыл келгендей жаңалық сездіре келген Т. Молдағалиев, М. Мақатаев, Қ. Мырзалиев, С. Жиенбаев, Т. Айбергенов, М.Шаханов және Ж. Нәжімеденов. Әр ақынның сезімі өз алдына дара, жеке-жеке.

**Ж.Нәжімеденов поэзиясы** – бейнелі, өзіндік үні мен интонациясы өзгелерден оқшау, өзгеше, көркемдік-стильдік тәсілдері тағы да ерекше, нұсқалы поэзия. Суреткер қазақ поэзиясын өзіндік жаңа эпитеттер, тенеулермен, өлең өрнегіне дыбыстық әсем айшықтарымен байытқан. Құбылтудың *метафора, кейіптеу, символ, аллегория, метонимия, юмор, ирония, сарказмдардың сан алуан түрін* жасады. Сонымен қатар, ол өзін сатирик ақын ретінде де таныта білді.

**Жұмекен Нәжімеденов** – қазақ әдебиетінде астарлы сөз тіркестерін құрудың, астарлы ойға өлең тудырудың шебері. Бұлардың бәрі – ақынның ешкімге ұқсамайтын стильдік ерекшелігі. Дегенмен де, ақынның басқа да

суреткерлерден ерекшелігі – ұлттық тақырыпта қалам тербеуі. Белгілі бір ұлттың ұлы суреткеріне айналуы үшін, сол ұлттың қайғы қасіретін, мұң-мұқтажын көтере білуі керек. *Қанишама теңеу мен мағынасы тереңде жатқан философиялық ойларды қозғап, астарлап жеткізгенімен, поэзиясында ұлттық рух пен ұлттық мүдде жатпаса, суреткер ұлы ақын бола алмайды.* Әрине дара ақын, суырып салма, төкпе ақын болуы мүмкін. Өкінішке орай, ол ұлттың ұлы ақыны болып есептелмейді.

*“Ж.Нәжімеденов – суретші ақын. Оның суреті он сегізге енді шығып, құлпырып тұрған бойжеткеннің ылғи бұлқынып тұратын көкірегіндегі дірілге толы сурет. Онда омалып қалған ештеңе жоқ, бәрі қозғалыста. Суреттері айқын, бояулы. Өнерді өнер ететін өлшем. Шын асыл бояуды шын шебер күректен, ия шелектен жұмсамай, шай қасықтың ұшымен іліп алып жұмсайды. Біздің жас поэзияның бояуды баттастырып пайдаланатын орынсыз ысырапқорлығынан Ж. Нәжімеденов атымен ада. Оның жырлары әуенді, әуезді. Ол өлеңнің эвфониясына, ритмикасына, строфикасына аса үлкен жауапкершілікпен қарайды”, – деп жазды Әбіш Кекілбаев [2, 104].*

*Ж. Нәжімеденовтің ұлттық санасының оянауына кімдер түрткі болды? Ұлттық танымдық идеялардың авторлары кімдер? Бастауы қайда жатыр? Өзегінен дауыл болып құйындатып шыққан алапат дауылдың, көмейге келіп, жыр болып төгілуіне қандай тарихи жағдайлар себеп болды?*

Болашақта мықты мемлекет болып, қарыштап

дамыған елдерден қалыспай, білім алып, кәсіп игеріп, ірге тасы қаланған дербес мемлекет болу үшін Ресей империясының езгісінен құтылуды ХХ-шы ғасырдың Алаш қозғалысының көсемдері бастады. Ұлы мақсат жолында өз өмірлерін бәйгеге тігіп, ашық саяси күреске кірісіп кеткен болатын. Бірнеше ғасырға созылған саяси отарлау қазақ халқының ұлттық рухын төмендетіп тастаған еді.

*“Қазақ өнері мен әдебиетіндегі ұлттық сана бейнелерін Алаш қозғалысының алыптары А. Байтұрсынұлы, М. Дулатұлы, Ә. Бөкейханов, Х. Досмұхамедұлы, Ш. Құдайбердіұлы, М. Әуезов, Ж. Аймауытұлы т.б бастады. Олар халқымыздың ақын-жыраулар шығармашылығындағы қазақ өмірінің дербестігі, елінің елдік санасын қорғауға, қасиет тұтуға бағытталған толғау мен тебіреністі, толғаныстарға толы шығармаларын теріп талдады. Сыни пікірлер жазды еңбектерін жариялады.” [3]*

*Әлі жүрмін. Түк бітірген жоқпын мен  
Іш қазаның жалайды ыза от тілмен.  
Алып алып көп үмітті көп күннен  
Деп кетем бе түк бітірмей өттім мен?*

*Жоқ өткем жоқ, өтпегенде қалды нем!  
Жиырма бесте өттім елдің алдымен.  
Туған едім ең соңынан бұл жұрттың,  
Ең соңынан соғар ма екем санды мен?*

*Осы ойлармен атты, әнеки таң дағы,  
Тағы бір күн келе жатыр жанғалы....  
Мен өткем жоқ, өтеді екен жылдар тек,*

*Бірақ менде қалады екен салмағы.*

*("Өз көзіммен")*

Бұлай сөйлеу, уақыт жүгін тұла бойынан ұғына алу – тек шынайы, шындықты көкसेген жандардың қолынан келері хақ. Поэзиядағы әр сөзіне жан бітіп, өзінен өзі есеп алып, алған жауапкершілігін толық сезініп, халық алдындағы аманатқа қиянат жасап алмаудың жолдарын қарастырып отырғаны белгілі. Жылдар өтіп, жасалған істерінің салмағы бойында қаларын анық көрсетіп отыр.

Ақын Темірхан Медетбек Жүмекеннің бұл жыры жайында былай деп жазады: *"Өлең әп деп басталғаннан ақ өзін-өзі жаныштап, өзін-өзі сұрақтың астына алып, өзін-өзі тергеген ақын соңғы шумақта сабасына түскенмен, өзін-өзі ақтап алған жоқ. Қайта уақыт алдындағы өз миссиясын бұрынғыдан да ауырлатып тұр."* [4]

*"Поэзия – белгілі бір уақыттың жемісі. Әр ақынның жетістігі мен кемшілігі жөнінде сөз басталғанда, әңгіме желісі сол ақын өмір сүрген орта мен уақыт туралы да болмаққа керек. Яғни сол уақыт ақын шығармаларының өзекті нүктесіне айналып, көңіл кеңістігінің құпия сырларын ақтарып, оқырманның жүрегіне жол тартқанда, лирикалық кейіпкерлердің сұлбасы арқылы өлеңнің шынайы келбеті айқындала түспек. Жүмекеннің лирикасы да сол өзі өмір сүрген орта мен уақыттың жемісі болды десек қателеспейміз."* [5] Шыныменде, төменге түсіп езіліп жатқан халқының тағдырын, бүгіні мен болашағына балта шабылып жатқанын, ертеңіне қылыш сермеліп жатқанын көріп жүрген Жүмекеңнің де жан дүниесі

өзінше бір тебіреніске түсері анық. Ірілі-ұсақты мәселелердің басы-қасында жүрген ақынның *"Күй" атты кітабының* шығуына да осындай мәселелер себеп болса керек. Екі шекті аспап тілінде сөйлеп тұрған ұлтының зарын осылайша төкпелеп жеткізгенді жөн көргендей.

Белгілі ақын Ұлықбек Есдәулеттің *"Жыры жұмбақ Жүмекен" аты ескерткішінде* ақын туралы және жоғарыда көрсетілген "Күй кітабы" жайында жазғаны бар екен.

*"Сонау алтыс жетінші жылы жоғарғы сыныпта оқитын Аманбек деген немерелес ағам "Біз естіп жүрген әрбір күйдің текстері, өлең - сөздері болады екен. Сондай қызық кітап шығыпты. "Күй кітабы" деп аталады, – деген, қоярда- қоймай қолқалап сұрап алдым. Сол кітаптағы:*

*Келгені зой шын уақыт тым кештетіп болса да,  
Кеуделіге бұл бақыт керек бопты соншама.*

*Бапты алмаса пернеңді – жаңылардай екен зой,  
Ақтармаса шерді енді – жарылардай екен зой, –*

деп келетін балталаса бұзылмайтын ішкі сыртқы ұйқасқа толы жолдарды:

*Үн төгілді түрленіп – көк гауһардан кетті аумаи,  
Жарқындығы – күлкідей, мұңлылығы – жоқтаудай.*

*Ащылығы – шындықтай, тәттілігі – шабыттай,  
Жеңілдігі – көбіктей, ауырлығы – табыттай....*

деп келетін тосын теңеулерді, расында, мен қазақ күйлерінің сөзі екен деп қабылдаған едім."

*Жүмекен – тума талант.* Табиғатынан аса дарынды, текті. Тектілігін өзінің өлеңдерінде талай рет байқатса керек. Мысалы мына бір өлеңінде басқаларға

билік беріп, масқаралаған тағдырға наласын білдіре отырып, өмірінің көп тұсында жолы болмағанын, осы биліктегі әділетсіз отырғандардың кесірінен болғанын анық көрсетіп отыр. Бұл сол заманда да және бүгінгі қоғамда да қайталануда және болашақта да қайталана береді.

*Тағдыр оған берді-дағы домбыра,*

*Қалды кенет өзі керең болды да.*

*Тағдыр оған жолын берді, ерлеген,*

*Сол жолға өзі жатып алды көлденең.*

*Тағдыр оған намыс берді масқара,*

*Масқара ғып билік берді басқаға, –*

*Намысты ұлдың тауыссын деп зердесін,*

*Қамыс құрлы жанышсын деп ерді есіл.*

**Жұмекен – хакім Абайдың «Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп» көзқарасын ұстанған гуманист ақын.** Жер- жерде шекара болғанымен, ақын қиялында шекара жоқ. Мына бір өлең соның дәлелі:

*Ауған жақта беймезгілде ұшты ма оқ –*

*Көргенім жоқ,*

*Естігенім – тек үні.*

*Содан мықтап жараланды көңілім,*

*Бір қабырғам болды содан жарадар.*

*Қансырадым жарадарға барабар –*

*Аптека қайда дәрі алар?*

Ақын бәрімізге белгілі кешегі Кеңес үкіметі тұсында Ауғандармен Кеңес әскерінің арасындағы қақтығыс, соғысты суреттеп отыр. Ақын жаны жаралы, өлеңінде «көргенім жоқ, естігенім тек үні» дейді. Жай адамдарға қарағанда, ақындардың сезгіштігі осындай кездерде білініп қалады. Айтпайын, жазбайын десе де, көмейінен

жыр болып төгіліп кете береді. Және Ауған соғысында, майданда жүрген Қазақ жауынгерлері де бар еді. Олардың тағдырына, жанұясына, болашағына балта шабылып, талайы қыршын кетіп жатқанын көрмесе де, жүрек құрғыры сезеді. Жұмекен поэзиясының ішінде соғыс тақырыбында жазылған өлеңдері артып жығылады. **«Әкелер мен азалар» атты өлеңінде** өткен соғыстан жиырма миллион Кеңес азаматтары көз жұмғаны жайында дерек жазады. Олардың да ұлы мақсаттары болды, олар да өмірге құштар еді, өкінішке орай, үміт тілектерін өздерімен бірге ала кетті. Рухтары мәңгі өлмей, жеңіс күні бізбен салтанат құрады деген ой тастайды. **«Өлді деуге бола ма айтыңдаршы, артынан өлмей тұғын із қалдырған»** дегендей, есімдері шынымен де бүгінде тарихта қалды.

*Сақтан,*

*Бір күні мына дүние кірпігін*

*Қағып қағып жіберуі мүмкін зой, –* дейді

ақын.

**Бұл өлең жайында** Юсупов Қадыр Өтегенұлы «Адамзат бесігінде тыныштық жоқ. Оның берекесін алатын, соғыс құмар сотанақтар. Олар бір елдің дербестігіне нұқсан келтірсе, бір елді бір елге арандатып отырады. Мұндай әділетсіздіктер, ең алдымен, ақын жүрегіне шаниудай қадалатыны белгілі. Ақын сезімі дүниеге өлең боп келеді. Осылайша Жұмекеннің тынышын алған оқиғалардың бірі – Латын Америкасында орын алған Чили халқының тағдыры. » [6] Бүгінгі күні де Егемен Ел атанып, шекарамыз бекіген, экономикасы бір қалыпқа түскен мемлекет болсақ та, ішкі-сыртқы жаулардан қорғанудың алдын



алуымыз қажет. Жоғарыдағы алынған үш жол өлеңде соны айқындап тұр. Жүмекен өз поэзиясында, талмай оқып, мағынасын ұғына алатын оқушысына, ұлттық рух беріп, әр түрлі арман мақсатқа жетелейтіні анық. Ақын әр өлеңінің көркемдік шешімін ашып, сол арқылы не айтқысы келетінін аңғартып отырады. Бұл да – оқырманға деген ақынның құрметі шығар.

*Ж.Нәжімеденов – алпысыншы жылдардың бас кезінен бастап, ғұмырының соңғы сәтіне дейін қалам тербеген лирик ақын.* Бүгінгі поэзияға өзгеше қаламгерлік мәнер мен сан түрлі жаңалықтар енгізді. Өз заманының ақиықтарымен мақсаттары бір арнада тоғысып, қазақ поэзиясының мағынасын түрлендіріп, толағай табыстарға жетуіне мол үлес қосты. Халықаралық Алаш сыйлығының лауреаты Зейнолла Серікқалиев Жүмекен жайында жазылған шығармаларының бірінде былай дейді: *"Жүмекен қалам тартпаған тақырып кемде-кем. Ақынның лирикалық кейіпкерін санаңа сіңіру бағытында осы ғұмырлы мұраның әр қилы идеялық-тақырыптық өрісіне емін-еркін барлау жасай отырып, әсіресе қадау-қадау қазықтай өзекті бір желісінен – өнер тақырыбының өзінен-ақ қызғылықты талай тұжырымдар қорытуға болар еді. Табиғаты төгілген күйші, он саусағынан өнер тамған Жүмекен Нәжімеденов – белгілі "Күй кітабімен" әдебиетімізде гажайып із қалдырған қаламгер."* [7]

*Қай жаққа, енді қайда бұрыла алам,  
Жаным бар шындық дарып, жыр ұнаған.  
Осы бір кеудемдегі кішкене бас,  
Үп-үлкен дүниенің сырына алаң.*

Ақын төрт жол өлеңмен төрткүл дүниеде, өзгеде жұмыр басты пендедей мансап, ақша, құмар жолына түспей, тек шындық жолында еңбек ететінін және де дүниенің ашылмаған сырын танып, ұлт, халық жолында еңбек еткісі келетінін суреттегендей.

Қорыта келгенде, *Ж.Нәжімеденов – қазақтың ұлттық рухани мұрасының ұшан-теңіз байлығын еркін меңгерген ақыны деп бағалаймыз.* Бір мақалада, ұлы суреткердің бейнелеген туындыларын ашып, мағынасына жетіп болу мүмкін емес. Себебі, Жүмекеннің жырлары – астарлы, адамға философиялық ой салып, толғанысқа түсіртіп барып, шешімін өзі тауып беріп отыратын ерекше, мағыналы.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Ш. Сариев. «Қазақ лирикасы, көркемдік ізденістер» Алматы 1993 ж. 23 б.
2. Әбіш Кекілбаев. Дәуірмен бетпе-бет. Қазақ әдебиеті, 1972 жыл. - кітап
3. Ұлттық тәрбие. Республикалық журнал «Ұлттық таным және қазақ өлеңі», 42 бет.
4. Ж.Нәжімеденов шығармалары 6 том. Қазығұрт баспасы, 2012 ж.
5. «Ұлы ақын еді Жүмекен» Жалын журналы, 1990 №6.
6. Юсупов Қ.Ө «Ж.Нәжімеденовтің ақындығы» 50 бет.
7. Ж.Нәжімеденов шығармалары 6 том. Қазығұрт баспасы, 2012 ж. Темірқазық.

Г.ҚҮЛЕКЕНОВА,  
Б.СҮЛЕЙМЕНОВА,  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәндерінің мұғалімдері.  
«№6 ЖОББМ» КММ.  
Ақтөбе облысы,  
Шалқар ауданы

## Т.АХТАНОВТЫҢ “ШЫРАҒЫҢ СӨНБЕСІН” РОМАНЫ ЖӘНЕ ӨМІРІ

### Мақсаты:

Т.Ахтановтың «Шырағың сөнбесін» романы арқылы ұлттық тәрбие туралы ой тастау.

### Өткізілу формасы:

«Парасат майданы» телевизиялық жобасының негізіндегі пікірлесу алаңы.

### Барысы:

#### І.Ұйымдастыру бөлімі:

**Жүргізуші:** Бүгінгі шарамыз «Қазақстан» ұлттық арнасындағы «Парасат майданы» жобасының негізінде өткелі отыр. Бұл шарада біз белгілі бір тақырып төңірегінде 2 топ және кеңесшілермен бірігіп пікір алмасамыз. Негізгі тақырыпты хабарламас бұрын бейнебаянға назар аударайық.

Тақтадан сайттан алынған бейнебаян көрсетіледі.

#### Жүргізуші:

– Көрсетілімнен не ұқтыңыздар, сіздерге қандай ой салды?

Оқушылардың жауаптары тыңдалады.

– Бұл әрекетті салт-дәстүрге жатқызуға бола ма?

– Қазақ ұғымында осыған байланысты қандай тыйым сөздер мен тілектер бар?

– Осы сөздер аттас кімнің қандай шығармасы бар?

Олай болса, шарамыздың тақырыбы «Т.Ахтановтың «Шырағың сөнбесін» романы және өмір» деп аталады, яғни, шығарманы қазіргі өмірмен байланыстыра отырып, пікір алысамыз.

– Шығарма қалай басталушы еді?

– Шығарма кейіпкерлері мамыражай жаздыгүні тыныштықтың бір сәтте шырқы бұзылатынын білді ме? Біз қазір қой үстінде бозторғай жұмыртқалаған заманда бейбіт өмір сүріп жатырмыз. Біздің бүгінгі тыныштығымыздан әп-сәтте айрылып қалмасымызға кім кепіл?

Жат ағым өкілдерінің суреті көрсетіледі.

#### Мүмкін жауаптар:

1. Ассамблея, 1 мамыр, «Алғыс айту» күні, дін өкілдерінің әлемдік форумы

2. Жат ағым, ұлтаралық қақтығыс, Жириновский, инстаграмм, комментарийлер.

– Бейбіт өмірді сақтау өз қолымызда екенін түйдік. Шығармаға арқау болған Ұлы Отан соғысы.

– Соғыс немен аяқталды? – Жеңіспен.

– Жеңуге не себеп болды? – Отанға деген махаббат. Махаббаттың түрлері. Шығарманың өн бойына арқау болған махаббат.

– Нәзираның махаббат туралы аңғал ойлары. Қазіргі қыздардың махаббат туралы түсінігі.

#### Топтарға түрткі:

1. Инстаграмм қолданушыларының әрекеті, кинолар, түрлі бағдарламалар, ойын-сауық орындары...

2. Әженің қолында тәрбиеленіп отырған қыздардың құрбыларына әсері, Ұлттық мектептер, Қарақат мектебі, ана-әже тәрбиесі, жеңге тәрбиесі.

**Түйін:**

Қамқа, ана көрген тон пішер. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласының негізгі түйіні – ұлттық құндылықтарды жаңғырту.

**Сұрақ:**

– Шығармадағы ана орнына ана болған аяулы әжем кім еді?

Үзінді оқылады.

**Қасымбекке аманат, бейіт жанындағы әңгіме.**

1. Бұрынғы заман әже тәрбиесін Қамқа әженің Қасымбекке айтқан сөзімен байланыстыру, Абайдың әжесі Зере, Шоқанның әжесі Айғаным...

2. Қазіргі заманның әжелері, соның ішінде 50-60 жас аралығында, сыртқы келбеті, қызметі.

**Түйін:**

Тәуелсіз елімізде рухани жаңғыру аясында ұлттық құндылықтарымыз негізінде заман талабына сай тәрбиелей алатын әжелеріміздің қатары күн санап артуда. Оған себеп әжелер ансамблі, әжелер мектебі сияқты қоғамдық топтардың құрылуы, әжелердің қоғамдық іс-шараларға белсене араласуы.

**Сұрақ:**

– Шығарма немен аяқталды және шара немен басталды? Қандай ой түйдіңдер?

**Түйін:**

Шығармадан үзінді келтіру арқылы түйіндеу, ұрпағың жалғассын. «Қыз бала – өрісің».

## БЕЙІМБЕТ МАЙЛИН ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ КЕДЕЙ ТАҚЫРЫБЫ. МЫРҚЫМБАЙ БЕЙНЕСІ

Суреткердің өнері өмірімен, яғни, өз басынан кешкен ғұмыр-тіршілігімен тығыз байланысты. Осы ақиқат тұрғысынан қарасақ, Бейімбет Майлиннің дүниеге көзін ашқаннан көрген-баққаны көбіне ауыл өмірі. Сондықтан оның ширек ғасыр бойы сөз өнерінің қай жанрында болсын, жазған шығармалары түгел ауыл өміріне арналуы тегін емес. Бейімбет дала тіршілігіне, даладағы ауыл тұрмысына таптық тұрғыдан, дәлірек айтқанда, өзінің шыққан тегі кедейдің көзімен қарайды. Ал «кедей», «кедейлік» дегенді Бейімбеттен артық білген ешкім жоқ. Сондықтан ақын өлеңдерінде көп жырланған басты, негізгі тақырыптардың бірі – кедей өмірі. Өзі де кедей әулетінен шыққан қаламгерге бұл органың тіршілік-тынысы, қуаныш-қайғысы кішкентайынан етене таныс. Бейімбет қаймағы бұзылмаған қазақ аулында туып өсті.

*Жырлағаным – кедейдің жыры,*

*Сырлағаным – кедейдің сыры,*

*Сырым да бір, жырым да бір,*

*Мен-дағы сол кедейдің бірі,*

– деп, кедейлерге мұраттастық, мұңдастық

тұрғысынан қарайды.

*Сенің зарың – зарлайтыным өмірде,*

*Сенің арың – арлайтыным өмірде.*

*Сен не көрсең мен де соны көрмекпін,*

*Белді бұғам ауырға да жеңілге, –*

деген өлең жолдары кедей қауымына берген серт, уәдесі іспетті. Өзінің халқын, шыққан табын қалтқысыз сүйген, онымен жан-жүрегімен табысқан ақын өмір бойы осы ұстанымынан тайған жоқ. Өзінің кедей жыршысы екенін, оның мұңы мен қуанышын жырлау – адамдық борышы екенін әсерлі жеткізген. Қазан төңкерісіне дейінгі кеңес өкіметі үшін күрес аласапыранында, өзі жазықсыз жазаға ұшырағанға дейінгі кеңестік кезеңде реалист суреткер басқа тақырыптарға алаңдамай, өзіне жақсы таныс, өзі қалың ортасында ғұмыр кешкен сол ауыл тіршілігін өз шығармаларының арқауы етіп алады. Өзі сияқты ауылдан шыққан және ауыл өмірін ешкімнен кем білмейтін біраз қаламдастары қаланы, зауыт пен фабриканы, жұмысшы табын шығармаларына тақырып етіп жатқанда, саясат соған үндеп жатқанда, Бейімбет еліге қойған жоқ. Бұл оның талантының өзіндік сипатына, шығармашылық бейімділігіне, өзіндік таным-түсінігіне байланысты еді. Осы мәселе жөнінде оның өзі де 1931 жылы: *«Менің бұл күнге дейін жазған тақырыбым ауыл туралы ғана болып келеді. Өндіріс өмірін суреттеуге мен әлі күнге шейін кірісе алғаным жоқ. Өйткені әлі күнге өндіріс өмірімен таныстығым жоқ»*, – деп жазған. [2, 42] Сондықтан ақын өлеңдерінің мазмұны мен өзіндік көркемдік сипаттары оның осы ауыл өмірінің реалистік бейнесін сомдауымен ерекшеленеді.

Ақын қоғамдық өмірдің әр саласына көз тастады. Кедейліктен сіңірі шыққан, тойып тамақ ішпеген,

байдың ит-қорлығында жүрген ынжық, басына жаман тымағын жапыра киген, қабағы түсіңкі кедей көз алдында тұрып алды. Қазақ аулының әлеуметтік басты күші – кедей шаруа деп санаған Бейімбет өз өлеңдерінде олардың өміріндегі өзгерістерді нақты бейнелеуге көбірек көңіл бөлді және қазақ аулындағы жаңалықтарды белгілі бір қаһарман бейнесі арқылы танытуға тырысты. Бейімбет сүйікті қаһарманына «Мырқымбай» деп ат қойды. Оның есімінің өзінде әжуамен пернеленген астар бар, атына заты, болмысы, бітімі, мінезі сай. Елеусіз, ескерусіз, санатта жоқ адамға «Мырқымбай» деген есім жарасып-ақ тұр. Б.Майлин поэзиясындағы Мырқымбай бейнесі 20-сыншы жылдардағы қазақ кедейінің типтік бейнесін жасау жолындағы үлкен табысы. Мырқымбай – тұтас бір өтпелі дәуірдегі ауыл кедейінің өмірінде болған өзгерістерді оның сана-сезімі, мінез-құлқы, іс-әрекеті, тұрмыс-тіршілігі арқылы шынайы суреттелген типтік бейне. [3,131] Ақынның 20 шақты өлеңінде, 2 поэмасында Мырқымбай бірде басты, бірде қосымша кейіпкер ретінде көрінеді. Ақын бұрын табан астында жаншылған қараңғы ауыл кедейінің замана үдерісіне ілесіп, еркіндікті сезініп, ел қатарына қосылу барысын шынайы, нанымды, тартымды бейнелейді. Осы циклдағы алғашқы өлеңінің бірі – *«Мырқымбай»*. Әлі еш нәрсенің парқын айырмайтын, тендік алудың жолын түсініп жетпеген Мырқымбай сотқарлық жасап, ауылнайды боқтап, ол сұраған атты бермей, күш көрсетеді. Лауға ат сұраған ауылнайға тіл тигізіп, о жарлық көрсеткен Мырқымбайға әкесі:

*Алдағыны ойласаң қайтеді?*

*Ақылыңа бір бойласаң қайтеді?*

*Атқа мінген адам зой деп,*

*Жетегіне байласаң қайтеді?* – дейді. Ал Мырқымбай бұған:

– *Бара алмаймын,*

*Оған пенде бола алмаймын.*

*Тентіретіп жіберсең де,*

*Бұл тіліңді ала алмаймын!* – деп үзілді-кесілді батыл жауап қайтарады.

Реалист жазушы шындық шеңберінен шығып отырған жоқ. Әке мен баланың арасындағы шебер құрылған диалог арқылы нақты образ жасайды. Кеңес үкіметін арқаланып жүрген Мырқымбай қылығы ескілікке үлкен соққы екені байқалады. Теңдік алудың саналы жолын білмесе де, Мырқымбай әкімдердің айдауында жүре алмайтынын көрсетер қылық жасайды. Өлең екі түрлі көзқарасты – ескішіл, ымырашыл, қорқақ әке мен дөкір қылығымен болса да өзіне тәуелсіздік іздеген баланың әрекетін нанымды береді. Бұл кездегі Мырқымбай осыдан 5 жыл бұрынғы байға бағынышты, Мырқымбай емес, өмірдегі жаңа өзгерістің өзіне қатысты жақсы жағын сезініп, еті тіріле бастаған. Алдына қойған мақсаты үшін күресу сезімі оянған, бірақ сол күресуді қарсы келгенмен жағаласа кету, қисық сөйлеп, қыңырлық көрсету, бет бақтырмау деп біледі. Одан арыға білігі жетпейді. Әкесі болса, әйтеуір, атқамінерлердің ашуына тап болып, бір пәлеге ұшырап қалмасақ екен дейді. Сорлы әкенің атқамінер атаулыға құлдық ұрып, қорғалаудан басқа қолынан келері жоқ, одан басқа білері жоқ. Кейінгі өлеңдерде Мырқымбай біртіндеп өсу үстінде көрінеді. «Оразада» өлеңінен оның дін қыспағынан босай бастағанын байқасақ, «Қуаныш» атты өлеңде ол көк шолағын қамыттап, егіске шығады.

*Әкел бері, көк шолақты, Мырқымбай,*

*Тез қамытта, ағаш соқа жегелік!* – деп ақын сүйікті кейіпкерін өмірі істемеген кәсіпке бастайды. Егін салуды ойына да алмаған Мырқымбай шаруаға біртіндеп төселе бастады. Көктемгі бейнет күзде рахатқа айналды, қыстан күйлі шықты да, егінді бірлесіп салып, пішен шабуға аттанды.

*Майлаусыз сықырлаған ағаш арба,*

*Көк шолақ мықшыңдайды тартып зорға.*

*Шаңырағын таңып алып жүк үстіне,*

*Мырқымбай көсемсініп барады алда!*

Өмірден өз орнын тауып, тұрмыс-тіршілігі оңалып, біраз жұртқа үлгі болар қасиет табады. Оның санасы күннен күнге, жылдан жылға өсе бастағанын көреміз. Әлі де болса оны саяси өмірге тартып, қоғамдық тұлғасын айқындай түсу үшін Бейімбет «Бүгін» деген өлеңінде өзінің Мырқымбайын ауылды советтендіру тұсында сайлау ісіне араластырып, болыстық сайлауға делегат етіп сайлаттырады.

*Жиылыс басы Мырқымбай,*

*Салық жайын кеңеседі,*

*Қорғамаймын жақын деп,*

*Боқбасарға мың сом сал,*

*Не қылмады ол бұрын*

*Байды аяман малы бар!* – деген Мырқымбайдың түр-келбетінен сауаты ашылып, бағыты айқындалғанын байқаймыз.

Төңкерістен кейін әлеуметтік істерге араласа бастаған қазақ кедейінің ой-санасындағы өзгерістер аңғарылады. Кешегі қаратаяқ кедейдің бүгінгі қоғамдық өзгерістерге араласқан кейпіне қуана, шаттана қарайды. Ақын сенімінде болашақ иесі – Мырқымбай осындай халықтың өкілдері болуға тиісті. Жер бөлісте Мырқымбай «Қарасор» деген жерді кедейлер үлесіне

алады. Ақын осы жер үшін таласта Мырқымбайдың әкесі Қараның қаза болғанын еске алып, бүгін ол жерді пайдалану құқығы оның баласына тигенін қуана жазады. Өлеңде жер үшін ұзақ таластың кедейлер пайдасына шешілгені жайлы идеялық терең түйін жасалады. *«Ата жерімді қайтар!»* деп келген Оспан байға:

*Тарт қолыңды! ... жер менікі!*

*Бәліп берем кедейге...* – деп Мырқымбай өктем тіл қатады.

*«Бер, Мырқымбай, қолыңды!» өлеңі* ақынның осы тақырыптағы қорытындылаушы өлеңі іспетті. Мұнда Мырқымбайлар өткен ұзақ өмір жолына шолу жасалады. Өлеңде Мырқымбайдың байға жалданып күн көргенін қанағат тұтқан кезі, 1916 жылы жалғыз ұлын әскерге алып, өлмелі күйде қалғаны, бай ағайындардан көмек ала алмай, аш қаңғырғаны, төңкерістен кейінгі еркіндік алған, еңбегінің рахатын көре бастаған шағы эпизодтық оқиғалар арқылы суреттеледі. Мырқымбайдың адуынды айбынына сенген Бейімбет:

*Жидың білем қоңыңды,*

*Көрдің бе енді жолыңды,*

*Ілгері көшке жетейік,*

*Бер, Мырқымбай, қолыңды!* – деп, бай-феодалдарды тап ретінде жоюды көздеген ұлы шараға – конфискеге араластырып жібереді. *«Жер бермеймін!»* деп ойбайлаған байлар енді малдан да, азаматтық құқықтан да айырылып жүрдай болады. Мырқымбай мінген *«Кедейдің кер төбелі – қажымас, болат трактор»* түгін тартсаң, май шығатын құтты жерлерді жыртумен қатар, бай мен феодалдардың иісі сіңген *«ата мекен қоныстарын»* төңкеріп тастап, жаңа жерге колхоздың іргесін қалады. 1927 жылы төңкерістің 10 жылдығына арнап жазған *«Мырқымбай»*

поэмасында да Бейімбет ел өмірінің әр саласындағы өзгерістерді Мырқымбай өткен жолдарды шолу арқылы бейнелейді.

*Мырқымбай бейнесі* – тек Бейімбеттің ғана емес, 1920 жылдардағы кедей шаруаның өсу жолын танытатын сол дәуір әдебиетінің елеулі табысы. Бұл арқылы Бейімбет төңкеріске дейінгі әдебиетте кездеспейтін төменгі таптың қарапайым өкілін жаңа заман әдебиетінің басты қаһарманы етіп көрсетті. Халықтың мұңы мен тілегіне, оның болашақ өміріне Мырқымбайларға ілесе отырып көз жібереді. Кедейлердің теңдік алып қатарға қосылуын қазақ аулының жаңаруымен байланыстырады. 1923 жылы жазған *«Құтты болсын мейрамың!» өлеңінде* теңдік алған қазақ кедейінің бақытына барынша ортақтасып:

*Көп жыладың, көздің жасың тыймадың,*

*Көп езілдің, көндің, жанды қинадың.*

*Ақырында қолың жетті теңдікке,*

*Құтты болсын, құтты болсын мейрамың!*

– дейді.

Өлеңнен ақынның бар тілек-ықыласы кедей жағында екендігі ғана емес, төңкеріс әкелген теңдікке нық сенімі де айқын аңғарылады.

Сөйтіп, Бейімбеттің қаламгерлік құдіретінің арқасында Мырқымбай 1930 жылы қазақ кеңес әдебиетінің образдар галереясына кіріп, төрден орын алды. *Бейімбет дүниеге әкелген Мырқымбай кім?* «Еңбекші қазақ» газетінде: *«Мырқымбай – анық қазақ, қазақтың нағыз қалың бұқарасы. Бейімбеттің қазақ әдебиетінің алдына істеген зор еңбегі – Мырқымбайдың өмірін, соның тұрмысын жазу»* – деген пікір айтылды. *«Мырқымбай – кәдімгі кеудесінде жаны бар кісі, «қалың қалай?» десең, «құдайға шүкір,*

тәуір» деп жауап қататын, аяқ-қолы, көзі-басы бар, шешен болмағанмен доғалдау тілі бар, өзімізге таныс, кейбірімізге бейтаныс адам». [4, 97]

Кезінде басында еркі жоқ, ауы атқа, аузы асқа жарымаған, қорлық ғұмыр кешкен, 1916 жылы көзінен қаны ағып, окопқа кеткен бозөкпе, аштық жылында бір тілім нан беріп, өзі жәрдем еткен, жаман тымағын көзіне түсіріп, түксиіп тұратын Мырқымбай енді Бейімбеттің жетегінде жүре бермейтін, өмірдің өркендеу талабына сай өз бетімен әрекет жасайтын характер дәрежесіне көтерілді. Жазушы үшін бұдан артық бақыт жоқ! Бейімбеттің шығармашылық шеберлігінің арқасында Мырқымбай енді өз бетімен адам болып, өзінің ақылымен қоғам өміріне араласатын жанға айналды. Ол төңкеріске дейін байдың малын бағып, шөбін шауып, ғұмыр-тіршілігін құлдық пен қорлықта, азап пен бейнет астында өткізген, төңкерістен кейін өз еркі өзіне тиіп, енді малға ие, жерге қожа болып, адам санатына қосылған. Мырқымбай образын жасаудағы Б.Майлиннің жаңашылдығы – қазақ кеңес әдебиетіндегі ең тұңғыш, соны жаңалық. Автор Мырқымбайдың ізіне түсіп, күнделікті тіршілігін бақылап отырмайды. Уақыт көшінде өмір шындығын бейнелеу қажет болғанда, Мырқымбайдың өзі автордың қасынан табылады. Міне, Мырқымбай өскелең өмірдің өзінен ойылып алынған шынайы образ болуымен қатар, қазақ поэзиясының түрі мен сымбатына, әуені мен ырғағына жаңалық пен ерекшелікті енгізе келген жанды тұлға. Бейімбет поэзиясындағы Мырқымбай бүкіл ауыл кедейлерінің басынан кешкен тарихын баяндап беретін, оның санасында болған өзгерістерді көз алдына елестете алатын, шебер жасалынған жиынтық бейне. [5,153]

Мырқымбай – тұтас бір өтпелі дәуірдегі ауыл кедейінің өмірінде болған өзгерістерді оның сана-сезімі, мінез-құлқы, іс-әрекеті, тұрмыс-тіршілігі арқылы шынайы суреттелген типтік бейне. Мырқымбай сияқты типтік дәрежеге көтерілген бейне қазақ әдебиетінде күні бүгінге дейін жасалған жоқ. **Бейімбет Майлин поэзиясының қадір-қасиеті екі нәрседе: біріншісі** – жырлаған тақырыбы және бейнелеген образында, бұл орайда қаламгер қазақ кедейінің тұрмысы мен тіршілігін қазақ поэзиясында өзіне дейін болмаған аумақта кең, терең және жан-жақты суреттеді, **екіншісі** – қазақ кедейінің мінезі мен мүсінін қазақ поэзиясында өзіне дейін болмаған деңгейде типтік әрі символдық дәрежеде (Мырқымбай) тарихи жағынан нақты және өрбу, өсу үстінде сомдап шықты.

Қорыта келгенде, Б.Майлин поэзиясын қазан төңкерісіне дейінгі және одан кейінгі жылдардағы ауыл өмірінің өзінше бір көркем кестелі шежіресі деуге болады.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Майлин.Б. Шығармалар 1-том А., «Жазушы», 1984 ж.
2. Нұртазин. Т Бейімбет Майлин творчествосы А., «Жазушы», 1966 ж.
3. Кәкішев.Т Шығармалары 1-том А., «Ана тілі», 2007 ж.
4. Мақпырұлы.С, Сыдықов.Т. Қазақ әдебиеті. II бөлім, Астана, 2011ж.
5. Майтанов. Б. «Қаһарманның рухани әлемі» А., «Жазушы». 1987 ж.

Қазақ тілі: ортақ әдіс, озық тәжірибе

Ж. А. САҒЫНОВА,  
«Бейнеу аудандық әкімдігінің  
Ж.Қалдығараев атындағы  
орта мектебі» КММ-нің  
қазақ тілі мен  
әдебиеті пәндерінің мұғалімі.  
Маңғыстау облысы,  
Бейнеу ауданы

**КҮШ АТАСЫ  
– ҚАЖЫМҰҚАН.  
ЫРЫҚСЫЗ ЕТІС**

<b>Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары</b>	<b>6.3.2.1</b> – жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай құрылымын сақтай отырып, мінездеме, өмірбаян құрастырып жазу.
<b>С а б а қ мақсаттары</b>	<b>1. Барлық оқушылар</b> мәтіннің жанрлық ерекшелігін анықтайды. <b>2. Оқушылардың көпшілігі</b> стильдік ерекшелігіне сай құрылымын ажыратады. <b>3. Кейбір оқушылар</b> мінездеме, өмірбаян құрастырып жазады.
<b>Бағалау критерийлері</b>	<b>1.</b> Мәтіннің жанрлық ерекшелігін анықтай алады; <b>2.</b> Стильдік ерекшелігін ажырата алады; <b>3.</b> Мәтін негізінде өмірбаян және мінездеме құрастыра алады.
<b>Тілдік мақсат</b>	<b>Оқушылар:</b> мәтіннің жанрлық ерекшелігін анықтап, мінездеме, өмірбаян құрастырып жазады.

	<b>Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер:</b> <i>етіс, ырықсыз етіс, ортақ етіс.</i>
	<b>Диалог құруға/шығарма жазуға арналған пайдалы тіркестер:</b> <i>меніңше, күш атасы, алтын медаль, атақты палуан, спорт өнері т.б.</i>
	<b>Талқылауға арналған сұрақтар:</b> –Қажымұқанның қандай ерлік істерін білесіңдер? – Не себепті ... деп ойлайсыз? <i>Қажымұқан не себепті «Черный Иван» атанды?</i> <b>Ишара:</b> <i>бас изеу (мақұлдау).</i>

<b>Пәнаралық байланыс</b>	«Қазақстан тарихы», «Өзін-өзі тану» пәндері.
<b>Құндылықтарға баулу</b>	«Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясы – «Мәңгілік Ел» тұғыры тарихтың, мәдениет пен тілдің біртұтастығы арқылы білім алушыларды ұлттық құндылықтарға құрметке, өзара ынтымақтастыққа, қазақстандық патриотизмге, азаматтық жауапкершілікке тәрбиелеу.
<b>Алдыңғы оқу</b>	Білім алушылардың Қ. Мұңайтпасұлы туралы жалпы мағлұматы бар.

<b>А К Т - м е н байланыс</b>	Ғаламтор материалдары.
<b>ЖОСПАР</b>	


<b>Жоспарланған уақыт</b>	<b>Жоспарланған жаттығу түрлері</b>	<b>Ресурстар</b>
---------------------------	-------------------------------------	------------------



<p><b>Басы</b> <b>8 минут</b></p>	<p><b>1.</b> Білім алушылармен сәлемдесу, түгендеу, оқу құралдарын тексеру. Білім алушылардың зейінін сабаққа аудару. Психологиялық ахуал қалыптастыру. «Шаттық шеңберін» құрып, білім алушылар бір-бірлеріне сәттілік тілейді.</p> <p><b>2.</b> Үй тапсырмасы – «Блум түймедағы» әдісі бойынша оқушылар сұрақтарға жауап береді.</p> <p><b>3.</b> Қызығушылықты ояту. «Миға шабуыл» әдісі. Білім алушыларға Қ. Мұңайтпасұлының суреттер топтамасы бойынша бейнетаспа көрсетіледі. Білім алушылар тақырыпты болжайды.</p> <p>– Суреттерде кім бейнеленген? Ол туралы не білесіздер?</p> <p><b>4.</b> «Гүл шоғыры» әдісі бойынша <i>күш атасы, палуан, чемпион сөздері</i> арқылы топқа бөліну.</p>	<p><b>Бейне-таспа</b></p>
<p><b>С а б а қ ортасы</b>  <b>8 минут</b></p>	<p><b>1-тапсырма. Т/Ж.</b> «Күш атасы – Қажымұқан» мәтінін түсініп оқыңдар. <b>Стиль түрін анықтаңдар.</b> «Қазына іздеу жолында» әдісі бойынша топтарға мәтін негізінде тірек сөздер таратылады. Білім алушылар тірек сөздерде жасырынған ақпаратты тауып, сөйлемдер құрастырады.</p>	

<p><i>Бағалау критерийі</i></p> <p><i>Оқушылар мәтінді түсініп оқиды.</i></p> <p><i>Стиль түрін анықтайды.</i></p> <p><i>Тірек сөздер бойынша сөйлемдер құрастырады.</i></p>	<p><i>Дескриптор</i></p> <p><i>Оқушылар мәтінді түсініп оқып, негізгі ақпаратты анықтай алады.</i></p> <p><i>Мәтіннің стилін ажырата алады.</i></p> <p><i>Тірек сөздерді мәтін деректерін п а й д а л а н ы п , с ө й л е м д е р құрастыра алады.</i></p>	<p>М.Жолшаева, Ғ.Отарбаева, Г.Нурманова 6-сыныпқа арналған «Қазақ тілі» оқулығы. Алматы: Мектеп, 2018. (184 бет.)</p> <p>6-сыныпқа арналған «Қазақ тілі» оқулығы. (118-бет)</p>
<p><b>Қалыптастырушы бағалау медальдар арқылы жүргізіледі.</b></p>		
<p><b>2-тапсырма. Ж.</b> Мәтін мазмұны бойынша жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай құрылымын сақтай отырып, мінездеме, өмірбаян құрастырып жазыңдар.</p>		
<p><i>Бағалау критерийі</i></p> <p><i>Мәтін мазмұны бойынша жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай құрылымын сақтайды.</i></p> <p><i>Мінездеме, өмірбаян құрастырады.</i></p>	<p><i>Дескриптор</i></p> <p><i>Мәтін мазмұны бойынша жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай құрылымын сақтай алады.</i></p> <p><i>Мінездеме, өмірбаян құрастыра біледі.</i></p>	

7 минут	<p><b>Қ а л ы п т а с т ы р у ш ы</b> бағалау медальдар арқылы жүргізіледі.</p> <p><b>3-тапсырма.</b> Етістіктерді қоржындарға бөліп салыңдар.</p> <p>Өткізілді, салысты, белдесті, сұрасты, жинасты, орнатылды, тұрғызылды, бекітілді, айтысты, берілді деген сөздер гир астына жасырылған. Аталған етістіктерді ортақ етіс пен ырықсыз етіс қоржындарына бөліп салыңдар.</p>					
2 минут	<table border="1" data-bbox="264 612 672 808"> <tr> <td data-bbox="264 612 470 665"><i>Бағалау критерийі</i></td> <td data-bbox="470 612 672 665"><i>Дескриптор</i></td> </tr> <tr> <td data-bbox="264 665 470 808"><i>Етістерді ажыратып табады.</i></td> <td data-bbox="470 665 672 808"><i>Ортақ етісті таба алады; Ырықсыз етісті анықтай алады.</i></td> </tr> </table> <p><b>Қалыптастырушы бағалау медальдар арқылы жүргізіледі.</b></p> <p><b>Сергіту сәті.</b> «Ұшты, ұшты» ойыны.</p> <p><i>Ұшты, ұшты палуан ұшты, Ұшты, ұшты мектеп ұшты. Ұшты, ұшты медаль ұшты, Ұшты, ұшты ұшақ ұшты.</i></p>	<i>Бағалау критерийі</i>	<i>Дескриптор</i>	<i>Етістерді ажыратып табады.</i>	<i>Ортақ етісті таба алады; Ырықсыз етісті анықтай алады.</i>	
<i>Бағалау критерийі</i>	<i>Дескриптор</i>					
<i>Етістерді ажыратып табады.</i>	<i>Ортақ етісті таба алады; Ырықсыз етісті анықтай алады.</i>					
Сабақ соны 5 минут	<p><b>4-тапсырма.</b> Ж. «Бір сөйлеммен түйінде» әдісі.</p> <p><b>Тақырыпты түйіндейтін бір сөйлем жазу арқылы сабақты қорытындылау.</b></p>					

	<table border="1" data-bbox="1205 120 1711 249"> <tr> <td data-bbox="1205 120 1460 158"><i>Бағалау критерийі</i></td> <td data-bbox="1460 120 1711 158"><i>Дескриптор</i></td> </tr> <tr> <td data-bbox="1205 158 1460 249"><i>Тақырыпты түйіндейтін бір сөйлем жазады.</i></td> <td data-bbox="1460 158 1711 249"><i>Тақырыпты түйіндейтін нақты бір сөйлем жаза алады.</i></td> </tr> </table> <p><b>Қалыптастырушы бағалау медальдар арқылы жүргізіледі.</b></p>	<i>Бағалау критерийі</i>	<i>Дескриптор</i>	<i>Тақырыпты түйіндейтін бір сөйлем жазады.</i>	<i>Тақырыпты түйіндейтін нақты бір сөйлем жаза алады.</i>	
<i>Бағалау критерийі</i>	<i>Дескриптор</i>					
<i>Тақырыпты түйіндейтін бір сөйлем жазады.</i>	<i>Тақырыпты түйіндейтін нақты бір сөйлем жаза алады.</i>					
3 мин.	<p><b>Кері байланыс: Жетістік баспалдағы</b></p> 					
<b>ҚОСЫМША АҚПАРАТ</b>						
<p><b>Саралау</b> – Сіз қосымша көмек көрсетуді қалай жоспарлайсыз? Сіз қабілеті жоғары оқушыларға тапсырманы күрделендіруді қалай жоспарлайсыз?</p>	<p><b>Бағалау</b> – оқушылардың үйренгенін тексеруді қалай жоспарлайсыз?</p>	<p><b>Пәнаралық байланыс</b> – денсаулық және қауіпсіздік, АКТ-мен байланыс, құндылықтармен байланыс.</p>				
Білім алушыларға тапсырмаларды	Қалыптастырушы бағалау	Пәнаралық байланыс-				

орындау кезінде ұсыныстар беру арқылы қолдау көрсетіледі. Қабілеті жоғары білім алушыларға шығармашылық деңгейдегі тапсырмалар беру арқылы топта көшбасшылық жасап, өз сыныптас-тарына үйрету міндеттеледі.	арқылы білім алушылардың оқу мақсатына қаншалықты жеткені анықталады. Сондықтан берілген критерийлерді, нақты дескрипторлардың басшылыққа ала отырып, білім алушылар өзін-өзі, бірін-бірі бағалайды. Қалыптас-тырушы бағалау медальдар арқылы жүргізіледі.	«Қазақстан тарихы», «Өзін-өзі тану» пәндері. «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясының тұғыры – тарихтың, мәдениет пен тілдің біртұтастығы арқылы білім алушылардың ұлттық құндылықтарға құрметке, өзара ынтымақтастыққа, қазақстандық патриотизмге, азаматтық жауапкершілікке тәрбиелеу.
---	--	--

<b>Рефлексия</b> Сабақ /оқу мақсаттары шынайы ма? Бүгін оқушылар не білді? Сыныптағы ахуал қандай болды? Мен жоспарлаған саралау шаралары тиімді болды ма?	Оқу мақсаттарына негізделген сабақ мақсаттары шынайы жасалады. Білім алушылар Қ. Мұңайтпасұлы туралы мәлімет ала отырып, етістер туралы толық білді. Жоспарланған саралау тапсырмалары тиімді болады, өйткені білім алушылардың мүмкіндіктері, қажеттіліктері
--	---

Мен берілген уақыт ішінде үлгердім бе? Мен өз жоспарыма қандай түзетулер енгіздім және неліктен?	ескеріледі. Сыныпта білім алушылар оқу үрдісіне белсенді қатысып, үйлесімді, жақсы ахуал тудыра алады. Берілген уақыт ішінде тапсырмалар орындалып үлгеретіндіктен жоспарға түзетулер енгізілмейді.
---	--


<p><b>Қорытынды бағамдау</b> <b>Қандай екі нәрсе табысты болды (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)?</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Мәтінге сүйеніп, «Қазына іздеу жолында» әдісі нәтижелі болады.</li> <li>2. Қоржындарға гир астына жасырылған етістерді ажыратып салу табысты өтеді.</li> </ol> <p><b>Қандай нәрсе сабақты жақсартта алды (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)?</b></p> <p>Қ. Мұңайтпасұлы туралы таныстырылым жасау сабақты жақсартта алады.</p> <p>Сабақ барысында мен сынып немесе жекелеген білім алушылар туралы менің келесі сабағымды жетілдіруге көмектесетін не білдім?</p> <p>Топтық және жеке жұмыстарды ұйымдастыруда саралау тапсырмаларының нақтылығына назар аудару қажеттілігін білдім.</p>
---

**Б. Ш. ТАТАХАНОВА,**  
**А.Тайманов атындағы №34МГ.**  
 Батыс Қазақстан облысы,  
 Орал қаласы


## АТА-БАБАНЫҢ АСЫЛ АРМАНЫ НЕ?

<b>Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары</b>	9.2.3.1 мақала құрылымы мен рәсімделуі арқылы жанрлық ерекшеліктерін ажырату; 9.4.1.1 мәнмәтін бойынша тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазу, құндылықтардың мәнін ашу.
<b>Сабақ мақсаты:</b>	Мақала құрылымы мен рәсімдеуі арқылы жанрлық ерекшеліктерін ажыратады. Мәнмәтін бойынша тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазады Мәнмәтін бойынша құндылықтардың мәнін ашады.
<b>Бағалау критерийлері</b>	Мақала құрылымы мен рәсімделуі арқылы жанрлық ерекшеліктерін ажыратады. Құндылықтардың мәнін ашып, орфографиялық нормаға сай хат, үндеу, әңгіме, жолдау жазады.
<b>Ойлау деңгейі:</b>	Талдау, бағалау.
<b>Тілдік мақсат</b>	<i>Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер: Мәңгілік ел, құндылық, тәуелсіздік.</i>

	<i>Талқылауға арналған сұрақтар:</i> – Қазақ тілі туралы қандай мәлімет алдың? – Ана тілі мәңгілік тіл боу үшін, сен не істейсің, қандай үлес қосасың?	
<b>Құндылықтарға баулу</b>	Туған жерге, ана тілге сүйіспеншілік	
<b>Пәнаралық байланыс</b>	Қазақстан тарихы	
<b>А К Т қ о л д а н у дағдылары</b>	Интербелсенді тақта, плакат, слайд.	
<b>Тақырып бойынша алдыңғы білім</b>	Мәңгілік ел	
<b>Сабақ барысы</b>		
<b>Сабақтың жоспарланған кезеңдері</b>	<b>Сабақтағы жоспарланған жаттығу түрлері</b>	<b>Ресурстар</b>
<b>Сабақтың басы</b> 5 мин.	<b>1. Ширату жаттығуы:</b> «Поэзия минуты» <i>Сенің әрбір тынысыңмен күн кешем, Сен арқылы тіршілікпен тілдесем.</i>	
<b>1 мин.</b>	<i>Ел бетіне қалай түзу қараймын,</i>	

	<p><i>Ана тілім, Егер сені білмесем.</i></p> <p><b>Н.Айтөв</b></p> <p><b>2. «Болжау әдісі»</b></p> <p>- Өлең жолдарынан қандай ой түйдіңдер?</p> <p>- Перзенттік борыш деген не?</p> <p><b>ҚБ:</b> Мұғалімнің мадақтау сөздері Жарайсындар! Өте жақсы! Керемет!</p> 	
<p><b>6 мин.</b></p> <p><b>Сабақтың ортасы</b></p> <p><b>15 мин.</b></p>	<p><b>Үй жұмысын тексеру және бекіту (Челендж)</b></p> <p>Ж. өзінің атақты – «Мен қазақпын» деп аталатын поэмасымен қазақ әдебиетінің ірі тұлғасына айналған, отансүйгіштік жырларымен халық жүрегінен орын алған ақын. Қазақ халқының ұлттық ерекшеліктерін ашуда оның ерлік дәстүрді, туған жер мен ел, ол байлығын, адамдары жайлы асқақтата көркемдеп жырлай білді. Өзінің қазақ екенін ерекше шабытпен жырлауы-оның ерлігінің бір көрінісі. «Қазақ болу – зор бақыт» деген өлең</p>	

	<p>жолдары бүгінгі «егемендікті» жыр еткендей әсерге бөлейді. Ақын болашаққа сенеді. Биыл жерлес ақынымызға 100 жыл.</p> <p><b>Тыңдалым:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>* Қазақ тілі туралы қандай мәлімет алдың?</li> <li>* Мәтіндегі оймен келісесің бе?</li> <li>* Ана тіліміз мәңгілік тіл болу үшін сен не істейсің, қандай үлес қосасың?</li> <li>* Ата-ана арманы, менің арманым (жеке жұмыс)</li> </ul> <p><b>Топқа бөлу:</b> 1/1, 1/2, 1/3, 1/4</p> <p><b>Оқылым: Мәтінмен жұмыс:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>* Мәтінді оқып, мақсатын анықтау;</li> <li>* Жолдау кімдерге арналған;</li> <li>* «Өз жұмыс орындарыңда отырып атсалысыңдар» дегенді қалай түсіндіңдер?</li> </ul> <p><b>Жұптық жұмыс:</b></p> <p><b>1-7-жұп «Шиыршық» әдісі</b></p> <p><b>8-9-жұп «Ретін тап» әдісі</b></p> <p><b>10-12-жұп «Түйінді ой» әдісі</b></p> <p><b>Дескриптор:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Мәтінді оқиды, мақсатын анықтайды</li> <li>- Сұрақтарға жауап береді.</li> </ul> <p>(Саралау. Тапсырма әдісі бойынша тапсырмалар жеңілден күрделіге қарай беріледі.)</p>	
--	---	--

	<p><b>Жазылым. Т/Ж:</b>Негізгі төрт құндылық.</p> <p><b>I топ. Адалдық (хат)</b></p> <p><b>II топ. Парасаттылық (үндеу)</b></p> <p><b>III топ. Әділдік (әңгіме)</b></p> <p><b>IV топ. Сенім (жолдау)</b></p> <p><b>Бағалау критерийі:</b></p> <p>Мақала құрылымы мен рәсімделуі арқылы жанрлық ерекшеліктерін ажыратып жазу.</p> <p>Құндылықтардың мәнін ашып, орфографиялық нормаға сай хат, үндеу, әңгіме, жолдау жазу.</p> <p><b>Топта үздік шыққан жұмысты</b></p> <p><b>«Автор орындығында» оқиды.</b></p> <p><b>Қорытынды: «Бес жолды өлең» «Мәңгілік ел»</b></p> <p><b>1. Не?</b></p> <p><b>2. Қандай?</b></p> <p><b>3. Не істейді?</b></p> <p><b>4. Синоним</b></p> <p><b>5. Сөйлем</b></p> <p><b>Кері байланыс: «Арман ағашы»</b></p> <p>* Қандай ой пайда болды?</p> <p>* Не сезіндім?</p> <p>* Не ұнады?</p>	<p><b>ҚБ:</b> «Екі жұлдыз, бір тілек» әдісімен бір-бірін бағалайды.</p>
<p><b>3 мин.</b></p>		 <p><b>Рефлексия</b></p>

**Кітапхана тынысы**

**Т. ТІЛЕУЛЕСОВ,**  
**ҚР Журналистер Одағының мүшесі,**  
**С.Бәйішев атындағы**  
**Ақтөбе облыстық**  
**әмбебап ғылыми кітапханасы.**

**ХАЛЫҚАРАЛЫҚ**  
**КІТАП СЫЙЛАУ**  
**МЕРЕКЕСІ**

С.Бәйішев атындағы Ақтөбе облыстық әмбебап ғылыми



кітапханасының «Коворкинг» орталығында 14 ақпан – Халықаралық кітап сыйлау күніне орай ұйымдастырылған «Кітапханаға кітап сыйла» акциясы өтті.

Негізі халықаралық мерекелер біріккен ұлттар ұйымының немесе халықаралық ұйымдардың қаулысымен бекітіледі.

Бірақ бұл мерекеге ешқандай белді мекеменің іс-әрекеті себеп болмаған.

Халықаралық кітап сыйлау мерекесі 2012 жылдан бері американдық Эмми Бродмурдың бастамасымен халықаралық деңгейде



тойланып келеді. Эмми Бродмур

– әлеуметтік желінің белсенді қолданушысы, блогер әрі 3 баланың анасы. Бір ұлы Эммиге дәл осы күні "неге адамдар бір-біріне ешқандай себепсіз кітап сыйлайтын күн жоқ?" деген сауал қояды. Ешқандай жауап таба алмаған Эмми осы күнді кітап сыйлау күні деп белгілеп, әлеуметтік желі арқылы мерекенің танымалдылығын арттыра бастайды. Нәтижесіне Мереке – халықаралық деңгейге дейін жетті.

Облыстық кітапхана ұжымы бұл мерекені ерекше өткізуімен көзге түсті.

Ақтөбе облыстық телеарнасының «Қайырлы Таң» бағдарламасына сұхбат беруден бастап, «Мейірім» жастарды



әлеуметтік бейімдеу орталығына, №68 Ж.Тәшенов атындағы ЖОББМ мектепке кітаптарды сыйға берумен жалғасты.

№15 қоғамдық көлігінде кітапханашылар және облыстық Жастар ресурсының еріктілері

жолаушыларға жаднама таратып, мереке туралы ақпарат берді.

Кітапхана фойесінде «Сыйға берген кітаптар», «Қолтаңбасы бар кітап» тақырыптық кітап көрмесі ұйымдастырылды.

Ақтөбе облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының бас маманы Н. Демешова құттықтау сөз сөйлеп, өткізіліп жатқан шараға қолдау білдіріп, кітапхана ұжымы мен кітап жанашырларына алғысын білдірді.

Өткізілген шараға Мемлекет және қоғам қайраткері, «Ақтөбе қаласының Құрметті азаматы», Философия ғылымының докторы, профессор Айталы Амангелді

Әбдірахманұлы, «Құрмет» орденінің иегері, «Адырна» журналының бас редакторы, ақын Мейірхан Ақдәулетұлы, ҚР мәдениет қайраткері, сатирик Нұрлыбек Жұбатқан, жазушы Мәди Раимов, Облыстық жастар ресурстық орталығы, Т.Ахтанов атындағы кітап үйі, «Студент» дүкені басшылары мен қызметкерлері, өздерінің жеке кітапханасындағы құнды кітаптарын сыйға берді.



Сонымен қатар Ақтөбе облыстық мамандандырылған «Білім-инновация» лицей-интернатының жоғары сынып оқушылары, Ақтөбе көлік, коммуникация және жаңа технология колледжінің студенттері қатысып, мерекелік шарадан мол әсер алғандарын білдірді. Кітапхана қызметкері, ақын Балагүл Бакиева оқырмандарға жырдан шашу шашты. Мерекеге белсене қатысқан оқырмандарды кітапхана басшысы Қошабаева Бақтылы алғыс хаттармен марапаттады.

Тағы бір айта кететін нәрсе, 2019 жылы оқырмандар тарапынан кітапханаға 1300 дана кітап сыйға берілген екен, оның ішінде газет-журналдар да бар. Көп данамен келген кітаптар болса, аудандық кітапханаларға таратылады.

«Кітап – білім бұлағы» десек, кітап арқылы адамның дүние танымы кеңейіп, ішкі дүниесі тазарады. Баршамыз кітап оқып, оқыған кітабымызды жастарға насихаттап жүрейік...



**А.К. ДЖАЛИМОВА,**  
**Орал калалық №5 кітапхана-коворкинг**  
**орталығының кітапханашысы.**  
Батыс Қазақстан облысы,  
Орал қаласы.

## ПОЭЗИЯ ӘЛЕМІНДЕ

*Қадыр Мырза Али – сөздің сәйгүлігі, ойдың озарманы.  
Жеке бастың дара мұнынан бастап, қым-қиғаш халықаралық  
қайшылықтарға шейін қысылмай, қымтырылмай еркін жырлай  
алады.*

**Зейнолла Қабдолов.**

Ақын, Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі, Қазақстан Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Қазақстанның Халық жазушысы, «Тарлан» сыйлығының иегері Қадыр Мырза Али 1935 жылы Батыс Қазақстан облысының Сырым ауданы, Жымпиты ауылында дүниеге келген. 1958 жылы Қазақ Мемлекеттік университетінің филология факультетін, кейін аспирантурасын бітірген. 1958-62 жылдары республикалық балалар журналы



«Балдырғанда» әдеби қызметкер, кейін 1962-65 жылдары «Жұлдыз» журналында бөлім меңгерушісі, жауапты хатшы, бас редактордың орынбасары болып қызмет атқарды. Сондай-ақ, 1968-73 жылдары «Жазушы» баспасында поэзия редакциясының меңгерушісі

болды. Ал 1973 жылдан Қазақстан Жазушылар одағы поэзия секциясының меңгерушісі.

Ақынның алғашқы өлеңі 1954 жылы республикалық «Пионер» журналында жарияланған, ал тұңғыш өлеңдер жинағы «Көктем» 1959 жылы жарыққа шықты. Содан бергі уақыт ішінде оның елуден астам поэзиялық, прозалық, сондай-ақ, әдеби-сын кітаптары жарық көрді, өлеңдері мен шығармашылығы мектеп оқулықтарына енді.

Қадыр Мырза Әлидің әнге арнап жазылған өлеңдері 200-ден

астам. Олардың көбі халыққа кең тарап, «Үндер-ай!» атты жеке кітап ретінде басылып шықты.

Талантты ақын қаламынан халық фольклорының атақты күлдіргі кейіпкері Алдар Көсе туралы «Сақал саудасы», «Қасқыр қақпан» атты сатиралық комедия мен Махамбеттің ең соңғы азапты күндеріне арналған «Жаралы жолбарыс» атты драмалық шығармалар да туды.



Сондай-ақ, Қадыр Мырза Али – Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұранды жазуға қатысқан авторлардың бірі. Көркем аударма саласында да жемісті еңбек етті.

Жерлес ақын, поэзия Пайғамбары, публицист, сыншы, драматург, есімін туған

халқының жүрегіне сұлу, сырлы өлеңдерімен өрнектеп жазып кеткен Қадыр Мырза Әлидің 85 жылдығына арналған өмірі мен шығармашылығын насихаттау мақсатында М.Горький атындағы Орал Орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің №5 кітапхана коворкинг орталығында «Даналық дариясының бір сағасы» атты әдеби-сазды кеші өткізілді.

Кешімізге зиялы қауым өкілдері Шолпан Батырқызы Қыдырғиязова, Сайлау Хамитұлы Сүлейменов, Қуанышбай Төлебайұлы Төлебаев және кітапханамыздың тұрақты оқырмандарымызбен көпсалалы «Болашақ» колледж студенттері қатысып, ақынның өмірбаяны, шығармашылығымен, қызықты оқиғаларымен бөлісті.

Шара барысында «Өз елім» әнімен ашылып, Нұрлыбек Азамат, Меңдіғали Бексұлтан, Ерсайын Саян, Губашева Анель, Төлеу Аяулым, Кайрушина Мейрамгүл, Сапарғалиева Сабина, Ұлғаным Ерғалиқызы өлеңдерін оқыса, Дүйсен Жұмахмет, Ғалымжан Жақан, Абатова Алина, Абулғазиева Жұпар, Тоғайбай Ерәлі, Жарасқызы Жансая, Алинур Хамзин ақынның сөзіне жазылған әндерін шырқады.

Шара соңында «Атамекен» әнімен қорытындылды.



**Бас редакторы – Гүлдәрі ТӨЛЕУҒАЗЫҚЫЗЫ.**

**“Қазақ тілі мен әдебиеті” –**  
ай сайын шығатын республикалық ғылыми-  
педагогикалық және әдістемелік журнал.

**Құрылтайшы және шығарушы:** «Қазақ тілі мен әдебиеті»  
және «Ұлағат» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

**Теріп, беттеген – Айнұр ХАБИДУЛЛАҚЫЗЫ.**

Қолжазба қайтарылмайды. Авторлардың мақалаларындағы ой-пікірлер редакцияның көзқарасын білдірмейді.

**Журнал** Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеліп, оған 2005 жылдың қыркүйек айының 14-і күні Бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы **№6266-ж Куәлігі** берілген.

Басуға 05.03. 2020 ж. қол қойылды. Пішімі – 84x108 1/32  
Офсеттік басылым. Әріп түрі – Times New Roman.

Шартты басылым табағы – 8.0.

Есептік баспа табағы – 7.68. Таралымы – 5000.

Бағасы – келісімді. **ИНДЕКСІ – 75746.**

**Мекен-жайымыз:** 050009, Алматы қаласы,

И.Каримов көшесі, 123-үй. Қарасай батыр қиылысы.

Бас редактордың қабылдау бөлмесі және  
бөлімдер.....268-32-48.

Факс.....243-15-53.

**Электрондық пошта:** Kazulagat@mail.ru.

**Журнал сайты:** www.kazhu.kz

**Басылатын жері** – ИП Әкімбаев

**ЕЖЕМЕСЯЧНЫЙ РЕСПУБЛИКАНСКИЙ  
НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ И МЕТОДИЧЕСКИЙ  
ЖУРНАЛ ТОВАРИЩЕСТВА С ОГРАНИЧЕННОЙ  
ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ «ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН  
ӘДЕБИЕТІ» ЖӘНЕ «ҰЛАҒАТ»**

© «Қазақ тілі мен әдебиеті», №3, 2020 ж., 144 бет, Алматы.